# ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРДЕСІ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80-жылдық мерейтойы құрметіне арналған студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары**

АЛМАТЫ -2014

әл - Фараби атындағы  Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология  факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық баспа кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған

ISBN 978-601-04-0539-4

Жас зерттеушілер зердесі. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті», 2014. - 256 бет.
Редакциясын басқарған тарих ғылымдарының докторы, профессор
О.Х. Мұхатова

Студенттер мен магистранттардың ғылыми мақалалар жинағына әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдығына арналған бірінші Фараби оқулары ауқымында өткізілген халықаралық форумда тарих, археология және этнология факультеті студенттерінің және магистранттарының, сонымен қатар «Тарих» емес мамандықтар бойынша білім алатын 1-курс студенттерінің үздік ғылыми мақалалары енгізілген. Ғылыми мақалалар дүние жүзі, Отан тарихы, тарихнама, деректану, мұрағаттану, құжаттанудың өзекті мәселелерін қозғайды. Жинақта жас ғалымдардың таңдап алған тақырыптары бойынша түйіткілдер ғылыми тұрғыда талданады. Жинаққа енген еңбек авторларының бірқатары өз зерттеулерін тұңғыш рет жариялап отырғандар. Жинақта мақалалар авторлары аты-жөндерін алфавиттік ретке қою түрінде берілген.

Жинақ студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, оқытушыларға және тарихқа, тарихнамаға, деректануға, мұрағаттануға, құжаттануға қызығушылық танытатын барша оқырмандарға арналады.

## АЛҒЫ СӨЗ

Жоғары оқу орнында бәсекелестікке қабілетті мамандардың даярланып отырған болашақ маманның толыққанды жоғары білікті, өз ісінің білгірі болып қалыптасуы көп нәрсеге байланысты. Ең алдымен ол білім беруге, оның сапасына, екіншіден, болашақ маманның өз бетінше ізденуіне байланысты. Себебі белгілі бір саланың бакалавры немесе магистрі ой-өрісі және ойлау мәдениеті жетілген жоғары білімді тұлға ғана емес, қоғамдық пікірлер, дәстүр, салттар, қоғамдық нормалар негізінде бағытталған әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білу және өзінің кәсіби қызметінде олардан хабардар, менеджмент, маркетинг, финанс т.б. туралы ғылыми түсінігі бар, өзінің кәсіби қызметін жүргізуге қажетті терең, әрі жүйелі білімді меңгерген маман болуы тис. Заманауи мамандарды даярлауда тарих арқылы тәрбиелеу де өзекті болып саналады. Тарих арқылы тәрбиелеудің жолдарының бірі - студенттердің өздерін ізденіс жұмыстарына тарту. Тарихты біліп қана қоймай оның ашылмаған беттерін жастардың қызығушылығын арттыру арқылы зерттеп, зерделеудің маңызы зор. Әл-Фараби атынидағы Қазақ ұлттық университеті зерттеу университетіне бағыт ұстаған тұста студенттер мен магистранттарды ғылыми ізденістерге тарту өзгеше сипатқа ие болған. Болония үдерісі қағидаларының бірі білімнің сапасын арттыру болып табылады. Осы бағытта университетте білім мен ғылымды ұштастыру шараларына ерекше назар аударылған. Бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау ісінде жүктің ауыр жағы өзіне түсетінін байқаған ҚазҰУ ғылыми зерттеулерді жүргізудің қажеттілігін терең ұғынуда. Мамандардың кәсіби біліктілігі мен ғылымды дамыту үшін жалпы білім беру жүйесінде атқарылар қыруар жұмыстың басы жоғары оқу орындарында түйіседі. Сондықтан да жаңа технологияларды меңгеру тек сапалы білім берумен шектелмеуі тиіс. Ол пәнаралық байланыстардағы ғылыми зерттеулерді жүргізумен ұштасуы қажет. Университеттер, әсіресе ұлттық жоғары оқу орындары әртүрлі деңгейдегі ғылыми зерттеу орталықтарына айналуын еліміздегі экономикалық, әлеуметтік-саяси жағдай талап етір отыр. Университеттерде ғылыми зерттеу орталықтары

мен зертханалары көп болған сайын олардың жұмыс нәтижелері сапалы білім беруге, бәсекелестікке қабілетті маман дайындаудың деңгейіне де ықпал етері сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде ҚазҰУ-да ғылыми орталықтардың қатары университеттің 2015 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес көбейген. Жастардың ғылыми жұмыстармен айналысуына алғышарттар жасалған. Төл тарих пен мәдениетті, салт-дәстүрді жаңғырту, қайта түлету бағытында іс-шараларға да орын берілген. Студенттік үйірмелер, мен клубтардың жұмыс бағыт-бағдарлары айқындалған. Білім ордасы халықаралық деңгейге көтерілуде оқыту мен ғылыми зерттеулер жүргізудің заманауи технологияларын меңгеруді және ғылым мен білімді ұштастыруды, олардың қорытындыларын тәжірибеде пайдалануды, басты міндеттерінің бірі ретінде санайды. Жыл сайын студенттер мен магистранттардың ғылыми халықаралық форумы өткізіледі. Биылғы жылы қара шаңырақта тұңғыш рет Фараби оқулары өткізілді. Дәстүрлі форум осы оқулар ауқымында үш күндік ғылыми және зияткерлік байқау, сайыс түрінде өрістеді. Тарих, археология және этнология факультетінде 11 секция жұмыс істеп, барлығы 350 ғылыми баяндама жасалды.

Ұсынылып отырған жинаққа сол баяндамалардың ең үздік деп танылғандары енгізіліп отыр. Мақалалар дүние жүзі және Қазақстан тарихының өзекті мәселелерімен қатар тарихнама, деректану, мұрағаттану және құжаттану ғылым салаларының өзекті мәселелерін қамтиды. Зерттеу тақырыптарының көпшілігі бұрын-соңды қарастырыла бермеген, тың мәселелер болып саналады. Жас ғалымдардың еңбектерінен тарихи, тарихнамалық және деректанулық фактілермен қатар өз көзқарастары мен пікірлері және тұжырымдары орын алған. Осы орайда айта кетерлік жайт, факультетте соңғы төрт жылда «Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығы егемен елдің мұрағаттары және түрлі мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдарына қажетті мұрағатшылар мен құжаттанушыларды даярлауды сәтті жүзеге асырып келеді. Ғылыми топтамаға аталмыш мамандықтың бірқатар студенттері мен магистранттарының еңбектері енгізілді. Әсіресе 4-курс студенті Жалғас Кайратулының «әл-Фараби атындағы Қазаз ұлттық университеті құжат айналымының ақпараттануы», 3-курс студенттері Әйгерім Қапсұлтанованың, Ақерке Сламжанованың, Әйгерім Бүркітованың, Мухаббат Юсупованың «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құжаттамалық қызметі», Мұсажан Абақов, Аида Жүнісбаева, Жантемір Қалышбаевтың «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ведомстволық мұрағатының автоматтандырылуы» тақырыптарындағы мақалалары атап көрсетуге лайықты. Жас зерттеушілердің өзекті мәселелерге арналған мақалалары республиканың білім беру жүйесіндегі көшбасшының құжаттар, құжаттама жүргізу, оларды мұрағатта сақтау тәрізді тәжірибесін ғылыми түрде зерттеп, баршаға ұсынып отыр. Мұндай еңбектер тұңғыш рет дайындалып, жарияланымға ұсынылды. Бұлардан өзге «Тарих» емес, соның ішінде «Халықаралық қатынастар», «Биология және биотехнология» мамандықтары бойынша білім алатын 1-курс студенттерінің Қазақстан тарихының мәселелеріне қатысты мақалалары олардың төл тарихына қызығушылығын, елі мен жерінің өткенін құрметтейтіндіктерін дәйектейді. Бірінші курс студенттерінің зерттеу

жұмыстарының нәтижелері ретінде ғылыми мақала дайындаулары құптарлық, әрі болашағынан зор үміт күттіретін жайт.

Ұсынылып отырған жинақ та соңғы жылдары алғаш рет қолға алынып, жарияланып отыр. Ғылымға бет бұрған жастардың қатары көбейген сайын отандық ғылым алға қарқынды дамып, оның әлеуеті арта түсері сөзсіз.

Тарих ғылымдарының докторы тарих, археология және этнология факультеті дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры Оразгүл Хасенқызы Мұхатова

**Көне түрік дәуірінің соғды тілді ескерткіштері**

Арман Әубәкір –
2 - курс магистранты

Көне түрік дәуірінде соғды тілді біршама ескерткіштер мен деректер бар. Оның себебі соғды тектестер түрік, қытай, парсы, византия аралығындағы сауда тораптарындағы саудагер отырықшы қауым болды, манихей мен будда дінін ұстанушы әрі таратушы семит тектес жазуды қолданған халық болды. Сондықтан да Түрік Елінің алғашқы қағандары ішінде соғдылықтармен ұдайы саяси-экономикалық қарым-қатынастары орнатқандары, әсіресе соғдылықтарды сауда-саттық қатынастарға жиі пайдаланған тұстары да баршылық. Демек, түріктер мен соғдылықтар арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарымен қатар көне соғды жазуы да кеңінен қолданылған.

***Татпар қаған ғұрытық кешені.*** *Екі тілді ескерткіш тас. Бітіктастың үш қапталында көне соғды жазулы (29 жол), ал төртінші қапталында брахми-санкскрит (30 жол) жазулы. Бітіктас: 198 х70 х-20 см. Тасбақа тұғыры : 92,5 х 58,5х 63 см. Бітіктастың үстіңгі тұсында жалын кұжірейтіп басын иіп шапқалы тұрған бөрінің бейнесі бедерленіп бәдізделген. Кешен құрамында кұмбез, бітіктас, тас үйінді және балбалдар (258-276 дана) бар. Аталмыш ғұрыптық кешен 1956 ж. анықталынған, Моңғолия, Арханғай аймағы, Бұғыт (Их тамир) сұмынынан 10 км батыста орналасқан.*

*Татпар қаған 571-582 жылдары тақта отырып, билік жүргізген. Бұл дәуірде Түрік Елі манжұрия, эфталиттерді бағындырған, византия, сасанид, қытай-табғач мемлекеттерімен саяси-дипломатиялық қатынас орнатып, олардан алым-салық алып тұрған «жібек жолындағы» құдыретті империяға айналды.*

**Татпар қаған бітіктасының қазақша аудармасы.** (Ютака Йошиданың жапонша, ағылшынша аудармасы негізінде).

B-1

<B-1: 1-3> Бұны (жарлықты ескерткіш тасты) Түрік ачына руының қағандары орнатты ... Мұқан қағанның Йарұқа ағасы Ниуар қаған ... Ұрқұпар Чұрачұ Маға

Татпар қаған үшін ... жасаған кезінде ...
<B-1: 3-4> Тәңірден жаралған Мұқан қаған және Тәңірден жаралған Маға Татпар қаған шығыстан батысқа дейінгі жұмыр жерді билік етті.
<B-1: 5~B: 2: 1> ....... содан кейін, ол болған, Тәңірден жаралған Мұ (+қан қаған) ... ол да Тәңірге қарай қайтты.
B-2
<B-2: 2-5> Сөйтіп..... қарай ....... Маға Тат(+пар қағанның тегін)+ дері, шад апаттары , тархандары, құрықпандары , тұдұндары ... дары .... (Татпар қағанға бұй депті): «Сенің ағаң болған Мұқан қаған қайтыс болды. Ол ... жеті жұртты (әлемді) биледі, халықты бай қылды ... Қазір сен де тағы Тәңірден жаралған Маға Татпар қаған да (билеуші болып, сөйтіп) жеті жұртты билеп, халықты бай қылып... » ....
<B-2: 5-7> Сөйтіп, Тәнірден жаралған Маға Татпар (қаған) да ... ақыл кеңес тыңдап, қоян ж. қаған болды. Содан 11 жыл билік (құрды) . (Оның) денесі .... Тәңірге қарай қайтты ...
<B-2: 7-9> Содан кейін, шад апаттары, тар(+хандары), құрықпандары, .............жасады. Сонда Маға Ұмна қағанды таққа отырғызды
<B2: 9-10> (Маға Ұмна) қаған (өзінің) әкесі Маға Татпар қаған үшін өте үлкен ..........істерін жасауды бұйрық етті. Сонымен қатар тағы ұлық (жарлықты ескерткіш тасты) орнатуды бұйрық етті.
<B-2: 10-14> (Жарлықты ескерткіш тас) ..... орнату кезінде Тәңірден жаралған Маға Татпар қағанның тегіндері де, немерелері де, шөберелері де, ... шад апаттары да, құрықпандары да, туған-туыстары да, халқы да ... (оған) ... атқа мінер жауынгерлер барлығы 7 күн .... жасаған кезде ... ол..... өлтірді.
<B-2: 14-16> Содан кейін Тәңірде жаралған ........оған (жарлықты ескерткіш тасты?) орнатуды бұйрық етті. Екі билеуші .... жасаған кезінде ... етті.... жоғары тарапқа қуалай жөнелді.
<B-2: 16-18> Сонда ... ол .... – ны ұстады. Сөйтіп ...... –ның ж. Маға ....(қаған) ....(ол)..... бірге басқа барлығын ұстады.
<B-2: 18-19> ... Содан кейін ..... екі қаған ..... Маға....
B-3
<B-3: 1> ... құдыретті байлық мүліктің (ол ырым жорасын жасап). Одан кейін..
<B-3: 2> ... сол ж. құдыретті байлық мүлкіне арналған ырым жора жасап
<B-3: 3> (Сөйтіп) .......жетіп .....кісі болды..... хан иеміз (Маға ..)
<B-3: 4>... нің күні ... (жарлықты ескерткіш тасты) .........Ұ.......на Ері Маға
<B-3: 5> ... ... ........................................................

***Нири қаған ғұрыптық кешені***. *Көне соғды тілді ескерткіш. Қызғылт сұр граниттен жасалынған бәдіздің ( 230 х 30х50 х 35 см) алдыңғы етек тұсында көне соғды 20 жол мәтін қашалған. Бәдіздің басында бөрік бар, оның маңдай тұсында тәж қашалған. Оң қолымен кеуде тұсына ыдыс, сол қолымен кемер белдікті ұстаған. Бөріктен бәдіздің арқа тұсында онға жуық шаш бұрымдары бейнеленген. Ғұрыпты кешен мен бәдіз 1953 ж. табылған, ҚХР, ШҰАР, Іле Қазақ автономиялы облысына қарасты «Моңғолкүре» ауданы орталығынан оңтүстік-шығыста 5 км жердегі Кішіқонақай деген жазықта орналасқан. Сонымен қатар бәдіз бен оның басқа да археологиялық материалдары*

*жайында толық мәлімет жоқ. Нири қаған Мұқан қағанның немересі. Нири қаған 587-599 жж. аралығында 12 жыл билік құрған. «Нири» қағанды жерлеу рәсімі 599 жылы болған делінеді.*

Бәдіздің төменгі тұсында 13 (20?) жол соғды жазулы мәтінінен 8 жолы үздік-үздік қана сақталынған. Басқа жолдары толық зерттелмеген. Бәдіздегі көне соғдыша мәтіні (Такаши Осаваның аудармасы бойынша):

« 1. ...
2. ctß'r kyr'n γrβ...
3. γry'... h...t rty 21 srδ 'xš'wnh ...
4. δ'r rty 6 m'x 'myδ... pr ...
5. s'r p'w' ... t rty 26 srδ pšys'r
6. mwx'n x'γ'n npyšn ßγy ...p'y **nry x'γ'n**
7. ... srdw mz'yx x''n β'y m .. γa'li'ya »

Қазақша мағынасы: «... төрт тараптарға, көптеген ... тауларда ... жиырма бір жыл қағандық құрған... алты ай бойы ... ...одан кейін жиырма алты жыл ...Мұқан қағанның немересі ... Нири қаған ұлық қаған болып, ....жылдан соң ...» [Osawa, 2003].

**Түрік елінің батыс қанаты дәуіріндегі көне соғды жазулы тиындары (йабғұ, тегін, тұдұн ақшалары).** Түрік Елінің қағаны Бұмынның інісі Естемі қаған Батыс Түрік қанатын 553 жылдары билік етті. Естемідің атағы «йабғұ» немесе «йабғұ қаған» деп аталды. Демек Батыс Түрік қанатын билеушіні осылайша атаған. «Синь Таншу» («Батыс Туцзюе баяны»): «Батыс Туцзюенің арғы атасы – Недулудың немересі Ту-у еді. Ол «Да-еху» (ұлы йабғұ) деп аталды. Оның тұңғыш ұлы Тумень Или ке хань болатын, екінші ұлының аты Шидяньми делінеді. Оның аты Седими деп те аталды. Седими қағанның ұлы Датоу (тардұ, тардұш) қаған еді, оның аты Буцзя (Бицзя-білге) қаған деп те аталды» дейді.

Аталмыш қағандар атынан және олардың тегіндері мен тұдұндары атынан шығарылып тұрған тиындар қазіргі Өзбекстан, Оңтүстік Қазақстан және Қырғызстаннан мол кездеседі.

Батыс Түрік қанаты өзінің қол астына Орта Азия, әсіресе, Шаш, Фергана, Уструшана, Соғды, Бұхара және Тохаристан жеке-жеке өңірлерді қаратқан соң, өздерінің жергілікті билеушілеріне аталмыш аумақтарды билетті. Демек, 580-590 жылдары Тардұ қаған (576-603 жж.) өзінің тегіндерін, Ел Арсланды Бұхара өңірін билетуге жөнелтті. Тағы бір ұлын Тохаристанды билетуге жіберді. Сондай-ақ, Шегуй қаған (611-618 жж.) және Тұн Йабғұ-қаған (618-630 жж.) өз ұлдары Шаш, Ферғана, Бұхара өңірлерін билетуге берді.

Тардұ қағанның тиындарындағы мәтіні:

Av: Қошқар мүйіз іспетті таңба мен көне соғды курсив жазулы мәтін: «trdw – тардұ»

Rv: орта тұсында көне соғды курсив жазулы мәтін: «γ'γ'n -қаған » және жиегінде нүктелі өрнектер.



Тарду қаған тиыны. Шаш (Ташкент) өңірі. Канкатепе
Мыс. Өлшемі- 1,6 см. Салмағы- 1,5 гр.

**Түргеш тиындары.** Түргеш мемлекеті. 699-766 жж. Көне түрік бітік тілінде türgeš-түргеш деп аталған. Көне түрік империясының (V-IX ғғ.) батыс қанаты аумағында құрылған түрік тілдес мемлекет. Батыс қанат, яғни, Он оқ елінің құрамында Орта Азия, Жоңғария, Шығыс Түркістан жері толығымен болатын. Мұнда «дулу, нушиби» тайпалар одақтары мекендеген. Жер аумағы Жетісу өңірі Іле, Шу, талас өзендері бойы, Шаш (Ташкент), Бешбалық, Тұрпан болды. Орталығы – Суяб, Баласағұн қаласы.

Түргеш қағандығы кезінде (690-756 жылдары) Тараз, Суяб қалаларында Таң патшалығының «кайюань тунбао» үлгісіндегі мыс тиындарға бейімдеп соғдылықтарға соқтырып шығарылған мыс тиындар. Бұл кезеңдерде Соғды, Кеш, Бұхара және басқа аумақтағы қала, қалашықтарда осы іспетті мыс тиындар ақша айналымында елеулі рөл атқарды. Түріктер мен соғдылықтар арасындағы сауда-саттық байланыстардың қарқынды жүрілгені, сондай-ақ қытайлықтармен де сауда тауар алмасу кеңінен болғандығын аталмыш мыс тиындар дәлелдеп отыр.



Түргеш тиындағы мәтіндері.

Аверс: соғды курсив жазуымен: “Βγy twrkys γ’γ’n pny – «Киелі Түргеш қағанның «пани»-ақшасы.

Реверс: садақ таңба.Таңбасы, жазуы және тиынның жиегі анық соғылған. Тиынның ортасында төртбұрыш тесігі бар.

---

1. Лившиц В.А., Кляшторный С.Г. Новая согдийская надпись из Монголии, предварительное сообщение // Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока V. Годичная научная сессия. ЛО ИВ АН. Л., 1969. С.

51-54; Лившиц В.А. Согдийская надпись из Бугута. ОУМЭ-ийн II их хурал.



1970.1 боть. Улаанбаатар. 1973. 243-250 х.; Кляшторный С.Г., Лившиц В.А. Согдийская надпись из Бугута // Страны и народы Востока. - М., 1971. - С.121-146; Sergey G. Klyashtorniy-Vladimir A.Livshits The sogdian Inscription of Bugut Revised // Acta Orientalia Academiae Hungaricae XXVI /1. 1972. pp. 69-102.
2. Yoshida Yutaka Sogdian Part of Bugut Inscription // Provisional report of researches on historical sites and inscriptions in Mongolia from 1996 to 1998 . Edited by Takao Moriyasu and Ayudai Ochir. The Society of Central Eurasian Studies, Toyonaka, Osaka University, 1999. pp. 122-124.
3. Ôsawa Takashi Aspects of the relationship between the ancient Turks and Sogdians -Based on a stone statue with Sogdian inscription in Xinjiang / Associate Professor of Osaka University of Foreign Studies, Japan / (http://www.transoxiana.org/Eran/Articles/osawa.html)
4. Бабаяров Г. Древнетюркские монеты Чачского оазиса (VI-VIII вв.н.э). – Ташкент, 2007. - 120 с.; www.zeno.ru.20688; 34619

**Автоматизация Ведомственного архива КазНУ им. Аль-Фараби**

Мусажан Абаков, Аида Жунисбаева, Жантимур Калышбаев - студенты 2 курса
Научный руководитель – к.и.н., доцент
Г.Т. Жакупова

Развитие информационных технологий в сфере ведомственного архива, является создание: собственного сайта и внутренней поисковой системы, внутриархивных баз данных, что приведет к усилению эффективной работы данного подразделения университета.

Сайт ведомственного архива университета будет, является средством обращения к большой аудитории, без приложения особых усилий, так как сайт - это источник подробной и самой необходимой информации о деятельности университета за 80 лет существования.

Цель исследования – внедрение базы данных (БД) описей и поисковой системы выпускников университета и разработка официального сайта ведомственного архива КазНУ им. Аль-Фараби.

Нами определено, что в нашем ведомственном архиве автоматизация архивного дела осуществляется с помощью программы DIRECTUM. Однако использование данной программы производится не в полной мере по причине ограниченности функционала. Вследствие этих факторов штату сотрудников приходится выполнять определенную работу вручную. Поэтому одной из проблем в работе персонала является отсутствие функции внутриархивной информационной системы в ведомственном архиве. К примеру, получая запрос из ректората о предоставлении информации, касательно личных дел студентов, преподавателей, архивистам ведомственного архива приходиться использовать различные НСА, для установления местонахождения запрошенных документов.

Эти процессы весьма трудоёмки и занимают длительное время, что естественно сказывается на качестве и скорости выполнения работ. К тому же, объем запросов не располагает к длительным ответам. Отвечая на запросы, сотрудники архива вынуждены прибегать к услугам других серверов и программ, таких как почта Mail.ru, Microsoft Outlook и т.п.

Анализируя деятельность ведомственного архива, можно установить основные проблемы, препятствующие работе всего учреждения. В нашем случае, нами было выявлено 2 проблемы, решение которых сводится к одному знаменателю.

Поиск запрошенной информации в основном, запросы касаются описей личных дел студентов и сотрудников ВУЗа (для того, чтобы установления принадлежности личности к ВУЗу). В силу отсутствия нужного программного обеспечения, данная работа проводиться вручную. Усугубляет положение тот факт, что, по информации, предоставленной руководителем архива, Алтынгуль, число сотрудников составляет всего 8 человек. А объем материалов ведомственного архива – 36850 единиц хранения. Естественно, процесс поиска какой-либо информации будет долгим и трудным, что, разумеется, не удовлетворяет ни одну, ни другую стороны.

Передача найденной информации. Казалось бы, простейшая функция – загрузить файл и отправить. Однако и в этом процессе возникают свои трудности. Мы убедились в этом наглядно, и оказалось, что программа DIRECTUM, которой пользуются в ведомственном архиве КазНУ, не обладает функциями необходимыми для внутриархивной работы.

Говоря об общем знаменателе в решении этих проблем, мы имели ввиду - создание единого программного обеспечения, который объединил бы в себе поиск и передачу информации. Предварительно посовещавшись с начальником архива и с нашим научным руководителем, мы остановились на идее создания офлайн Базы Данных, которая будет функционировать на территории КазНУ. Основными критериями Базы Данных должны являться простота в интерфейсе, доступность, офлайновый режим работы. Подготовительный этап в формировании БД – это наличие всех необходимых описей в электронном виде.




Поисковая система будет называться «Расширенная база данных описей личных дел», которая включает следующие позиции: номер описи, номер связки. Фамилия имя отчество. Поиск будет производиться по фамилии имени и отчеству. Можно узнать все личные дела, которые хранятся в отдельно взятой описи. Данные поиска по запросу можно отправлять по внутренней локальной сети. Именно такая внутриархивная поисковая система необходима для улучшения эффективности работы подразделения по запросам руководства университета и граждан. Исполнение запросов по документам является одной из форм деятельности архива.

Второй частью нашей работы является создание электронного сайта ведомственного архива. Создание сайта необходимо по причине того, что в архиве хранится большое множество автобиографий весьма интересных личностей, обучавшихся в нашем ВУЗе. Сайт будет базироваться на основном сайте университета. На сегодня по результатам обследования документов мы установили, что в архиве можно создать следующие базы данных:

- Выдающиеся деятели науки университета
- Участники Декабрьские события 1986 года
- Общественно-политические деятели Республики Казахстан – выпускники университета и т.д.

Структура сайта отражена на рисунке, включает историю архива, информацию о руководителях и о персонале, контактные данные, основные новости архива, электронные фонды и т.д.




Таким образом, получив заказ и зная специфику архивного дела, так как мы обучаемся по специальности «Архивоведение, документоведение и документационное обеспечение» мы будем принимать участие в разработке:

1. Поисковой системы - «Расширенная база данных описей личных дел»;
2. Сайта ведомственного архива

**Қазақ тілінде іс жүргізу: тарихы және проблемалары**

Балғын Жақсылық
1-курс студенті
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор О.Х. Мұхатова

Тіл-адамазат баласының басты құндылығы. Ұлттың, халықтың, қоғамның болмысын көрсететін құбылыс - тіл. Ол - еліміздің негізгі рәміздерінің бірі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстанда жасалатын әр құжат мемлекеттік тілде дайындалуы керек. Іс қағаздары – құжаттардың қоғамдағы рөлін, атқаратын қызметтерін көрсетеді. Іс қағаздарды дұрыс мемлекеттік тілде жүргізу, ел мәдениетінің көрсеткіші ғана емес, өркениетті қоғамның белгісі. Іс қағаздарын  адам күнделікті өмірді қолданады, мәселен, анықтама, хаттама, мінездеме, өмірбаян,  шарт және т.б.

1920 жылы қазақ жерінде автаномия құрылғаннан кейін, барлығы тек большевиктік партияға ғана бағынды[1]. Яғни осы жылдары басты тіл – орыс тілі болды. Қазақ тіліндегі іс жүргізуге тек Кеңес үкіметі кезіндегі 1920-30 жылдардағы «қазақтандыру» немесе «байырғыландыру» саясаты кезінде мән берілді[2]. Бұл саясат негізі тек қазақтарды «кеңестендіру» үшін ғана қажет болды. Осы «қазақтандыру» саясаты біріншіден іс жүргізуден басталды. Осы қазақ тіліндегі іс жүргізудің тарихына тоқталуды мақсат еттім.

1920 жылы 19 қазанда Орынборда «ҚазақАКСР еңбекшілерінің құқықтарының декларациясы» атты 8 баптан тұратын ресми құжат қабылданды[2]. Құжаттың 7-бабында «әрбір ұлттың өз ана тілін пайдалану құқы» көрсетілген. Қазақтарға бұл декларация өте пайдалы болды,ө йткені олар өз ана тілдерін еркін пайдалану құқығына ие болды. Сонымен қатар декларация еркін ұлттық дамуға толық мүмкіндік берді. Осы жылы тілге байланысты тағы бір декрет қабылданды. Бұл декрет Орынбордағы кеңестердің І-ші Бүкілқырғыздық съезде «ҚазақАКСР ХКК қазақ және орыс тілдерін мемлекеттік мекемелерде қолдану тәртібі» қабылданды яғни ҚазақАҚСР аумағында қазақ және орыс тілдері мемлекеттік тіл болып бекітілді. Осы декретке сәйкес ҚазақОАК 1921 жылы 8 наурызда өткен мәжілісте ҚазақОАК мүшелеріне және Халық Комиссарларына қазақ тілін үйретуді ұсынды[2.111б]. 1923 жылы 20 шілдеде ҚазақОАК ҚазақАКСР-де іс жүргізуді қазақ тіліне көшіру туралы ерекше кеңес өтті. Кеңестің бірінші кезегінде қазақ тіліндегі іс жүргізуді уездерден бастау талқыланды[3]. Осы кеңесте уездердегі қазақтардың саны туралы статистикалық мәліметтер жасалды. Статистикалық мәліметтерге сенсек, уездердегі қазақтар саны басым болғандықтан қазақша іс жүргізуді ұйымдастыру жедел жүргізілді. Кеңесте мындай мәселелер талқыланды: ауылдық кеңестермен және губерния орталықтарымен барлық қатынастар қазақша орнатылуы, болыстық және уездік атком мәжілістерінің хаттамалары қазақша жүргізілуі және 1924 жылдың 1қаңтарына дейін аткомдардағы орыс қызметкерлері қазақ қызметкерлерімен ауыстырылуы тиіс. Болыстық атком хатшыларына арнайы курстар ұйымдастыра бастады. Ерекше кеңестің жоғарыдағы шараларын ұйымдастыру, бақылау және басшылық ету үшін арнайы комиссия құрылды. Ол комиссия 1923 жылғы 29 тамыздағы Қазатком төралқасының қаулысымен құрамында бес адамы бар Орталық іс жүргізу комиссиясы болып құрылады. Осы комиссия губерниялық аткомдардың жанында губкомиссияларды құрды. Кеңесте талқыланған мәселенің тек біразы ғана шешілді. Мысалы: Губернилық аткомдармен барлық қатынас қазақша орнатылуы тиіс делінген болатын, бірақ тек Бөкей, Орал, Ақтөбе губернияларында ғана қатынас қазақша жүргізілді[3.49б]. Сонымен қатар губерниялық атком хаттамалары қос тілде жүрзілетін болды, ал басқа губернияларда іс жүргізу мәселесі кейінге қалдырылды. Бұл дегеніміз басқа губернияларда катынас орыс тілінде жүргізілді. Ал орталық комиссияның жұмысына келер болсақ: ол Орынбор губерниясынан өзге барлық губернияларда губерниялық комиссияларды құрды. Кеңесте негізі ҚазақАКСР-да іс жүргізуді қазақ тіліне көшіру мәселесі қаралғанымен, бұл мәселе толық шешілген жоқ.

1923 жылы 22 қарашада «Іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу туралы» декрет қабылданады. Декрет негізінде 1924-25 жылдарға арналған жұмыс жоспарын жасады. Осы жоспар бойынша декреттің I, II-ші баптарындағы іс жүргізуді қазақ тілінде жүргізу 1924 жылдың 1 шілдесінен бастап жүзеге асты. Ал өлкелік аппараттағы барлығының қазақ тіліне көшуі 1925 жылдың 1 қаңтары белгіленді. Декреттің III, IV-ші баптарында қазақ тіліндегі іс жүргізудің қалай жүзеге асып жатқаны туралы білу үшін есеп беру туралы жазылған. Жергілікті жерлерде маман тапшы болғандықтан, губернияларда маман дайындайтын курстар ұйымдастырылды. Мамандарды практикант әдісімен даярлай бастайды. 1923 жылға декрет бойынша маман дайындайтын курстар әр губернияларда ашылуы керек еді, бірақ ол курстар тек Семей, Ақмола, Қостанай, Бөкей, Ақтөбе губернияларында ғана ұйымдастырылып, 182 маман дайындап шығарылды[3.51б]. Бұл дегеніміз губерниялардың қазақ тіліндегі іс жүргізу мамандарын дайындауға толық мән бермегені.

1927 жылы 14 сәуірде «жергілікті жерлерде, ауылдық кеңестерде, болыстық атқару комиттерде іс қағаздарды қазақша жүргізу туралы» қаулы шығады. Бұл қаулыны орындаудың соңғы мерзімі 1927 жылдың 1 қазаны болды. Осы қаулының III-бабында іс қағаздарын қазақша жүргізбегендерді қылмыстық жауапқа тартылатындығы туралы жазылған. Бірақ осы III-баб бойынша жауапқа тартылғандар тізімі туралы нақты деректер кездеспейді. Жоғарыдағы қаулыдан соң, осы жылдың 17 мамырында «аралас уездік және округтік мекемелерде іс қағаздарын екі тілде жүргізу туралы» шешім қабылдады. Орал губерниясында: Жымпиты, Ақтөбе губерниясында: Шалқар, Торғай, Семей губерниясында: Қарқаралы, Сырдария губерниясында: Әулиеата, Түркістан, Қызылорда, Қазалы уездері мен округтерінде және адай уезінде іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізілетін болса, ал басқа уездер мен болыстарда қос тілде жүргізу деп шешілді. Жоғарыдағы жерлердегі мекемлердің көрсетілген тілдерге көшуі 1928 жылдың 1қаңтарына дейін аяқталуы тиіс болды[3.49-50б]. 1920-30 жылдардағы тіл мәселесі уезд немесе округ шешіміне байланысты болғандықтан, қазақ тілін жеке мемлекеттік тілге айналдыру мәселесі ешқашан күн тәртібіне қойылған емес. 1926 жылы Орталық және жергілікті іс жүргізу комиссиясы өз жұмысын тоқтатып,іс жүргізу саласы жұмысшы-шаруа инспекциясына халық комиссариатына жүктелді.

1920-30 жылдары кеңес үкіметі жүргізген «қазақтандыру» саясаты қазақ жері үшін тиімді болғанын көруге болады. Яғни, «қазақтандыру» саясаты біріншіден іс жүргізуден басталғандықтан, осы жылдары тіл мәселесіне ерекше мән берілді. Қазақ тіліндегі іс жүргізуге байланысты біршама шаралар жасалынды яғни декреттер, қаулылар,заңдар шығарылды сонымен қатар курстар, үйірмелер ұйымдастырылды. Іс жүргізудің қазақ тілінде болуына бақылау орнатқан, 1923 жылы ашылған Орталық комиссия өз қызметін тек 1926 жылы аяқтаған болатын. Осы орталық комиссия өз жұмысын аяқтаған қазақ тіліндегі іс жүргізу кейінге қалдырылды. Қазақ тіліндегі іс жүргізуге кедергі болған жайттар де кездесті. Ол кедергілердің кейбіреуі қазір де орын алып отыр. Мысалы: Қазақстан Республикасы өз тәулсіздігін 1991 жылы алғаннан кейін, кейбір

мекемелерде іс жүргізу тілі –орыс тілі. Бұл дегеніміз қазақ тілі мен орыс тілін қатар қою әлі тоқтамаған.

Жоғарыдағы декреттерден көріп отырғанымыздай, қазақ тілі мен орыс тілін қатар қою болды. Сонымен қатар қазақтар тұратын аудандарда іс жүргізу қазақша жүргізілсе, ал орыстар басым тұратын аудандарда орыс тілінде жүргізілді егер қазақтар тұратын аудандарға орыстар көбейе бастаса онда іс жүргізу орыс тілінде жүргізілді. Қазақ тілінде іс жүргізуге кедергі болған төмендегі жайттар: 1-ден, орыс тілі мен қазақ тілін қатар қою. Дегенмен билік кеңестердің қолында болғандықтан орыс тілі басты болып саналды; 2-ден, қазақ мамандарының жетіспеушілігі; 3-ден,қазақ халқының әліпбиі өзгеріске ұшырап отырған.Қазақ хандығы құрылғаннан бастап қазақтар араб әліпбиин қолданды, 1929 жылы араб әліпбиі латын әліпбиіне ауыстырылды; 4-ден, қазақ халқының мүддесін қорғайтын қайраткердің құғын-сүргінге ұшырылуы; 5-ден, жоспарлы басшылық пен тәжірибенің жоқтығы

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы қазақша іс жүргізуді кейінге қалдырды. Министрлер кеңесін Д.А. Қонаев басқарған уақытта қазақ тіліндегі іс жүргізу мәселесі күн тәртібіне қайта қойылды. 1958 жылдың 12 ақпанында «Республиканың мемлекеттік аппаратарында, қоғамдық және кооперативтік ұйымдарында қазақ тілінде іс жүргізуді жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылданды. Бұл қаулы басқарудың барлық деңгейін қамтитын болды бірақ бұл тек сөз жүзінде болды. Пошта,телегаф қатынастарын, жөнелтулерді қазақ тілінде қабылдау шаралары жасалды[4.24б].

1987 жылы бүкіл Кеңестер елінде «қайта құру» үдерісі жүрді. Қазақстан КП ОК-і мен ҚазақКСР Министрлер Кеңесі 1987 жылғы 3 наурызда«Республикада қазақ тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» және «Республикада орыс тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» қаулылар қабылданды. Осы қаулыға байланысты біршама шаралар жүзеге асырылды яғни бірінші қаулы негізінде қазақ тілін үйренгісі келетіндерге курстар, үйірмелер ашылды. Қазақ тілін дамыту үшін, оның кемшіліктерінің орнын толтыру үшін біршама жұмыстар атқарылды. 1989 жылы маусымда Қазақстан КП бірінші хатшылығына Н.Ә.Назарбаев келді. Осы жылдары елде демократияландыру үдерісі өріс жайды. 1987 жылы Қазақстан КП Орталық комитеті мен ҚазақКСР Министрлер кеңесінің қазақ және орыс тілдері туралы қаулылары шығады. 1989 жылдың қыркүйегінде «ҚазақКСР-нің тілдер туралы» Заңы қабылданады. ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен бұл заң 1990 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілді[6]. Заңда Қазақстанның мемлекеттік тілі-қазақ тілі деп жазылған. Бұл заң қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оны одан әрі дамытты және де қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтті. Іс қағаздарын қазақша дайындайтын және қазақша жүргізетін хатшы-машинкалар дайындайтын кәсіптік-техникалық училище ашылады. 1990 жылдың маусымынан 1991 жылдың маусымына дейін республика бойынша қазақ тілінде білім беретін 155 мектеп,4 кәсіптік училище, жоғарғы оқу орындарында факультетер, қазақ тілін үйрететін топтар ашылды. Осы жылдары қазақ тілі біршама дамығандығын көруге болады[6]. ҚР тәуелсіздік алғаннан кейін ең алғашқы конституциясы 1993 жылы жарияланды. Осы конституцияда «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі»

деп танылды[7]. Сосын екі жыл өткеннен кейін конституция жаңадан өзгертілді яғни 1995 жылы 30 тамызында Республикалық референдумда Қазақстан Республикасының Конститутциясы қабылданды. Конститутцияның 7 – бабында былай көрсетілген:

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.
2. Мемлекеттік ұйымдарда және өзін -өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.
3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды[8].

ҚР Президентінің 1996 жылғы 4 карашадағы № 3186 Өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасы Тіл саясатының тұжырымдамасында» мемлекеттік тіл болып саналатын қазақ тілін дамыту шаралары, міндеттері туралы айтылады. Сонымен қатар мемлекеттік тілде іс жүргізу мен қызметтік қарым-қатынас жасау тетіктері атап көрсетілді, тілдердің қызмет ету тетіктері айқындалады.

1997 жылы шілденің 7-сі күні жаңа «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы қабылданды. Тіл туралы Заң -27 бап, 6-тараудан тұрады. «Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен карауды қамтамасыз етеді. Бұл заң бойынша қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ халқының ұлттық тілі болып есептелді» деп көрсетілген. Осы заңның 8-бабында «Мемлкеттік тіл ҚР мемлкеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады».

ҚР Үкіметі 1998 жылғы 14 тамызда қабылдаған «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы»қаулысында: «1.Орталық атқару органдары, барлық деңгейдегі әкімдер: 1) «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңның 23-бабына сәйкес, мемлекеттік істің барлық салаларында мемлекеттік тілдің белсенді қолданылуы үшін басым жағдай жасау қажеттігін ескере отырып, мемлекеттік органдарда іс қағаздарын кезең-кезеңімен қазақ тіліне көшіруге байланысты іс-шаралар жоспарларын жасап, жүзеге асырсын» деген сипатта нақты тапсырмалар берілді[4.27б]. Осы қаулыда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында орталық атқару органдары және барлық деңгейдегі әкімдер іс қағаздарын кезең-кезеңмен қазақ тіліне көшіруге байланысты іс-шаралар жоспарын жасап, министрліктер мен өзге де орталық атқару органдарында ішкі мүмкіншіліктер есебінен іс қағаздарына мемлекеттік тілді енгізу жөнінде құрылымдық бөлімшелер құруға, қазақ тілінде іс жүргізушілер мен аудармашылар лауазымдарын енгізуге, барлық мемлекеттік органдар мөрлерін, мөртабандарын, бланкілері мен маңдайша жазуларын мемлекеттік және орыс тілінде рәсімдеуге міндеттелді. Дәл осы жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы № 4106 Жарлығымен «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Осы бағдарламада барлық мемлекеттік ұйымдарда

және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілдің іс жүргізудегі негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету көзделді. Іс жүргізуді мемлкеттік тілде жасай отырып оны дамытуға айтарлықтай біршама шаралар жасалды[4.27б].

1999 жылдан бастап жоғарғы оқу орындарында Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу, іс қағаздары курстары оқытыла бастады[5.4б]. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы Жарлығымен бекітілген тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да мемлекеттік тілді дамыту шаралары көрсетілген. Сонымен қатар ҚР Үкіметі бекіткен «Мемлекттік тілдің қолданылу аясын кеңейтудің,оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың 2007-2010 ж арналған тұжырымдамасында» мемлекеттік тілде іс жүргізу мәселесіне қатысты төмендегідей жайттар айтылады: талдау бойынша орталық мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілде құжат дайындау небары 20-30% болған. Бұл дегеніміз құжаттар көбінесе орыс тілінде дайындалады[4.27б].

Қазақстанда мемлекеттік тілді дамытуға арналған заңдар, бағдарламалар, қаулылар шығарылды, бірақ олар әлі толықтай іске аспады. Еліміздегі тілге байланысты басты Заң-1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы. Қазіргі кездегі іс жүргізудің қазақ тілінде толықтай болуына кедергі болатын жайттар әлі де кездеседі. Мысалға кейбір мекемелерде іс жүргізу тілі болып-орыс тілі, сосын мемлекеттік тілді білетін адамадардың жетіспеушілігі. Мемлекеттік тіл -қазақ тілі болғандықтан, барлығы қазақ тілінде жүргізілуі тиіс. Біз қазақ тіліндегі іс жүргізудің тарихына тоқтала келе оның қалай жүзеге асқандығын көрдік. Қазақ тіліндегі іс жүргізудің тарихы Кеңестің кезеңнен басталды. Кеңестік дәуірде іс жүргізудің дамуы саяси,ә леуметтік және экономикалық реформалармен тығыз байланыста болған. Мемлекеттік тілде іс жүргізу жүйесі әр тарихи кезеңде мемлекеттік басқару аппаратына тәуелді болған. Кеңестік кезеңде мемлекеттік тілде іс жүргізу мәселесі ешқашан түпкілікті қарастырылмады. Жергілікті қазақ халқына өз тілінде құжат жасауға мүмкіндік берілмеді. Кеңестік дәуірде қазақ тіліндегі іс жүргізуді ұйымдастырудың бастамалары сәтсіз аяқталып отырғандығын көруге болады. Қазақстанда іс жүргізу тарихы әр кезеңде ілгері дамып,жаңа сапалық деңгейге ауысқандығын көруге болады. Сонау Кеңес үкіметі кезінде жүргізілген қазақ тіліндегі іс жүргізу шаралары ҚР-да іс жүргізудің мемлекеттік тілде жүргізілуіне негіз болды. 1920-30 жылдары жүргізілген бұл шара өз септігін тигізіп кетті. Бірақ оның кедергілері де болды, оларды біз жоғарыда атап көрсеттік.

Елімізде мемлекеттік тілге байланысты заңдар, қаулылар, бағдарламалар шыққанымен,тіл мәселесі әлі бір арнаға қойылған жоқ. Сонымен қатар мемлекеттік тілде іс жүргізуді ұйымдастыру мәселесі де әлі күнге дейін толық шешімін тапқан жоқ. Іс жүргізуді қазақ тілінде жүргізуде мынадай шараларды іске асыру қажет: іс жүргізуге байланысты терминдерді және іс қағаздарды қазақ тіліне аудару, халықты қызықтыратындай тілге байланысты бағдарламаларды көбейту, тілді дамыту шараларын жасау, іс жүргізу мамандарын дайындау. Мемлекеттік тілдің ресми қолдану аясын кеңейту тек

оның коммуникациялық мүмкіндіктерін толық пайдаланған да ғана мүмкін болады және ол үшін қазақ тілін ресми біріздеу қажет. Іс жүргізудің қазақ тілінде толықтай болуына әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселелері бар. Ол мәселелерді біз болашақ жас ұрпақ қолында екенін ұмытпауымыз керек. «Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деп айтып кеткен ата-бабамыз, тілді бұдан ары қарай дамыту болашақ ұрпақ мәселесі.

---

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін. 3-т. – Алматы, Атамұра, 2002

2. Омарбеков Т.О. Қазақстан тарихының ХХ ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы, 2003

3. Ысқақ А.С. Автономиялы Қазақстанда іс жүргізуді ұйымдастыру ерекшеліктері //Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы.Тарих сериясы. 2008, №2, 48-52 бб.

4. Ысқақ А.С .Қазақстанда іс жүргізу және құжаттану: тарихы мен зерттеу әдістері(XIX-XXI ғ басы). Тарих ғылымыдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диисертацияның авторефераты. – Алматы 2010. – 44б.

5.Қаниева З.Қ. Іс қағаздарын қазақша жүргізу//Жоғарғы оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал. – Кентау, 2008. – 60 б.

6. ҚазақКСР-нің тілдер туралы Заңы. – Алматы, 1989.

7. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1993.

8. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995.

9. Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы Заңы. – Алматы, 1997.

## Мадиярлар тарихын зерттеу мәселелері

Шынар Бақытжан
3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор О.Х. Мұхатова

Халықтардың Ұлы қоныс аударуы кезеңінде Еуропа жеріне ең соңғы лек болып барып, Карпат қойнауында қоныстанып, мемлекеттілігін ары қарай дамытқан мадиярлар (венгр, мажар) орта ғасырдан бастап өздерінің тарихи-генетикалық түптамырын іздеуді қолға ала бастады. Осы мақсатпен алғашқы болып Еуропадан саяхатшы Юлиан Фратер 1236 ж. Азия жеріне сапар шекті. Ол Оралдың шығыс жағында өздерінің туыс халықтарын тауып және олармен венгр тілінде ұғысқаны туралы жазады. Ол мадиярлардың байырғы мекені Магна Хунгария Оралдан шығысқа қарай болған деген болжам жасады. Сонан бергі уақытта көп зерттеу мен даудың нысанына айналған бұл тақырып төңірігінде сан алуан көзқарастар туындады. Венгрлердің этногенезін фин-угорлардан бастау алады деген бағытты ұстанушылар бұл пікірді теріске шығарды. Ал, керісінше венгрлердің этногенезі, көне тарихын түркі жұрттарымен, ғұн, түрік тілді авар, жужандармен байланыстыратын бағытты ұстанушылар үшін Магна Хунгария туралы жоғарыда аталған пікір дәйекті

дәлелдің өзегіне айналды. Бұл пікірді әрі қарай дамытқан ғылымдар “Магна Хунгария қазіргі Башқұрт жері, Орынбор, тіптен Қазақстанның солтүстік батыс өңірлеріне қарай орналасқан” деген пікірге тоқайласты. Оған тілдік этимологиялық, этникалық тарих, археология, деректану, мәдениет тарихы, этнологиялық қатарлы бірқатар ғылыми зерттеу нәтижелері арқау болды.

Халықтардың Ұлы қоныс аударуы кезеңінде мадиярлар қазіргі Башқортостан жерінде, кейінірек Мұғалжар-Жайық төңірегіне, ең соңында Солтүстік Кавказда аялдаған. Мадияр тайпалары осы кезеңде түркі тайпаларымен етене жақындасып, Еділ мен Дон аралығына, кейінірек Днепр мен Дунайдың төменгі ағысына шашырай қоныстанды. 870 жылы хатталған араб деректерінде Леведия (Ливадия) одағы мен кунду тайпасының күші жайлы, оның патшасы Алмаш Арпадтың иелігі кеңейгендігі жөнінде айтылады. Оны Византия патшасы Константиннің қолжазбасындағы деректер қуаттайды Алмаш Арпад әулеті билеген мажарлар 862 жылдан бастап Орталық Еуропадағы әскери соғыстарға белсене араласады. Олар алдымен фракиялықтарға қарсы моравалар жағында, ал 894 жылы моравалар мен византиялықтармен одақтасып, фракиялықтар мен Дунай бұлғарларына қарсы соғысты. 900 жылы Италияның солтүстігіне дейін жеткен мажарлар Дунай бойын толық иеленді және 902 жылы фракиялықтармен кезекті шайқастан кейін Батысқа жылжуын тоқтатты. Осылайша олар табиғаты қолайлы Карпат бойында біржолата қалды. Аңыз бойынша, мажарлардың жетекші жеті тайпасының көсемдері Елод, Онд, Конд, Таш, Хуба, Тохотом, Алмаш (Арпадтың әкесі) шығыстық салт бойынша тәңірге, әруаққа ант етіп, қан шығарып, анда болады. Малдарын айдап, бала-шағаларымен Карпат қойнауына жеткен мадиярлардың саны жарты миллиондайдай болған. Жаңа мекенге қоныс аударғаннан кейін мадиярлар дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысып, аздап егіншілікке бет бұрды. 955 жылы герман королі Оттодан қатты жеңіліске ұшырағаннан кейін жаугершілік салт-дәстүрден, көшпеліліктен бас тартты, христиан дінін қабылдап, еуропалық қауымдастыққа ене бастады.

Шығыста қалған мадиярларға қатысты антропоним, этноним, топоним мәселелерін ең алғаш зерттеген академик Немет Дьюла Карпат бассейніне қоныстанған мадиярлардың қалыптасу мәселесіне арнаған еңбегінде жан-жақты пайымдады, мажарлар мен түркілердің тарихи, мәдени байланыстарын ашып көрсетті. Оның пікірінше, мадияр этнонимінің басқа варианттарын Бату ханның 1241 жылы жорығынан кейін зорлықпен мәжбүрлеп алып барған Карпат қойнауының мадиярлары немесе өздерін мадияр деп атаған чингизида қолбасының құрметінен туған дейді. Сондай-ақ Немет көзқарасы бойынша Madzsar Madijar (Magyar) нұсқалары megyer, mogyeri атауларынан Мажарстанда Арпад заманында, яғни IX ғ. пайда болуы мүмкін. Оның бұл пікірін әріптесі академик Лигети Лайош белгілі дәрежеде өзгертті. Лигетидің ‘‘A magyar nep mongolkori nevei’’ (Мадияр халқының моңғол заманындағы атауы) атты зерттеуінде аталған megyer атауы тек mogyer-ден ғана емес, magyer-ден де тууы мүмкін екендігіне баса назар аударды [1].Яғни, madzsar madiar этнонимдері шығыстағы мадияр шоғырына да қатысы болуы да ықтимал деді. Кейін шығыстанушы Вашари Иштван mozsar (можар) močar нұсқалары да

magyar атауынан туындайтындығын дәлелдеді. Оның пікірінше Еділ бойы мадиярлары тіліндегі угор заманындағы ńč - жұрнағынан пайда болған бағзыдағы мадиярлардағы dž жұрнағы сақталуы ықтимал. Арпад заманында Карпат қойнауында Х ғасырда бұл фонема gy-ге өзгеруі де мүмкін [2]. Шынымен-ақ, Еділ бойында Можаровка, Можарки, Можарово, Можаровская тәрізді ондаған атаулар Еділдің оң жағындағы Рязань, Тамбов, Пенза, Нижний Новгород, Сибирский, Қазан, Уфа, Вятка губернияларында ұшырасады. Дәйекті деректің бірі 1311 жылы Маджар кыпшақ ұлы Исмагилге арнап тұрғызған Чистополдік құлпытастағы жазу [3].

Шығыста қалған мадиярлар басқа халықтармен бірге сол кезде Шыңғыс империясының қоластында, кейін Алтын Орда билігінде де болды. Алтын Орда күйреген соң мадиярлардың бір тобы қазіргі қазақ жеріне қарай жылжып, оңтүстікке қарай бет алған деген болжамды алға тартуға болады. Мадияр, мажар, мадиар түрінде дыбысталатын этнонимге қатысты мәліметтер тарихи жазбаларда баяндалады. Тіптен Мұғалжар топонимін мадиар этнонимінің дыбысталу нұсқаларымен, тілдік заңдылықтармен байланыстыратын пікірлер де көп кездеседі.

Еділ бойы мадиярларының оңтүстіктегі тобы XIY-XYI ғғ.да Жошы әулетінің қоластында болды, бірқатары Ақ Ордаға қосылды. Дегенмен Еділ бойындағы ізін сақтап қалды. Айталық, баршаға мәлім Жигули тауларын «Мадияр таулары» деп те атағандығын А.Х.Халиков алға тартады [4]. Еділдің төменгі ағысында тұратын қыпшақтар Жошы әулетінің билігі астында болды және онымен жапсарлас оңтүстікте көшіп-қонып жүрген шығыстық мадиярлар олардың құрамына енді. Шежірелік аңыздар бұл үрдістің қашан жүрілгендігін шамамен болжауға мүмкіндік береді. Әбілғазы баяндаған оғыз-қыпшақ шежірелік аңызы бойынша Оғыздың ұлы Қыпшақтың олах, башқұрт, урус және маджарларға жорыққа аттанғандығын айтады [5].

Жазба және шежірелік деректер мадиярлардың оңтүстіктегі тобы XY ғ. бас шенінде Орыс ханның өлімінен соң 2-3 ұрпақ өткеннен кейін Еділ бойындағы қыпшақ ұлысының құрамына енген. Кейін Ақсақ Темір қолдары 1391 ж. Тоқтамыстың тас-талқан еткенінен кейін Ақ Орда, Алтын Орда билігі ақыр болады. Мадиярлар мен қыпшақтар Әбілқайыр мен Шайбани соғыстарында Жайықтан Сырдария аралығындағы аумақта жүрілген әскери-тарихи оқиғаларға атсалысқан. Кейін Қаратау сілемдері мен Түркістан аймағына қыпшақтармен бірге қоныстанып, XY ғ. соңынан XYIII ғ. басына дейінгі уақытта өмір сүрген. XYII ғ. бірінші жартысындағы Махмуд ибн Вали ал-Балхи «Баһр әл-Асрар» атты еңбегінде «Әбілқайыр ханның (1412-1468) қолдарының ең алдында жүретін тобы ойрат, маджар және қыпшақ қолдары болған»,- деп жазады. XY ғ. Ақ Орда ханы Әбілқайырға бағынатын мадиярлардың саны да көп еді [6].

Осындай көшпелі халықтардың көне тарихы мен тарихи-мәдени байланысына қатысты құнды мәселеге XX ғ. ортасында алғаш рет ерекше ден қойған венгр антропологы Тот Тибор болды. Тибордың жазғанындай 12. 11.1964 жылы Қазақ Ғылым академиясында “Бағзыдағы мадиарлардың генеологиялық мәселелері” тақырыбында баяндама жасап, Ю.Зуев, А.

Әбдірахманов тәрізді ғалымдармен пікір алысқан. Келер жылы ол Торғай өңірінде экспедицияда болды. Қызбел ауылының тұрғыны арғын-мадиярдың арғы атасын Мадиярды Қаратау сілемінде жатқан Түркістан қаласындағы әулиелер зиратына жерленген деген мәлімет берген. Сол өңірдің 180 өкіліне антропологиялық өлшеулер жүргізгенімен, өкінішке орай, Тотқа экспедиция барысында фотосурет түсіруге рұқсат берілмеген себепті Торғайдағы мадиярлар туралы антропологиялық деректі Еуропаға әкеле алмаған [7][8]. Ары қарай Тотқа мадиарлардың Қазақстан жеріндегі тарихи жәдігерлері туралы кең зерттеуіне жол берілмеді. Неге екенін ешкім түсіне алмай, дел-дал болды. Бар гәп "алашордашыл" М.Дулатов осы рудың өкілі болғандығына байланысты екендігін сол кезде ешкім аңдамады ғой.

Тот Тибор зерттеуін басқа жолдармен жалғастыра берді. Ол мадияр тайпалық одақтарының қалыптасуы ғұн мен түрік дәуірлері аралығында Еділдің төменгі бойы мен Мұғалжар таулары аумағында жүрілді деген болжмаға келді. "Бұл пікірімді бірқатар орыс әріптестерім К. Е.Маитинская, Н.А.Баскаков қолдады" деп жазған күнделігінде. Алайда Мажарстандық ғылыми қауым Тоттың зерттеуіне селқос қарады. Бірақ, Тот 1968 жылы Өзбекстанда Самарқанд төңірегіндегі қыпшақ-мадиярлар арасында антропологиялық өлшеулер жүргізеді. Сол кезде дерек берген ақсақалдың мәліметі бойынша Чим қыстағында тұрған маджарлардың бір тобы бірнеше жүз жыл бұрын қазіргі Астрахан өңірінде Сарай кенті төңірегінде тұрған деген. Бұл мәлімет бір кездегі Магна Хунгарияның мадиярларының оңтүстіктегі тобы Жайық дариясының төменгі сағасынан оңтүстікке қарай көшкен деп пайымдауын қуаттағандай. Шығыстағы мадиярлардың бастағы мекені Еділдің төменгі сағасы емес, керісінше моңғолдардан қашқан Магна Хунгариялық шоғырдың келіп бас сауғалаған қонысы болып шықты.

Бірақ батыстың ғылыми ортасы Мадиарлар туралы пікірі басқаша еді. "Мадиарлар жыл санауы бастауы кезінде аландармен, ғұндармен ортақ патшалықта болған. Бір бөлігі Дунай аңғарына, екінші бөлігі Кавказға кейіннен Орта Азияға табан тіреген. 1968 жылы Қашқадария бойында 150, Қазақстан жерінде 150 отбасы өмір сүрген. Тілдері өзбек, қазақша, жасы үлкен генерациясының санасында өздерінің шығу тегі туралы ұғым бар" деп жазды француз ғалымдары [9].

Қазақстанның егемендік алуына байланысты қайта қолға алынған XXI ғ.асырдың бас кезінде Тот экспедициясын қайта жаңғыртқан венгр зертеушісі Бенке Михай біршама тың деректерге қол жеткізді. Экспедиция кезінде Бенке қыпшақ-мадияр Ш.Базыловтың аузынан Қаратау өңірінде тұрған мадиярлардың бір шоғыры жоңғарлардан қазақ жерін азат еткен соң солтүстікке ығысып, Торғай өңіріне қоныстанғаны туралы мәлімет алады. Бұл XYIII ғасырдың ортасына дөп келеді және шынымен-ақ мадиярлардың бір тобы қыпшақ тайпасының ең көне руы Таздардың бір атасымен бірге Торғайға келген соң арғындар құрамына енген (Таздар туралы толығырақ: Ю.А.Зуев. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. Алматы, 2002). Таздарға қатысты мәліметтер мадиярлар құрамындағы Таз тайпасымен астарлас болуы ықтимал себепті ол да зерттеу нысанына қоса алынды.

38 жыл бұрын жүріп өткен Тот Тибор экспедициясы сапар барысында Мадияр, Құдияр, Алдиярларға байланысты үш шежірелік аңыз бен екі шежірелік кестені информанттардың аузынан жазып алудың сәті түседі[10]. Қазірге дейін беймәлім болып келген бұл дерек құндылығы аса жоғары және қазақ зерттеушілері үшін де тың дүние. Бұл экспедиция нәтижесі қазақ зерттеушілері де мойындағандай ғылым үшін тың кейбір тұстары мүлде жаңа деп айтуға тұрарлық жетістіктер. Арғын-мадиярларға қарағанда қыпшақ-мадиярлардың саны өте көп - 15 мыңдай, арғын-мадиярлар - 1500-2000 шамасында ғана. Бір информанттың айтуына қарағанда қыпшақ-мадиярлар Ресейдің Новосібір, Томск, Омбы, Алтай өңірінде, Қазақстанда Солтүстүстік аймақта, Алматы облысы, Ертіс бойында тұратын көрінеді.

Қазіргі Мажарстан (Венгрия) жерін біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықта сақтар және кельт, иллирий, фракия, үндіеуропалық тайпалар қоныстанған. Кейінірек герман, ғұн, авар тайпалары ағылып келіп, осы жерден Батыс Рим империясына шабуылдар жасаған. Бұл өңірде 430 жылы Аттила (Еділ) патша бастаған Батыс Ғұн мемлекеті құрылып, ол ыдырағаннан кейін Баян хан бастаған аварлар билігі құрылғаны жайлы жақсы білеміз. Шыңғысхан шапқыншылығы кезінде (1237-1246) көптеген қыпшақ тайпалары да Мажарстанға келіп, қоныс теуіп қалды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Мадиярлар есінде орталық Азия ылғи ата қоныспен теңдестірілді, көне ғасырлардан бері мадиярлар өздерінің тегін осы аймақпен байланыстырып келді. Бірақ ғылыми ортада әлі күнге дейін халықтың этногенезі туралы ортақ ой жоқ. Осы жайлы ғалымдар арасында пікірталастар XIX ғасырдың ортасынан бастап жүріп жатыр.Өткен жарты ғасырда, әсіресе коммунистік билік жылдары, ғылыми деректерге қарамастан мадиярлардың финн-угорлық шығу тегінің теориясы басым болды. Дегенмен,археологиялық,этнографиялық, антропологиялық және тіл зерттеу нәтижелері оның ашық түрде жасанды және байлаулы екенін көрсетті. Қазіргі уақытта ғалымдардың көпшілігі, әсіресе археологтар және антропологтар, мадиярлардың антропологиясы, мәдениетінің түркі халықтармен көп ортақ нәрсе бар екен деген пікірлері үйлеседі. Ол тұтастай ұлы даланың әдет-ғұрпымен байланысты, скиф, ғұн,авар және ортаазияның далаларын мекендеген халықтардың мәдениетімен көп ортақтастық бар. Мадиярлар тарихында ең маңызды уақиғалардың бірі - мадиярлардың X ғасырда Карпат аймағын қоныстауы болып табылады. Халықтың жадында ата-бабаларының қазіргі Венгрияның аумағына қоныс аударуы және Еуропаның жүрегінде мың жылдық мемлекет құруы – "Ата-мекен табу " атауын алды. Көшпелі халықтардың арасында мадиярлар әлеуметтік арада ең батысшыл болды, мынадай халықтың көпшілігі сияқты, олардың қоғамы ру-тайпалық құрылымнан ажыратылды. Қазір мадиярлар біртұтас халық. Мадияр тайпаларының толық бірлесуі Арпад хан билігі кезінде өтті. Арпад хан болса – мадиярлардың қоныс аудару идеясымен рухтандырушы, Мадияр мемлекетін құрушы және елді көп жылдары билеген Арпад хан әулетінің негіздеушісі. Қазіргі кездерге дейін Арпад басты тарихи тұлға, күштің және ұлттық бірліктің символы болып табылады. Осы билеуші және оның ұрпақтары атымен тарихтың ең жарқын беттерін

байланыстырады. Шығыста қалған руластарды іздестіру "Ата-мекен табу" заманынан басталған, мадиярлар мен көшпелі туыс рулар арасындағы қарым-қатынастар бүгінде тоқтатылған жоқ. Этникалық ұқсастық табу мақсатымен жасалған зерттеулерге ғалымдар ғана емес, мадиярлар қоғамы да өз мүддесін ұсынып келеді.


1. Ligeti Lajos. A magyar nep mongol kori nevei (Magyar, baskir, kiraly). Magyar Nyelv. 1964. - 389 б.
2. Vasary Istvan. A Volga-videki magyar toredekek a mongolkor utan (Моңғол дәуірінен кейінгі Еділ бойы мадиярларының шашырандылары) // Magyar Ostorteneti Tanulmanyok. Budapest, 1977. 277-290 бб.
3. Rona Tas Andras. A magyar nepnev egy 1311-es volgai bolgar feliraton (Этноним мадияр в надмогильном камне Волжских болгар от 1311 г.) , Magyar Nyelv, 1986. - 78-81бб.
4. А.Х.Халиков. Татарский народ и его предки. - Қазан, 1989. - 74б.
5. А.Н. Кононов. Родословная туркмен. Сочинения Абул-Гази. - Москва-Ленинград, 1958. - 43б.
6. Материалы по истории киргизов и Киргизии. 1Т. - Москва, 1973. - 210, 213 бб.
7. Toth Tibor. Az osimagyar mai relictumarol. - MTA, Biologiai Osztaly Kozlemenyei 9 (1966).
8. Benko Mihaly. A Torgaji Madiarok. - Budapest, 2003. - 34 б.
9. ИФЕАК Institut Françias d`Etudes Sur l`Asie Centrale - ресми сайтынан http://ifeac.org;
10. Benko Mihaly. A Torgaji Madiarok. - Budapest, 2003, 120-129 бб.


## Әлихан Бөкейханов және массондық қозғалыс


Шынар Бақытжан -
3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор О.Х. Мұхатова


Әлихан Бөкейханов XIX ғасырдың соңы, XXғасырдың басындағы қоғамдық, әлеуметтік және саяси жағдайды ескере отырып, халқының болашағын Ресей мемлекетінің қатарында көрді. Ғасырдың басында мемлекеттің алдында тұрған көкейкесті мәселе - мемлекет қандай жолмен даму керек, яғни қазақ халқын тығырықтан алып шығатын қандай жол екенін табу керек болды.

Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметінің аз зерттелген ақтаңдақ тұсы-ең алғаш жер аударылғанда Ресейдің Самара қаласына жіберілген кезеңі. 1907 жылдың аяғынан бастап 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейін ол Самар қаласында тұрды. 1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 жылы Санкт-Петерборда жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды. 1909-17 жж. «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде

жұмыс істеді. 1911-14 «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді.

Өмір жолын Ресейдің жоғарғы саяси алдыңғы қатарлы топтарының арасында өткізген Бөкейхановқа орыстың белгілі қоғам қайраткерінің тигізген ықпалы мол болды. Әлихан Бөкейханов 1905 жылдан бастап кадеттер партиясына мүшелікке енеді. Сол жылы ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты қызметін атқарады. Бәрімізге мәлім, кадеттер партиясы – солшыл либерал-демократтардың партиясы. Оның негізі – масондық ұйым екені туралы белгілі ресей тарихшысы, ресейлік масон тарихының маманы Брачев В. С. өзінің « Масоны в России: от Петра I до наших дней» еңбегінде көптеген дәйекті дәлелдер келтіреді [1]. XX ғасырдың басындағы саяси оқиғалардың қайнаған ортасында жүріп өзінің білімімен, парасаттылығымен үлкен беделге ие болғандығының тағы бір көрінісі,қыры белгілі орыс қоғам қайраткері, конституциялық-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың бірі князь Д.И.Бебутовтың естеліктерінде Санкт-Петербург масондық ұйымының мүшелерінің аты-жөні берілген, солардың ішінде жалғыз қазақ, көрнекті қоғам қайраткері,ғалым және өз заманының көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың есімі бар[2].

Масондық-діни-этикалық ілім әрі құпия ұйым. Масондықтың негізгі идеясы - жер-жаһанда Құдай патшалығын орнату. Зерттеушілер Масондық тарихын бергі нақты тарих және арғы аңыз тарих деп екіге бөледі.

Нақты тарих бойынша Масондық орден ретінде алғаш 1212 ж. Англиядағы франкмасондар - “еркін тас қалаушылар” тобының қайта жаңғырған ложасы (ағылш. lodge - уақытша тұрақ, лашық) түрінде өмірге келген.

Масондық “шеберлер” (төбе топ) - “қолғанаттар” (орта топ) - “үйренушілер” (төменгі топ) деп аталатын, бірін-бірі білмейтін үш бөлікке бөлінеді. Топтардың жай-жапсары олардың үстінен қарайтын, бірақ құрамы төМасондық ложаларға белгісіз жоғ. басқару органы - Капитулға (Бүкіләлемдік масондық жоғары кеңеске) ғана мәлім. Масондық Капитул шешімдері Масондық топтарға әр ложа сайлап қоятын делегаттардың қатысуымен өтетін конвент сессиясы арқылы жетеді. Масондық өзінің ғұрыптық жораларына масон бауырларды тегіне, нәсіліне, діни нанымына шек қоймай, бірдей қатыстырады. Масондық бейұлттық, бейнәсілдік, бейдіни сипатымен, жалпыадамзаттық рухымен ғұрыптарды қажет кезде бір жерге жұмылдырып отырады. Оның ортақ мақсаты - жер бетінде ортақ тәртіп енгізу, елдің, халықтың арасын бөліп тұрған айырмашылықтарды жою, адамзатты “әлемдік үкімет” арқылы жалғыз орталықтан басқарып отыру. Осыдан туатын “Бостандық.Теңдік. Бауырластық” формуласы қашанда қолдаушыларын тауып, Масондық идеологиясын өміршең, пәрменді етіп келеді. Масондық философия бойынша әлемді бір орталықтың билігіне көшірер алдында жер бетін түрлі жойқын апаттан тазартып алу керек. Бұл үшін масондар қай елде болсын уақиғалардың қайнаған қалың ортасынан табылып, оларды Масондық мақсатына бағыттап, қалайда елде тұрақсыздық ахуалын қалыптастырып отыруы тиіс. Сонда аздың көпті басқаруы жеңілдейді. Осы міндетке орай Масондық үшін дүние жүзіндег реформалар мен

революцияларға, соғыстар мен төңкерістерге қалмай қатысу, дем беріп отыру мұрат.

Ә.Бөкейханов орыс масондық ұйымының мүшесі болған [2][3] [4][5]. Тек масондық ұйым арқылы ғана ол қазақ еліне азаттық күнін тудыра аламын деп ойлады. Масондық ұйымның Бөкейхановты қатарына тарту себебі - дала өлкесіне ықпалды мемлекет қайраткері ретінде беделді болуы [3][4][5]. Масондардың қатарында кадеттер белгілі орынға ие болған [1][2]. Ал Бөкейханов осы бір кең танымал Ресей саяси партиясының көрнекті басшыларының бірі болған.

Самарада қызмет етіп жүрген кезеңде Әлихан Нұрмұхамедұлы болашақ Уақытша үкіметінің басшысы А.Ф.Керенскиймен үш рет арнайы кездескен. Бірінші рет 1914 жылдың шілде айында, екінші, үшінші кездесулері 1915 жылдың мамыр-қазан айларында. Осы екі көрнекті тұлғаны жақындастырған қандай мәселе, қандай тұлғалар, кездесуде мақсат қандай болды - бұл мәселе зерттеуді қажет етеді. Әлихан Бөкейхан 1915 жылы құрылған Самарадағы Халық Азаттық Партиясының мүшесі болған. Ресей аумағынды 1905 жылдан бастап ВВФ (Великий Восток Франции) масондық ложасы кең етек жая бастайды. Әлихан Бөкейхан сол уақытта ВВФ құрамындағы «Чермак» ложасының белді мүшесі болған екен. Кейін 1915 жылдан бастап ВВФ ложасына қарасты ВВНР ложасына мүшелікке енеді. Великий Восток Народов России (ВВНР) – саяси мүддені көздейтін 1912 жылы құрылған, XX ғасыр басындағы масондық ұйым. Ең алғашқы ВВНР генерал-хатшысы Н. В. Некрасов, 1913 - 1914 жж - солшыл кадет А. М. Колюбакин, кейін тағы 1916 жылғы дейін Н. В. Некрасов келіп, 1916 -1917 жылдары масондық ұйым басшысы эсер А. Ф. Керенский келеді [6]. Осы А.Ф.Керенскийдің басшылығы тұсында Әлихан Бөкейханов осы ұйымда белсене ат салыса бастайды. ВВНР бірнеше ондаған ложаларды біріктірген, әрбір ложа құрамында 10-15 адамнан болған. ВВНР-дың саяси бағыттан бөлек, әскери, әдеби, думалық бағыттағы ложалары болған. Әрбір ложаның жалпы саны бірнеше жүздеген адамнан тұрған. ВВНР –дың масондық әдет-ғұрыптарды сақтаушы ВВФ ( Великий Восток Франции) ложасынан айырмашылығы: масондық ритуалдарды жеңілдету, архитектуралық тақырыптан гөрі саяси бағытты көздеу, Мемлекеттік Думада қызмет жасау [1][4][5][6][7][8].

Ал енді, Әлихан мен Керенскийдің 3 рет ресми кездесуіне оралайық. 1917 жылғы Уақытша үкіметінің басым көпшілігін масондар құраған [1][4]. Бөкейханов пен Керенский Думаның депутаттары. Егер Думадағы мәселелер осы екі тұлғаны кездестірген болса неге саяси альянсқа бармайды. Бірақ фактілер бұлай ойлауға жол бермейді. Біріншіден, Ә.Н.Бөкейханов самодержавиеге ұнамайтын депутат және ол Думада өзге халықтың, басқа партияның мүддесін қорғады. Келесі сайлауға жіберілмеді, ол 1907 жылы барлық 5 млн. қазақ халқы жоғарғы бұйрық бойынша Думаға өз өкілдерін жіберу құқынан айырылды. Екіншіден, егерде осы Думаға байланысты мәселелерді шешу керек болса Бөкейханов басқа да кадет партиясынан сайланған депутаттармен немесе Думадағы мұсылман фракциясының бюро мүшелерімен кездеспес пе еді. Тек бір ғана жауап қалады - Бөкейханов пен

Керенскийді біріктірген масондық бауырластық және көзқарастарындағы ұқсастық. Орыс буржуазиясы мен олардың саяси партияларының, соның ішінде масондық ұйымдардың түпкі мақсаты - самодержавиені құлату және саяси билікті алу. Бөкейхановтың мақсатына келсек, жеке ұлттық мемлекет құру: жекелеген атрибуттарымен өзін-өзі басқару, жеке кәсіпқой парламенті бар автономия құру [9].

Әлиханның көрнекті қоғам қайраткері ретінде қалыптасуына әсер еткен, оны қоршаған зиялы қауым және Ресей интеллигенциясы. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов XX ғасырдың басындағы Ресейдің бетке ұстар қайраткерлерінің көпшілігімен жақсы қарым-қатынаста болған, өзіндік беделі болғандығын тарихи құжаттар көрсетіп отыр. Ресей интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің бірі, белгілі орыс экономисі және тарихшысы, кадет партиясының мүшесі, Бөкейхановтың саяси көзқарасының қалыптасуына саяси ықпалы болған - М.И.Туган-Барановский. Мемлекеттік құрылыстың даму жолы қандай бағытта жүру керек, батыстың саяси құрылыс механизмі туралы пікірлері, интеллигенция және социализм жөніндегі тұжырымдарын қолдап, еліктеген сәттері де болған. П.Б.Струве - орыс саяси қайраткері, публицист, философ, экономист, кадет партиясының мүшесі, екінші Мемлекеттік Думаның депутаты. П.Н.Милюков ірі тарихшы, көрнекті қоғам қайраткері, кадет партиясын ұйымдастырушылардың бірі, Уақытша үкіметтің сыртқы істер министрі болған. Осы қоғам қайраткерлерінің Бөкейхановтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына тигізген ықпалы ұшан-теңіз [3] . Жоғарыда атап өткен орыс зиялыларының көрнекті өкілдерін тарихта "батысшылдар" деп атайды. Батысшылардың негізгі көзқарасы, саясаты Ресейдің мемлекеттік құрылысын батыс механизмімен қайта құру. Жергілікті феодалдық сарқыншақтардан бас тарту, көрнекті озық ойлы батыс идеяларын Ресейде кең таратып дамыту, халық ағарту ісін дамыту, ғылымның деңгейін көтеру, осында дамыған батыстың тәжірибелерін кеңінен қолдану. Бұлардың пікірі бойынша, өткеніне ғана сүйеніп отырған халық ешқашан дамымайды. Әлихан Нұрмұхамедұлының өз елінің даму жолын еуроцентристік бағыттан іздеу- сол кездегі ең тиімді таңдау еді. Оның еңбектерімен, мақалаларымен таныса отырып көзқарасында батысшылдық элемент басым екенін байқаймыз.

XX ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, «неопантүркішіл» ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтың сана сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Уақытша үкімет құрамындағы партиялас жақтастары мен масондық бауырластары "империяның шекарасын сол қалпында сақтау үшін қазақ халқына автономия беруден бас тартты. Оның үстіне Бөкейханов олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды[4][10]. Осыған жауап ретінде Бөкейханов кедет партиясының

қатарынан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір аутономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ аутономиясы құрылмақ болады. Құрылтайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 ж. желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында «Алаш аутономиясы» жарияланып, Ә. Бөкейханов сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (президенті) болып сайланады. Әлихан Бөкейханның 1917 жылы Семей қаласына келіп, Алащ аутономиясының туын көтеріп халық алдында сөз сөйлеп, соңында қалың жұрттың көңілдері босап қуаныштан көздеріне жас алып, Алаш ұранын ұрандатып тараған екен [9]. 1913 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газеті партияның саяси органы болды. «Қазақ» газеті ғасырдың басында қазақ қоғамының айнасы болды, елдегі барлық саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, әдеби жаңалықтардың бәрі осы газеттің бетінде жарық көрді. Осы газет бетінде ұлы қайраткердің 400 ден астам еңбегі жарияланған.

Әлихан Бөкейханов - ғұлама ғалым, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға. Бөкейханның сіңірген еңбегі алғашқы ұлттық мемлекеттің негізігі міндеттері мен мақсаттарымен, бағдарламасымен қазақ қоғамын таныстырды. Сол уақыттағы қазақ даласындағы қалыптасқан әлеуметтік - саяси, экономикалық ахауалға сүйене отырып, мемлекеттің стратегиясы мен тактикасын әзірледі. «Алаш-Орда» мемлекетінің тұңғыш басшысы ретіндегі Әлихан Бөкейханның сіңірген еңбегі әлі де болса өзінің тиісті бағасын алған жоқ. Әлихан Бөкейханның қоғамдық және ғылыми ағартушылық жұмыстарына белгілі дәрежеде ықпалын тигізген деректерін түгел қалпына келтіру керек. Бұл қазақ елінің болашақ өмір талабы, жарқын болашақтың талабы.

Тәуелсіздік таңы атып, бостандық көк туымыз желбіреген азат қазақ аспаны астында қаншама қантөгіс құрбандықтар арқылы келгенін біз білеміз бе? Әрине, көбіміз білсек те, бағалай бермейміз. Тәуелсіздік – елдің ең биік тұғыры болса, сол тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдар қашан жасалынды? Оның басы-қасында кімдердер жүрді? Тәуелсіздігіміздің негізі сонау XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде өмірге келген қазақ зиялы қауымының демократиялық қозғалыстарынан бастау алады.

«Алаш» қозғалысы - ұлт-азаттық қозғалысы. Ол ғасырдың басындағы ұлттық сана өсуі процесінің құрамдас бөлігі. Қазақ қоғамының ортағасырлықтан буржуазиялық демократияға бет алған қозғалысы. Бүгінгі қоғам бұл қозғалыстың өз заманы мен шыққан ортасынан бастау алатын кемшіліктерінің болғандығын асыра айтып, жан жақты сынауға құмар. Сол Әлихан бастаған 1937-1938-дегі жаппай терроға душар болған Алаштың адал ұлдарын «масон болды, еуроцентристік бағытты ұстанды» деп те сынға алып

жатқандар қаншама. Дегенмен, сол азаматтардың жалпыұлттық мүдде үшін қызмет ете алғандығы және оған белгілі дәрежеде дайын болғандығына сенбеске біздің ешқандай негізіміз жоқ. Өз мәселелерін терең және тура түсініп, елі-жері алдында оларды сол тарихи жағдайда шеше алу мүмкіндігі жағынан қазақ қоғамы үшін басқа балама жол жоқ еді.

1. Брачев В. С. Масоны в России: от Петра I до наших дней.// Глава 14. Великий Восток Народов России в 1912-1916 гг. Масоны и Департамент полиции. - Стомма, 2000. 176 б.
2. Генерал-лейтенант князь Д.О. Бебутов (автобиографические записки). Военный Сборник. 1867. № 6-7.
3. Сеитов Э. А.Н. Букейханов как историк и общественно-политический деятель: Канд. диссертация. - Алматы, 1996.
4. Брачев В. С. Масоны в России: от Петра I до наших дней. //Глава 16. Масоны у власти: Верховный совет Великого Востока народов России и Временное правительство (март-октябрь 1917). - Стомма, 2000.192-196 бб.
5. Аккуыулы С. А. Букейханов и русское масонство // Простор. 1994. №3.
6.Старцев В. И. Российские масоны XX века // Вопросы истории. 1989. № 6. 33-50 бб.
7. Хасс Людвик. Ещё раз о масонстве в России начала XX века // Вопросы истории. 1990. № 1. 24-35 бб.
8. Карпачев С. П. Тайны масонских орденов. М.: «Яуза-Пресс», 2007. 352 б.
9. Қойгелдиев М. Алашты бұғаудан қашан босатамыз. "Арай" . 1990. №9.
10. Ә.Бөкейханов. Мен Кадет партиясынан неге шықтым?//Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы. 1992.

## Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы көтерілісі

Іңкәр Батырхан -
1 - курс студенті
Ғылыми жетекшісі - т.ғ.д., профессор Б.С. Сайлан

1836-1838 жылдары Бөкей хандығында аса ірі халық-азаттық көтерілістерінің бірі болып өтті. Ол көтерілістің басты себебі жердің жетіспеушілігі еді. Мәселен, Ішкі Ордадағы 20 мыңға жуық отбасы шаруашылығы жер тапшылығынан зардап шекті. Ең жақын шұрайлы жерлердің бәрін де ірі помещиктер мен байлар өзара бөлісіп алып қойған болатын. Қатардағы қарапайым қазақтар жерді солардан жалға алып пайдаланды. Қазақ ақсүйектері орыс помещиктерінен жалға алған жерлерді өздерінің жеке қалауы бойынша қазақ ауылдарына көтеріңкі қымбат бағаға тағы да қайыра жалға беріп отырды. Сөйтіп қазақтардан әр түрлі айыппұлдар мен алым-салықты еселеп алып тұрды. Ресей помещиктері Юсупов пен Безбородконың Каспий теңізі жағасында көлемі орасан зор жер телімдері болды. Жайық әскери кеңесі Үлкен және Кіші Өзен бойындағы және Қамыс-Самара көлдерінің төңірегіндегі

жерлерді өз пайдасына басып алды. Жайық бойындағы жерлерді Жайық қазақ әскерлері иемденді. Қазақтардың кесіп өтіп, жағалаудағы жайылымдарды пайдалануына қатаң тыйым салынды. Далалық қазақтар ішкі жақ бетке, ішкі жақ қазақтары далалық сыртқы жақ бетке өте алмады. Жердің жеткіліксіздігі салдарынан қазақтар жерді Астрахан губерниясының шаруаларынан, Жайық қазақтарынан, жер иеленуші ірі помещиктер мен қазақ байларынан қымбат бағамен жалға алып пайдалануға мәжбүр болды. Жәңгір хан тарапынан салынатын алым-салық түрлері де еңсені езіп жіберді. Ол өз жеке басының пайдасына жинап алынатын бірыңғай салық түрін енгізді. Патша үкіметі ханның өзі жасап алған фискальдық қаржы жүйесіне араласпады [1, 127 б.].

Мінеки, осындай жер қатынасындағы әділетсіздіктер, Орал казак-орыстарының көрсеткен озбырлығы, түрлі салықтардан түскен ауыртпалықтар Орда халқының 1836-1837 жылдары іргесін шайқалтқан қазақ малшы шаруа бұқарасының көтерілісі болды. Көтерілістің негізгі себептері: ақшалай салықтың өсуі; күз сайын әр шаңырақтың хан сарайының мұқтажына құны 70 сомдық жылқы беруге міндеттенуі; көшіп-қонғаны, шөп жинағаны, орыс помещиктерінің шабындығын басып өткені үшін салық төлеуі; Жәңгір ханның әділетсіздігі мен рақымсыздығы.

1833 жылы Жәңгір ханның қайын атасы Қарауылқожа Бабажанұлын Каспий теңізі өңіріндегі қазақ руларына билеуші етіп тағайындауы-көтеріліске түрткі болды. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші-шаруалар, сонымен бірге оған старшын, билер де қатысты. Көтеріліс басшылары Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы. Көтерілістің басты мақсаты: хан озбырлығына шек қою, шаруалар жағдайын жақсарту, жер мәселесіндегі патша үкіметінің отаршылдық саясатын өзгерту, әскери бекіністердің салынуын тоқтату.

Көтерілістің сипаты: антифеодалдық және отаршылдыққа қарсы.

Көтеріліс үш кезеңге бөлінді. Бірінші кезең: 1833-1836 жылдырға келеді және қарулы көтеріліске әзірлік кезеңі ретінде сипатталады. Екінші кезең: көтерілісшілердің ханға қарсы аттануынан бастап олардың жеңіліске ұшырауына дейінгі - 1837 ж. қарашаның орта шеніне дейінгі кезең. Үшінші кезең: Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілердің шағын тобының Жайықтық сол жағалауына өтуінен (1837 жылдын желтоқсанынан 1838 жылдың шілдесіне дейін көтерілістің жеңілуі).

1836 жылы ақпан айында Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы басқарған халық азаттық сипаттағы көтеріліс басталады. 1836 жылы 17 наурызда Жәңгір хан қайын атасы Қарауылқожаға бүлік шығарған старшындарды тұтқындауға бұйрық береді. Қарауылқожаның Исатайға күресті тоқтатып, хан сарайна барып бас июді талап етүі қозғалыстың кең арнаға түсуін тездетті. 1836 жылы қазан айында Исатайдың қарамағына 20-дай ауыл көшіп келеді. Исатай қол астындағылармен бірге Жәңгір ханның ешбір талаптарын орындамай, оның билігін де мойындамады. Бұдан соң 1836 жылы 13 желтоқсанда Жәңгір ханның сыбайластары Махамбет пен Тінімнің ауылын ойрандап, малдарын айдап әкетеді. 1836 жылдың аяғында көтеріліс патша сарайындағыларды алаңдата бастайды. 1837 жылғы 30 наурыз - Шекаралық комиссия Исатай мен Махамбетті ұстап, сотқа тартуды талап етті. 1837 жылы 2

қазанда атаман Покатилов басқарған жазалаушы (200 адам) қазақ отрядтарының Исатайды ұстау әрекеттер босқа кетеді. 1837 жылы 15 қазанда Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілер Теректіқұмда Балқы би ауылын шабады. Бұл жеңіс сарбаздар қатарының өсуіне әсер етті. 1837 жылы 24 қазанда Исатай 2000-ға жуық көтерісшілермен хан ордасын қоршайды. Бірақ Жәңгір ханға бір жағынан подполковник Гекке, екінші жағынан подполковник Меркулов басқарған қол көмекке келуге үлгереді. 9 қарашада 400 адамдық ханның әскері және зеңбіректермен қаруланған Гекке мен Меркулов топтары бірікті. 1837 жылы 15 қарашада Исатай бастаған көтерілісшілер Тастөбе деген жерде күші басым, зеңбірекпен қаруланған Гекке, Меркулов басқарған қазак отрядтарымен шайқасты. Бұл шайқаста көтерілісшілер жеңілді. Осыдан кейін жазалаушы отрядтар көтерілісішілердің соңына түсе бастайды. Истомин, Трофимов басқарған жазалаушы отрядтар Исатайды жақтаған қазақ ауылдарын ойрандайды. Орынбор губернаторы Перовский Исатайды тірідей ұстағандарға 1000 сом, басын алғанға 500 сом сый ақы тағайындады. 1837 жылы 13 желтоқсанда көтерілісшілер Жайықтың шығысына қарай өтті. Кіші жүзге өткенде Исатайдың жанында 40 адам болды. Сұлтан Айшуақұлының жазалаушы тобы Исатайдан ажыраған 12 адамдық топты (ұлы Досмұхамбет, әйелі Дінбаян) ұстап, Оралдағы түрмеге жапты. Бұл кезде қазақ жерінде Кенесары Қасымұлы басқарған көтеріліс жайыла бастаған еді. 1838 жылы қаңтарда қатары 100 ге жеткен Исатай жасағы Терек бекінісіне жақындап, Орал әскери шебіне қауіп төндірді.

Исатайдың ендігі мақсаты: ішкі Ордаға қайта оралып, Жәңгір тобына күтпеген жерден соққы беру, көтерілісті бүкіл Ішкі Ордаға тарату, Нарын құмында бекініп, Жәңгірден кек алу, орыс помещиктері басып алған жерлерді шаруаларға қайтару.

Исатай басқарған көтерілісті тез талқандау үшін, Орынбор губернаторы В.А.Перовский барлық күштерді жұмылдыра бастады. В.А. Перовский бұл көтерілістің Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт азаттық көтеріліспен бірігуінен сескенді. Подполковник Гекке басқарған жазалаушы отрядтар Исатай қолын талқандау үшін аттанды. Исатай 500 сарбазымен сұлтан Айшуақұлына соққы беру үшін, Қайыпқали тобынан бөлінді. Айшуақұлы тобының Гекке тобымен қосылып, үлгергенін батыр байқамады. 1838 жылы шілденің 12-сінде Ақбұлақ деген жерде көтерілісшілер Гекке мен Айшуақұлы басқарған отрядтан жеңілді. Ауыр жараланған Исатайды казактар қылышпен шауып, атып өлтіреді. Көтерілісшілерден 70–80 сарбаз өліп, Қожахмет, Балабек бастаған алты адам тұтқынға түседі. Бас сауғалап қашқан көтерілісшілер, Ақбұлақ шайқасында Исатайға көмекке келмеген сұлтан Қайыпқали тобына қосылудан бас тартты. Қалғандары күресті одан әрі жалғастырды. 1838 жылы шілденің 23–інде Махамбет бастаған көтерілісшілер хан ауылына шабады. Махамбет 1846 жылы қазанда хан жендеттерінің қолынан қаза болды. Қолға түскен көтерілісшілерді Гекке жазалады. Қожахмет Өтемісұлы, Балабек Нұржанұлы, Бекен Сарыұлы 8 жылға Ригаға, Ұса Төлегенұлы мен Жәнібекұлы Сібірге жер аударылды. Көтерілісті қанға бояған қазақ феодалдары және казак офицерлері, солдаттары марапатталды. Көтерілістен кейінгі жылдарда шаруалардың ауыр жағдайы

өзгермеді [4, 121 б.]. Көтерілістің негізгі мақсаттары орындалмады. Көтеріліс жеңіліске ұшырады. Көтерілістің жеңілу себептері: үстем тап өкілдерінің опасыздығы; көтеріліс басшыларының Кіші жүздегі және Ішкі Ордадағы көтерілістерді біріктіре алмады; қару–жарақтың теңсіздігі; стихиялығы, ұйымшылдықтың жеткіліксіздігі; патша үкіметінің жазалау отрядының күші басым болуы; Көтерілісшілердің бір бөлігінің өз ісіне сенімсіз болуы; көтеріліс жергілікті (локальдық) сипатта болды. Көтеріліс нәтижесінде салық мөлшеріне шек қойылды. Патша үкіметі қазақ старшындарымен санасатын болды. Ішкі Ордадағы хандық билектің әлсірегендігін дәлелдеді. Қазақ феодалдарының отаршылдық басқару мен байланыста екенін көрсетті. Әртүрлі халықтардың қанаушыларға қарсы бірігіп күресуінің негізі қаланды [2, 337-342 бб.].

1836 – 1838 жылдардағы көтерілістің тарихи маңызы зор болды. Бұл патша үкіметі құрған жаңа әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қазақтардың отаршылдыққа қарсы ірі баскөтеруі еді. Оның ұлт-азаттық сипаты басым болды. Көтеріліс аяусыздықпен басылғаннан кейін де жалғаса берді. 1842 жылы Жәңгір ханға қарсы Аббас Кошайұлы мен Лаубай Мантайұлы бастаған баскөтерулер болып өтті. Жәңгір хан көтерілісшілердің кейбір талаптарын орындауға мәжбүр болды. Атап айтқанда, халықтан жиналатын алым-салық көлемін едәуір жеңілдетті. Патша үкіметіне наразылық білдірген старшындардың пікірімен санасу керектігін түсінді[1,133б.]. Яғни қорытындылай айтқанда: Жәңгір хан және оның маңайындағылрдың озбырлығына белгілі дәрежеде шек қойылды. Патша үкіметі аз болса да, көтеріліске қатысқан қазақ ауылдарының мүдделерімен санаса бастады. Көтеріліс қазақ үстем тап – феодалдарының опасыздығын дәлелдеді [3, 224 б.].

1. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. Қазақстан тарихы - Алматы: Атамұра, 2008. - 352 бет.

2. Қазақстан тарихы Көне заманнан бүгінге дейін бес томдық: 3 том. - Алматы: Атамұра, 2002. - 762 бет.

3. Қазақстан тарихы. Очерктер. - Алматы: Дәуір, 1994. - 438 бет.

4. Аманжолов К. Қазақстан тарихы. - Алматы: Білім, 2004. – 392бет.

## Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы және ТМД-ның құрылуы

Салтанат Бекмұратқызы -
1 - курс студенті
Ғылыми жетекші - т.ғ.д., профессор Б.С.Сайлан

Қазақстан ыдыраудың соңына дейін Кеңес Одағын сақтап қалу үшін күресті. Бірақ республиканың бұл ниетіне одақта болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістер қарсы тұрды. Сондықтан Қазақстан да өзінің тәуелсіздігін жариялау шараларына кірісті. Атап айтқанда, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылы 25 қазанда республикамыздың мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдады. Сөйтіп, бар әлемге

Қазақстанның егемендігін жариялады. Тәуелсіздік алу қазақстанда жалпы демократиялық процестердің барысын шапшаңдатты, мұның өзі елдегі болып жатқан оқиғалармен тығыз байланысты еді. Осы кезден бастап Қазақстан басқа республикалармен бірге іс жүзінде орталыққа қарсы оппозицияға айналды. Қазақстанның бастамасы бойынша Белоруссиямен, Украинамен, Ресеймен және басқа республикалармен бір-бірінің егемендігін, қалыптасқан шекараларды, орнатылып жатқан өзара пайдалы экономикалық байланыстарды мойындау туралы екі жақты келісімдер жасалды. 1990 жылғы желтоқсанда Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан республикаларының жетекшілері өзара төрт жақты шарт жасау жөніндегі келісімге қол қойды. Бұл келісім бойынша олар өздерінің Одақтық шартқа қарсы қоятын талаптарының бар екендігін ашып айтты. Республикалар бұрынғы федерацияның орнына, енді конфедерация түріндегі одаққа бірігу жөнінде талап қойды. Ол бойынша Орталықтың шешуіне сыртқы саясат, халықаралық мәселелер, сыртқы сауда, мемлекеттік банк және финанс, елдегі қорғаныс мәселелерін шешуді қалдырып, қалған мәселелердің барлығын жергілікті жерлерде шешу дұрыс деп есептелінді. Алайда, бұл талаптар негізінде жаңа Одақтық шартқа қол қояр алдында 1991 жылы 19 тамызда Янаев, Павлов, Крючков, Пуго, Язов, т.б. қатынасқан мемлекеттік төңкерістің болуымен және орталықтың ешқандай ымыраға келмеуімен байланысты Одақтас республикалардың жетекшілері бұған дейін жүргізіп келген келіссөз талаптарынан бас тартты. Украина мен Белоруссия өздерінің тәуелсізлігін жариялады. Ал Қазақстанның атынан Н. Ә. Назарбаев КСРО Жоғары кеңесінің кезектен тыс сессиясында жаңарған Одақ енді федерация түрінде болуы мүмкін емес, тек конфедеративтік шарт негізінде болуы керек деп ашық айтты, яғни бұл тек тең құқықты республикалардың достық одағы болуы мүмкін деп көрсетті. Республикалардың бұл ұсынысы 1991 жылғы 19 тамыздан кейінгі оқиғаның артынша тәжірибе жүзінде іске асырыла бастады, бұрынғы бірыңғай одақтың орнына тәуелсіз мемлекеттер достастығы қалыптасты. Олар көптеген саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді өздері шешетін болды. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы бойынша әскери, сыртқы және т.б. аса маңызды халықаралық мәселелерді бірігіп шешу міндеті ғана қалды. Тамыз уақиғасынан кейін кеңес одағы коммунистік Партиясы, оның құрамдас бөлігі Қазақстан Компартиясы (1991 ж. қыркүйек) тарихи аренадан кетті. 1990 жылы 25 қазанда республика Жоғарғы кеңесі Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылдағаны жоғарыда айтылды. Егемендік алу Қазақстанда жалпы демократиялық процестердің барысын шапшаңдатты, мұның өзі елдегі болып жатқан уақиғалармен тығыз байланысты еді. Міне, осындай күрделі жағдайда Қазақ Мемлекеттігі шеңберінде республикадағы жоғары атқарушы және билік жүргізуші өкімет басшысы ретінде Қазақ КСР-нің Президентіне жеткілікті өкілеттік беру қажеттілігі пісіп жетілді. Мұндай өкілеттіктер республика парламентінің 1991 жылы 20 қарашада қабылдаған «Қазақ КСР-да мемлекеттік өкімет билігі мен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заңы бойынша берілді. Заң негізінде республиканың мемлекеттік басқару органдарында өзгерістер жасалды.

Прокуратура, мемлекеттік қаіпсіздік, Ішкі істер, Әділет, сот органдары қайта құрылды. Қазақстанның мемлекеттік Қорғаныс комитеті жаңадан ұйымдастырылып қызметіне кірісті. 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республикада жалпы халықтың қатынасуымен Президент сайлауы өткізілді. Дауыс беру қорытындысы бойынша Н. Назарбаев Президент болып сайланды. Осы кезде Президент болып сайланды. Осы кезде Президенттің Жарлығымен бұрын Одаққа бағынған кәсіпорындар мен ұйымдарды республика үкіметінің қармағына беру, мемлекеттің сыртқы эканомикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету, елімізде алтын қорын жасау туралы және т.б. заңдар шығарылды. Сол жылғы 10 Желтоқсанда Елбасы жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы болып өзгертілді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан республикасы Жоғары Кеңесінің жетінші сессиясында парламент депутаттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заң қабылдады. Заңның бірінші бабында Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жарияланды. Ол өзінін жеріне, ұлттық табысына жоғары иелік ету құқы бар, тәуелсіз сыртқы және ішкі саясатын жүргізеді, басқа шет мемлекеттерімен халықаралық құқықтың принциптері негізінде өзара байланыс жасайды деп көрсетілді. Республикадағы барлық ұлттардың өкілдері жергілікті қазақтармен тең құқықты азаматы деп сайланады. Олар республикадағы мемлекеттік өкіметінің қайнар көзі және егемендікті бірден-бір қорғаушы болып табылады. Республика азаматтарының құқықтарына қол сұғушылар заң бойынша қылмысқа тартылуы тиіс делінген. Заңда Республика Қарулы Күштерін құру жөніндегі құқы, республика азаматтарының әскери міндетін өтеу, оның тәртіптері мен талаптары жонінде айтылған.Оған сондай-ақ Республика Қарауындағы азаматтарды қорғау, қоғамдық тәртіпті және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері кірген. Заңның 16-щы бабында ішкі және шекаралық әскерлердің істері мен қауіпсіздік органдары Президентке бағынады деп жазған. Респуликаның мемлекеттік тілі-қазақ тілі, ал орыс тілі ұлтаралық байланыс тілі болып белгіленеді. Сөйтіп,1991 жылғы 16 желтоқсанда республика тәуелсіз күні ретінде бүкіл Әлемге танылады. КСРО-ның құлауының басты себептерінің бірі - экономикалық дамуда артта қалушылық. Атап айтқанда, Одақ экономикасының технологиялық жағынан артта қалуы, сондай-ақ оның өндірісі шығарған тауарлардың бүкіл әлемде бәсекеге түсу қабілетінің төмендігі еді [1. 15б]. Сонымен қатар, соғыстан кейінгі жылдары КСРО АҚШ-пен әскери бәсекеге түсіп және капиталистік елдермен әскери-стратегиялық тепе-теңдікті сақтау үшін қорғаныс ісіне аса көп қаржы шығарды. 1950-1990 жылдар арасындагы 40 жылда әскери шығын 20 триллион долларға жеткен. Мұндай зор шығындар экономиканы орасан зор зардаптарға ұшыратты [2.56б.]. Қазақстанда мемлекеттік меншікпен қатар жекеменшіктің жаңа формалары - акционерлік қоғамдар, жалдық жэне кооперативтік кэсіпорындар, фермерлік шаруашылықтар, біріккен кәсіпорындар, түрлі қауымдастықтар мен бірлестіктер қалыптаса бастады. 1991 жылдың ортасында республикада 35 біріккен кәсіпорындар, 16 сыртқы экономикалық қауымдастықтар, халықаралық коммерциялық банк жұмыс істеді[3.65].

Дегенмен, әртүрлі себептерге байланысты бірінші кезекте Кеңес Одағы республикаларының бір-бірімен біте қайнасып, бірігіп-кірігіп кеткен шаруашылық қарым-қатынасының бұзылуына байланысты Қазақстанда экономикалық қиындықтар күшейді. 1991 жылдың қорытындысында қоғамдық өнім шығару соның алдындағы жылмен салыстырғанда 7,2%-ке, ұлттық табыс 10%- ке, еңбек өнімділігі 5,4%-ке төмендеді. Тұтыну-сауда саласындағы жағдай шиеленісе түсті. Жеке сауда тауар айналымының ерекше қысқаруы "көлеңкелі" экономиканың кеңінен өрістеуіне, халықтың тұрмыс дәрежесінің одан әрі төмендеуіне алып келді. Елде ақшаның құны түсіп кетті. Құны жоқ қағаз ақшаның көлемі 1991 жылы 1990 жылмен салыстырғанда 4,5 есе өсіп 8,7 миллиард сомға жетті, оның 3 миллиарды 1991 жылдың соңғы екі айында шығарылды [1. 89б].

1991 жылы 8 желтоқсанда Белорусь, РСФСР жэне Украина республикаларының басшылары Минск қаласында (Беловеж нуы) кездесіп, мәлімдеме қабылдады. Онда саяси одақ тұйыққа тірелді, сондықтан республикалардың Одақтан шығуы объективтік процесс және тәуелсіз жеке мемлекет құру шынайы факті болып отыр деп көрсетілді. Себебі, орталықтың жүргізіп отырған тоғышар саясаты елді терең экономикалық және саяси дағдарысқа алып келді, халықтың тұрмыс деңгейі төмендеп кетті, қоғамда әлеуметтік шиеленіс, ұлттар мен халықтар арасындагы қайшылықтар мен қақтығыстар күшейді деп атап өтілді. Мұның өзі бұрынғы Одаққа кірген мемлекеттердің жаңа одағын — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құруға жол ашты. Бұл құрылым бұрынғы Одақ бойынша осы кезге дейін алынған халықаралық міндеттердің орындалуына кепілдеме береді, ядролық қарудың таралуына жол бермейді және оған бірыңғай бақылау орнатуды қамтамасыз етеді, - деп атап көрсетілді. Алайда, бұл шешім әуелгі кезде басқа республикалар тарапынан қарсы көзқарастар туғызды. Өйткені, заң бойынша Одаққа кірген Қазақстан, Орта Азия, Закавказье республикаларының келісімінсіз бұл үш республика егемендік туралы күрделі мәселені жеке дара шешуге тиіс емес еді. Міне, осыған байланысты 1991 жылы 12 желтоқсанында Ашхабад қаласында Орта Азия республикалары мен Қазақстан басшыларының кездесуі болып өтті. Онда ТМД-ға тек барлық республикалардың тең құқықтық негізінде күрылушылық жағдайын мойындағанда ғана қосылуға болатындығы ерекше атап көрсетілді [2. 112б].

1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда 11 республика өкілдері қатынасқан кездесу болды. Олар тең қүқықтық жағдайдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қүрылғандығы жөніндегі шартқа қол қойды. Алматыда қабылданған декларацияда Минскідегі айтылған жалпы принциптік мэселелердің барлығы мақұлданды. Жаңадан құрылған Достастық мемлекет басшылары жэне үкімет басшыларының Кеңесі деген жетекші органдар құрды. Онда жалпы бағыттағы көкейтесті саяси және әлеуметтік-экономикалық мэселелерді шешу көзделді. Достық Одаққа кірген мемлекет басшылары Біріккен Ұлттар Ұйымы алдында бүл тәуелсіз мемлекеттердің барлығын осы халықаралық үйымға толыққанды мүше етіп алу туралы өтініш жасады. Сонымен қатар бүрынғы КСРО-да жасалған ядролық қаруды және оған эскери

басшылық жасауды бірігіп іске асырып отыру жөніндегі келісімге қол қойылды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы осы кезге дейін Кеңестер Одағы қол қойып, халықаралық дәрежедегі жасаған келісімдердің орындалуын өз мойындарына алады деп көрсетті. Сөйтіп, 1991 жылғы желтоқсандағы Алматы қаласында бас қосқан тәуелсіз елдер басшыларының келісімі КСРО-ның өмір сүруін тоқтатумен аяқталды.

Міне, осындай күрделі жағдайда республикадағы жоғары атқарушы және билік жүргізуші өкімет басшысы ретінде Қазақ КСР-ның Президентіне жеткілікті өкілеттік беру қажеттігі пісіп жетілді. Мұндай өкілеттіктер республика парламенті 1991 жылы 20 қарашада қабылдаған Қазақ КСР-ның "Қазақ КСР-нда мемлекеттік өкімет билігі мен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы" Заңы бойынша берілді. 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республика Президентін бүкілхалықтық сайлау болып өтті. Халықтың демократиялық жолмен өз еркін білдіруі арқасында Н.Ә.Назарбаев Президент болып сайланды. Республикада көптеген өзгерістер жасалды: прокуратура, мемлекеттік қауіпсіздік, ішкі істер, әділет, сот органдары қайта құрылды; Қазақстанның мемлекеттік қорғаныс комитеті үйымдастырылды; Президенттің одаққа бағынатын кәсіпорындар мен үйымдарды Қазақ КСР-і үкіметінің қарамағына беру туралы, республиканың сыртқы экономикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету туралы, Қазақстанда алтын запасы мен алмас қорын жасау туралы жарлықтары шықты. 1991 жылы 2 қазанда қазақ жерінде Байқоңыр ғарыш алаңы 40 жыл өмір сүргенде түңғыш рет одан ғарышқа бірінші ғарышкер қазақ Т.О.Әубәкіров ұшты [1.15-42 бб.].

1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақ КСР-ы атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында парламент депутаттары "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тэуелсіздігі туралы" Заң қабылдады. Заңның бірінші бабында Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет деп жарияланды. Ол өзінің жеріне, ұлттық табысына жоғары иелік ету құқы бар, тәуелсіз сыртқы және ішкі саясатын жүргізеді, басқа шет мемлекеттермен халықаралық қүқықтық принциптері негізінде өзара байланыс жасайды деп көрсетілді. Республиканың барлық ұлттарының азаматтары Қазақстанның біртүтас халқын қүрайды, олар республикадағы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылады. Республика азаматтары өздерінің ұлтыпа, үстайтын дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жататынына, тегіне, элеуметтік және мүліктік жағдайына, шұғылданатын қызметіне, тұрғылықты орнына қарамастан бірдей құқықтар иеленіп, бірдей міндеткерлікте болады делінген. Заңда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғау мақсатында өзінің Қарулы Күштерін құруға хақылы екендігі, республика азаматтарының әскери міндетін өтеу, оның тәртіптері мен талаптары жөнінде айтылған. Сөйтіп, 1991 жылғы 16 желтоқсан республиканың тәуелсіз күні ретінде бүкіл әлемге танылды.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алдында үлкен келелі міндеттер түрды. Олар - елдің ішкі жағдайында Егемен Қазақстан мемлекетінің тұтастығын нығайтып, нарықтық экономикаға көшу, көпұлтты елдің бірлігін сақтауда барлық мүмкіндіктерді пайдалану. Ал, сыртқы саясаттағы басты міндеттер- Қазақстанның бүкіл дүниежүзі елдерімен байланыстарын одан әрі дамытып, алдыңғы қатарлы өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу, елдің қауіпсіздігін қорғау, әлемде бейбітшілікті сақтай отырып, ядролық соғысты болғызбау. Республика халқының ерік-жігері осындай аса маңызды міндеттерді жүзеге асыруға бағытталды [1. 45б].

1. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы: Өнер, 2001. – 369 б.
2. Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2005. – 256 б.
3. Аяған Б. Қазақстан тарихы – Алматы, 2012. – 456 б.
4. http://www.izden.kz/referattar/kazakstan-tarihy/162 Ғылыми жұмыстар жинағы. © izden.kz

## Иезуиттік орденнің құрылуы мен Қытайдағы миссионерлік қызметті

Айжан Доскараева -
1 курс магистранты

Дін – адамның сана-сезімі мен қоғамға ықпал етуші фактор ретінде тарихтың әрбір даму кезеңінде саяси сипаттарға ие болып отырған. Дін – қоғамдағы өткір әрі нәзік мәселе болғандықтан Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері еліміздегі діни мәселелер мемлекеттік сарабдал саясат негізінде жүргізіліп келеді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Діналалық келісім – біздің халқымыздың бірлігінің негіздерінің бірі» [1] дей келе діни мәселелердің маңыздылығы мен көкейкесті екенін ашып көрсетеді.

Осыған орай отарлық саясаттың негізгі құрамдас бөлігі ретінде қазіргі таңда миссонерлік ордендерді де қарастыру ғылымда көкейкесті мәселелердің бірі. Осындай әлемдік деңгейде христиан дінін таратуға белсенді түрде ат салысқан ордендердің миссионерлік рөлі туралы қарастырған жөн. Христиандық ордендердің ішінде ең беделдісі әрі миссиялық қызметте елеулі жетістікkке жеткендердің бірі – Иезуиттік орден болып табылады. Аталған орденнің миссияны жүргізуінің сыры мен қол жеткізген жетістіктерінің құпиясын зерттеу өзектілігін жоғатпаған мәселе.

Қарастырылып отырған мәселені бұған дейін жекелеген аспектілерін Ресейдің шығыстанушы ғалымдары В.Г. Дацышенов, Д.В. Дубровская, А.В. Ломанов еңбектерінде көтерілген. Иезиут орденінің тарихын зерттеген Г.Бемер, Т. Гризингер, А. Тонди, Дж. Спенс, сонымен қатар католик шіркеуінің тарихын зерттеген А. Лонэй, Э. Шаппулидің еңбектері құнды болып келеді.

Реформация кезеңінде католик шіркеуі өте ауыр кезеңді басынан өткізіп жатқан. Мартин Лютердің папа билігі мен тәртібіне, католик шіркеуінің өмір сүруіне қарсы шығуына қолдау бүкіл Европа территориясында таралады.

Антикатоликтік қозғалыстар халықтың арасында тез тарап, белгілі бір әлеуметтік астарға, католик дінінң қодап отырған феодализмге қарсылық болатын. Европаның көптеген мемлекеттерінде протестанизм католицизмді ысырып, католик дінінің өмір сүруінің өзі қауіпке ұшыраған. Папаның антикатоликтің қозғалысқа қарсы қолданған шаралары оң нәтиже бермеді. Осы кезде ешкімге белгісіз испандық ақсүйек тегінен шыққан Игнатий Лойола католик шіркеуіне өз қызметін ұсынады. Ол Папа III Павелді өзі ұйымдастырмақшы болған ұйымның шіркеу үшін пайдалы әрі протестанттарды жеңуге және бүкіл Европаға қасиетті тақтың билігін орнатуға көмектесетіндігін сендіреді.

1534 жылы тамыз айында Игнатий Лойола мен оның алты серігі мұсылмандардың қол астындағы қасиетті жерге қажылыққа барып, ислам дінін ұстанушыларды христиан дініне шоқындыру туралы ант береді. Осы кішігірім топ «Иисус қоғамының» діңгегі болды. Осылайша, жаңа католиктік орденнің өмірге келуі орын алды. Әрине, бұл әзірге тек символикалық болғанымен, Римде бірнеше жылдан кейін «Иисус қоғамы» құрылды. Екі жылдан кейін Лойола және оның серіктері Иерусалиге бару мүмкін еместігіне көз жеткізіп, олар өздерін папаның қызметіне ұсынды. Папа оларды қабылдады. Европадағы реформация, католик шіркеуіне жасалған соққы мен құлдыраған папаның позициясы «қасиетті жерді жаулап» жаулап алу жоспарын ысырып тастады [2]. Игнатий құруға бет бұрған діни бірлестік әскери өнер мен тәртіпке негізделгендіктен 1537 жылы ол Римге аттанар сапарының алдында өзінің қоғамына «Иисус жасағы» деген атау береді [3].

Қасым ұлысына шибандықтар шабуыл жасаған хижраның 915 жылы (1509 - 1510) Мырза Хайдар Дулаттың айтуынша, «оның қолындағы биліктің зорлығына, Бұрындық ханды ешкім елеп-ескеріп жатпағанына қарамастан, ол әлі хандық лауазымды иелене қоймаған болатын». Хандық лауазымды ол Бұрындық хан Самарқанға кеткеннен кейін, сол 1511 жылдың күзінде алды. Сол кезден бастап, деп жазады «Тарихи Рашиди» авторы, «Қасым хан бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа билік жүргізді, оның атақ-даңқының зор болғаны сондай, Жошы ханнан кейін Қасымнан асқан құдіретті хан бұл жұртта болып көрген емес» [4]. Қасым Дешті Қыпшаққа белгілі батыр да еді, ұрыс кезінде небір жаужүрек жігіттерден оқ бойы озық тұратын, соңына ерген әскері ол үшін отқа да, суға да түсетін айтулы көсем, шын мәнінде соғыс құпиясын жақсы меңгерген қолбасы еді. Оның қаншама шайқасқа қатысқанын санап шығу мүмкін емес. «Зубдат әл-асар» («Шежірелер қаймағы») авторының айтуынша, оны бір шайқаста қарсыластары аттан ұшырып түсіргенде, Қасымның жасы алпыстан асқан болатын, жаяу қалған ханды ұрыс үстінде ешкім түстеп танымады да, ол аман қалды. Елгезек

нөкерлері (бұл жерде - жасақтар) шалт қимылдап, хан лып етіп атқа қайта мінеді. Қазақ басшысы жаудан беті қайтпаған жауынгер болатын [5]. Жорықта жау бетінде, шайқаста найза ұшында жүретін қазақ жерінің басшысы Қасым туыстық байланысты қастерлеп, берік ұстанған жайсаң да ер мінезді адам еді. Оған XVI ғасырдың басындағы ортаазиялық тарихшылар - Шади, Бинаи, «Нусрат-наманың» белгісіз авторы баяндаған мына бір факті де дәлел бола алады. Міне, қазақ билеушілері Сауран қаласын тағы да жаулап алып, Шейбани ханның інісі Махмұд Сұлтанды отбасымен қолға түсіреді. Бұрыннан ішкі кегі бар Бұрындық хан «оны өлтіруге бұйырады». Бірақ Махмұд Сұлтанның туған бөлесі - олардың шешелері апалы-сіңлілі адамдар еді - Қасым ханның бұл шешіміне көнбейді. Ол тұтқынды өлтірткізбегені былай тұрсын, Махмұд Сұлтанды босатып, қасына өзінің сенімді адамдарын қосып беріп, отбасымен Созаққа (Сауран сияқты Сырдарияның оң жағасына орналасқан қамал-қала), одан әрі ағасына апарғызып салады. Қазақ сұлтанының мінезіндегі мұндай мәрттік Шейбани хан тарихшыларының бәрін тәнті етіп, оның кеңдігі, кісілігі сан әңгімеге арқау болады [6]. Енді Қасым өзі құрып, іргесін бекіткен мемлекетті басқаруға көшті.

Мырза Хайдар Дулаттың айтуынша, Бұрындық хан билігінің соңғы жылдарында Қасым оның маңына жақындамауға тырысты, өйткені «қасында жүріп міндетті қошемет түрін сақтамаса, ханға қарсы шығуға тура келер еді, ал өз көңілі қалай дегенде де бағынуды қаламайтын». Ақыры қартайған Бұрындықты бар құрметімен Самарқандағы қызының қолына аттандырып салғаннан кейін ғана Қасым хан атағын иемденіп, мемлекет билігін өз қолына алды.

Осы жерде айрықша атап өтетін нәрсе, сол күннен бастап, XIX ғасырда хандық билік біржола жойылғанша Қазақ даласындағы жоғарғы билік Жәнібек хан ұрпақтарының қолында болып келді [7]. Мұсылман тарихшыларының пайым-пікірінше Қасым хан өз халқының барлық қадір-қасиетін бір бойына жинақтаған дана басшы, жеңімпаз қолбасылығына қоса, ержүрек көсем де шешен адам ретінде көрінеді. Осы жолдардың авторы да қазақ елін Қасым хан билеген тұстағы жаугершілік пен соғыстар ішкі реформалармен қатарласа жүрген Шығыс Дешті Қыпшақтағы XV-XVI ғасырлар тоғысындағы саяси тарих пен этностық даму үрдісі арасындағы байланысты осы тұрғыдан пайымдайды.

Мағлұматы мол автор, Қасым ханның жасы кіші замандасы Мырза Хайдар Дулаттың хабарлауынша, бұл әмірші хижраның 924 жылы (1518) дүние салады. XVII ғасырдың басындағы автор Қадыр Әлі бидің мәлімдеуінше, Қасым хан Сарайшық қаласында (Жайық бойы) көз жұмып, сол жерде жерленеді [8] және Қасым ханның екі баласы: Мамаш пен Хақназардың аты белгілі. Екеуі де кейіннен хан болған. Қасымның бір қызы білікті ноғай мырзасы Шейх Мамайға тұрмысқа шығады. Екінші қызы 1512 жылы Шибан ұрпағы, Мұхаммед Шейбани ханның інісі Махмұд Сұлтанның ұлы Убайдулла ханға ұзатылған.

Қасым хан, сөз жоқ, Тұңғыш Қазақ мемлекетінің аса құдіретті билеушісі. Оның әділ де білгір, терең де тегеуірінді басшылығы, саяси көрегендігі арқасында Қазақ мемлекетінің күш-қуаты арта түсті, ел ішінде тыныштық пен ынтымақ орнады, жат жұрттың бәрі енді оларға құрметпен қарады. Тағы бір атап айта кететін нәрсе, Қасым хан басқарған тұстағы Қазақ хандығына терістіктегі ұлы көршісі - Русь те көз тігіп, өз мүддесіне орайластыра бастады. Оған патша мұрағаттарындағы мына бір тізім дәлел бола алады: «38-жәшік. Онда кітаптар және Қасым патша тұсындағы Қазақ тізімдері, Ибақ патша тұсындағы Түмен тізімі» [9]. XV ғасырдың соңғы жылдарында Қасымның әскери қолбасшылық қасиетімен қатар, мемлекет қайраткері ретіндегі шебер дипломат ретіндегі қырлары айқындала түседі. Бұған дәлел ретінде, Қасымның жеке бастық мемлекеттілік мүддесін соңғы мүддеге сай іс-әрекет дауы, оны жүзеге асыруы Қасым ханның қазақ мемлекеттілігін нығайтуда бірі - XV ғасыр соңында қазақ халқының этникалық бастауы болды. Ал XVI ғасырдағы ханның аса бір рөлі - қаза болып келген Мұхаммед Шайбаниды талқан етіп жеңуден көрінеді [10] Қасым сұлтан қалыптасқан қиын жағдайдан оңай шығады.

1513 жылдан кейін қайта бірігіп, күшейген Мауреннахрдағы шайбанилық сұлтандар Қазақ хандығының Сыр өңіріндегі ықпалын жою мақсатымен 1516/17 жылдың қысында жорық ұйымдастырады. Шайбанилық тарихшылар жорықтың ұйымдастырылуы туралы қанша марапаттаса, жорықтың немен аяқталғандығы туралы сонша аузын ашпайды. Яғни, біздің ойымызша тағы да бір ірі жеңілісті жазуға олардың дәтімен Жетісу аймағындағы саяси талас-тартыс аяқталып, бейбіт өмір қалыптасады.

Қазақ хандығының оңтүстік пен оңтүстік-шығыс бағыттардағы сыртқы саясатын сәтті аяқтаған Қасым хан 1517 жылдан бастап күш-жігерін батысқа Жайық, Еділ бағытына жұмсайды. XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатыр. «Қасым ханның қасқа жолы» - осының куәсі [11], [12]. Оның жасалуына себеп болған жағдайлар бармаған. Бұл жолы да қазақ ханы Қасым хан мыналар: жаудан айласын асырып, шайбанилықтарға Қасым ханның билігі тұсында Керей күйрете соққы береді. 1516/17 жылғы оқиғадан Жәнібек және Бұрындық хандар кезіндегі қазақ соң Қасым хан қайтыс болғанға дейін Сыр өңірі «Қасқа жол» - деп аталатын заң, қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде Қасым хан тұсында жасалған. Қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатыға көтерілді; Қазақ халқының этникалық территориясы толығымен біріктірілді; Хандық билік этникалық территорияга толық тарап, рөлі артты; Халықтың саны Қасым хан тұсында бірнеше есе өсті; Қазақ хандығының жаңа қалыптасқан жағдайына бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмейді [1].

Міне осы аталған себептер «Қасқа жолды» дүниеге әкеледі. Бұл заңның жазбаша тексі болмаса да қазақ есінде заң атынын жарты мың жыл бойы сақталуы «Қасқа жолдың» қазаққа өте қонымды, қоғамдық қатынастарға үйлесімді болғанын көреміз.

Қасым қайтыс болғаннан кейін, Жошы әулеті сұлтандарының өзара талас тартыстары Қазақ хандығын уақытша әлсіретіп тастады. Өзара тартыста Қасымның мирасқоры Мамаш хан қазаға ұшырады. Хандық тыныс-тіршілігінің қолайсыз факторына өзбек және моғол әкімдерінің қазақтарға қарсы құрған одағын да жатқызуға болады. Сырдария бойының қалалары қолдан кетті, Түркістан уәлаяты Шайбани Убайдаллах сұлтанның қол астына өтті. Қазақ ханы Таһир (1523-33 жж.) Ноғай Ордасымен шайқаста сәтсіздікке ұшырады, Сырдария бойы қалаларын қайтарып алмақ болған оның әрекетінен түк шықпады. Ұрыс-талас Таһирді Жетісуға қашуға мәжбүр етті, мұнда ол қырғыздармен одақтасып, моғол ханы Сұлтан Саидтың осы өңірде өз билігін қайта қалпына келтіру әрекеттеріне тойтарыс беріп отырды. Таһирдың інісі Бұйдаш ханның тұсында қазақтар 1537 жылы моғол ханы Әбдар-Рашидтен қатты жеңілді [13]. Ендігі айтар бірер сөз - Қасым ханның қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде. Шығыс жазба деректеріндегі мәліметтер әр түрлі жылдарды айтады. Дулати мен Хайдар Рази 1518/19 жыл десе, Гафари және басқалар 1523/24 жылды көрсетеді. Қазіргі кездегі оқулықтар мен кейбір зерттеу еңбектерінде ұлы тұлғаның қайтыс болған жылын 1518-23 жылдар аралығындағы кез-келген жылды көрсетуде. Қайтыс болған жылды анықтауда орыс деректерін зерттеген тарихшы А. Исиннің материалдары жәрдемдеседі.

1519 жылы Қазақ хандығының шекарасы Еділге дейін жетіп, Астраханмен шектеседі дедік. 1520-21 жылдың қыс айларында Астраханда Занко Зудов деген рязаньдық 3-4 ай тұтқында болады. Қазақ хандығында болып жатқан оқиғалардың бірталайын ол тұтқында жүріп естиді. 1521 жылдың сәуірінде оның Москваның ұлы князі Василийге жіберген хабарламасында «Осы жылы қыста қазақ патшасы қайтыс болды», - деп жазады. Бұдан басқа көздер арқылы да Москваға Қасым ханның қайтыс болғандығы туралы хабарлар жетсе керек. 1521 жылы июнь айында Түркияға бара жатқан бояр ұлы Василий Михайлович Третьяк-Губинге Василий «Қазақ Ордасы туралы анықтау, қазіргі кездегі қазақтардың патшасы кім және олар қай жерде көшіп-қонып жүр», - соны анықтауға тапсырма береді. Бұдан көріп отырғанымыздай, Қасым хан 1518 жылы не 1523 жылы емес, 1521 жыл қайтыс болған. Қадырғали Жалайыри "Қасым хан Сарайшықта жерленген деп жазады. Ол түсінікті де, өйткені Қасым ханның соңғы 3-4 жыл өмірі Еділ-Жайық бойында өтеді. Қайтыс болғанда Ұлы хан 75-76 жастар шамасында болады.

---

1.Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV - начале XVI в. (Вопросы политической и социально-экономической истории). 72-74 бб.

2.Таварих-и гузида-йи нусрат-наме, л. 97а; МИКХ, 21-6.

3.Азимджанова С.А. К истории Ферганы второй половины XV в. Ташкент,

1957;
4.История Узбекистана. Т. II. Ташкент, 1993.
5.Семеное А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана. //«Труды ИИАЭ АН ТаджССР», Сталинабад, 1954, Вып. I, т. ХП, 36-б.
6.Масуд Кухистани.Тарих-и Абу-л-Хайр-хани, Л., 321 а, б.
7.Пищулина К.А. Казахское ханство во взаимоотношениях с Могулистаном и Шайбанидами в последней трети XV века // Казахстан в эпоху феодализма (Про-блема этнополитической истории). Алма-Ата, 1981, 96-123-б.
8.Муканов М. С. Этнический состав и рассселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата, 1974, 32-33-б.
9.Иванов П. П. Очерки по истории Средней Азии, 36-б. І07Та'рих-и Рашиди, л. 466; МИКХ, 196-б.
10.Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани. Михман-наме-йи Бухара. Рук. ИВ АН РУз, № 1414, Л. 736. В издании Р. П. Джалиловой, 96-б.
11.МИКХ, 222-б. 30 Бахр ал-асрар, 1246; МИКХ, 353-б.
12.Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк), Алматы «Дәуір баспасы» 1995, 158-159 б.

## XX - ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы Қазақстан аумағының территориялық межеленуі

Абылай Найманбаев –
1-курс магистранты

Қазақ халқы ерте заманнан бері жердің құндылығын, қасиетін, оның халыққа береке, тіршілік, өсіп-өніп көркею әкелетінін біліп, оған үлкен жауапкершілікпен қараған. Дөңгеленген жердің халыққа, әсіресе қазақ елінің ата кәсібі көшпелі мал шаруашылығында аса қажет екендігін тереңінен түсінгендіктен, жерді аса қадірлеп, әр кезде оны жанын аямай қорғауға тырысқан. Сондықтан да қазақ даласында «жер дауы» әлі күнге дейін күрмеуі қиын күрделі мәселе болып тұр. Ықылым дәуірге көз жүгіртсек қазақтардың арғы тегі ғұндардың өз заманында жерге ерекше мән беріп, мемлекетінің шекарасын қастерлеп, оны мызғымастай сақтағанын Ұлы ғұн мемлекетінің негізін қалаушы Модэнің (б.з.д.209 ж.) көрші мемлекеттермен шекараға қатысты ұстанған саясатынан байқаймыз. Ата салтты сақтаған Елбасымызда тәуелсіздік алған күннен бастап, ел шекарасын нықтап бекітіп, көршілерімен тату-тәтті өмір сүру қағидасын берік ұстап келеді.

Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік болу жолында қаншама асыл азаматтарымыздың жаны қиылды. Қазақ хандығы құрылған күннен бастап, Керей мен Жәнібек ел аумағының бекем болуына көбірек мән беріп келсе, хан Абылай атадан қалған Алтайдан Атырауға дейінгі аралықты жайлаған қазақ деген елдің территориясын барынша сақтап қалуды көздеді. Осыған байланысты тарихшы-ғалым Б. Кәрібаев: «XV-XVII ғасырларда Қазақ хандығының аумағы қазіргі Қазақстанның алып жатқан аумағымен шамалас болатын. Қазақ хандығы ұзақ уақыт бойы көршілеріне жасаған жорықтарының

нәтижесінде нығая түсіп, өзінің шекарасын қорғай отырып, оның шеңберін кеңейтіп, халықаралық аренада өзінің дербес мемлекет екенін таныта білді»,- деп көрсетеді 1,18б.]. Ал одан кейінгі тарих қазақ халқы үшін қайғы-қасіретке толы десек артық айтқандық болмас. Орыс патшалығының құрамына кірген күннен бастап, қазақ халқы байырғы жаз-жайлауы, қыс-қыстауынан айрылып шөл даланы кезіп кеткені бүкіл дүйім жұртқа жақсы мәлім. Сол кезеңдерде Сырым, Махамбет, Кенесары сынды ерлеріміз ұлт болашағы үшін қанша күрескенімен ел территориясына діттеп еніп кеткен орыс отаршыларына қарсы тұра алмады.Дегенмен, қазақ халқында «елім деген ерлер» көп-ақ. Керей мен Жәнібек, Қасым мен Есім хандардың, Абылай мен Кенесарылардың ізін жалғастырып, бір ғасырға жуық уақыт өткенде тарихи сахнаға Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков, Халел Ғаббасов сынды «ат жалын тартып мінер» азаматтар шықты. Ол -XX ғасырдың бас кезі болатын.Атап айтқанда, 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанда үлкен тарихи оқиғалар болды. 1917 жылы шілде айында Орынбор қаласында өткен жалпы қазақтардың бірінші съезі Ресей құрамында ұлттық автономия құру идеясын күн тәртібіне қойып, оның демократиялық жолмен шешілуіне басты назар аударды. Құрылтай нәтижесінде Ә.Бөкейхан бастаған зиялылар ұлттық демократиялық мақсаттарды көздейтін «Алаш» партиясын құрады. «Алаш»партиясы бірден елдің қоғамдық-саяси өміріне араласып, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғай бастады. «Алаш»партиясының сол кездегі көздеген негізгі үш ұлттық мақсаты болды. Бірінші, қазақ халқын отарлық езгіден құтқару, екінші, тарихи жаңа кезеңде қазақ мемлекеттігін қалпына келтіру, үшінші, қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына қосу.Міне, осыған байланысты Алаш зиялылары 1917 жылы қазан айының 8-17 жұлдызы аралығында Томск қаласында өткен I Сібір облыстық съезіне қатысады.Съезге қатысудағы мақсаты демократиялық жолмен Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деңгейіне көтеру.Шындығында бұл мәселе сол кезде жүзеге асуы өте қиын еді.
Съезге Ресейдің әр аумағынан 182 делегат қатысты. Ал Қазақстанның атынан сол кездегі ұлт зиялылары Ә. Бөкейханов, Х. Ғаббасов, Р. Мәрсеков, А. Айтленов, Ә. Ермеков, Е. Итбаев, С. Досжанов, С. Желкілдеков, И.Тұрмахаметов қатысты[2,12б.]. Съезд әр аймақтан келген делегаттар арасынан жұмысты жүргізу үшін төралқа сайлап,оған мүшелікке Семей облысынан Ә.Ермеков, Ақмола облысынан П.Я.Дербер, ал қазақ зиялысы Ә.Бөкейханов бүкіл ресей ұлттарының атынан сайланады.Съездің басты мақсаты Ресейдегі ақпан төңкерісінен кейін орын алған мемлекеттік құрылымның формаларын айқындау және ұлттардың болашақ мемлекеттік мәртебесінің конституциялық негізін пікірталас арқылы талқылап,бағдарлама қабылдау болды.Съезд мәжілістерінде талқыланған мәселелердің ішіндегі ең негізгі өзегі:Сібір аймағы Ресей құрамында қандай құқықтық жағдайда болуы керек? Оның құрамына енген ұлттардың мемлекеттік формалары федерация ма, әлде автономия болуы керек пе? Ұлттардың тең құқықтық дәрежесі қалай қамтамасыз етіледі? Міне, ел тағдырына қатысты ұйымдастырылған съездің маңыздылығы осында жатқан болатын.Одан кейінгі жылдары да территориялық мәселелерге байланысты бірнеше жиналыстар өтті. Ұлт

зиялылары ел тәуелсіздігі үшін берілмей күрессе, Ресей билігі байырғы қазақ жерін оңайлықпен қайтарып бергісі келмеді.Алаш көсемдерінің білімділігі, келіссөз кезіндегі ойларының ұтқыр болуы мен табандылықтың арқасында ғана еліміздің территориясы бір мемлекеттің құрамына топтастырылып, халықаралық талаптарға сай заңды түрде тұңғыш бекітілді. Оның жүзеге асуы ХХ ғасырдың 20-шы жылдары Қазақ АКСР-ның құрылуымен тығыз байланыстыруға болады. Нақтылап айтар болсақ, 1920 жылдың 26 тамыз күні Қазақ автономиясын құру және оның жер көлемін белгілеу жөнінде декрет дүниеге келді. Бұл айтуға жеңіл болғанымен, қазақ жұртының қылышынан қан тамған қызыл империяны мойындатып, өз алдына ірге көтеруі оңай болған жоқ. Жан берді, жан алысты. Кремльде өткен ұзақ тартыстан соң, қызыл пролетариаттың көсемі – Ленин арнайы қаулыға қол қойды. Бұл жеке азат ел болуды аңсаған Алаш арыстарының жанқиярлық еңбегінің арқасы еді. Сол тартысы мол алқалы мәжілісте болашақта құрылатын Қазақ мемлекетінің шекарасы межеленді. Негізгі тартыс қазақ «автономиясына қандай жерлер кіреді?» деген мәселеге келгенде қатты ушыққаны белгілі. Бірақ Алаш арыстары алға қойған мақсатына жетпей қоймады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков Қазақ мемлекеті алдындағы тарихи миссиясын осылайша орындап шықты.Сол кезде небәрі29 жастағы Әлімхан Ермеков Әлихан мен Ахметтің дем беруінің арқ асында азулы топтың алдында Қазақ жерінің шекарасы жайында баяндама жасады. Ол баяндамада Астархань, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Закаспий, Самарқан, Фергана облысы мен губернияларын қамтитын, жалпы көлемі 3467922 шаршы шақырым жерді Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының құрамына беруді сұрады. Көрсетілген жердің 81 пайызын тұрғындарының саны 5,5 миллион болатын қазақтар пайдаланатын. Бұл көрсеткіш сол аймақтардағы тұрғындардың 54 пайызын құрайтын еді. Сол мәжілісте отырғандар Ермековтің айтқандарына толықтай болмаса да қосылатынын білдірді. Бірақ мұны жеңіс деуге ертерек болатын. Өйткені ендігі кезек автономияның аумағы мен тұрғындары туралы ұсыныстарды Лениннің алдында қорғап шығу керек еді. 12 тамыз күні Лениннің төрағалық етуімен өткен мәжілісте Әлімхан Ермеков бар күш-жігерін салды. Өйткені, ол иісі қазақтың тағдыр-талайы шешілетін кез дәл осы тұс екенін жан дүниесімен сезінді және жағдайды аса жетік білетіндігі һәм шешендігі арқасында өз айтқандарымен Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Ленинді иландыра алды. Тіпті көзбе-көз сөйлесуден кейін, қазақтың уысынан шығып бара жатқан Атырау өңірін де Алаш жұртына мәңгіге қайтарып берді. Соның өзінде ресей тарапынан Сібір ревкомы 1922 жылға дейін солтүстік облыстарды Қазақстанға қоспауға тырысып бақты, бірақ ақыры көнді. Егер қазақтардың осы уақытқа дейін көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығын басты кәсіп ретінде сақтап қалғанын назарға ілсек, онда бұл облыстардың өзара тығыз байланысы бар екенін ерекше ескеру керек. Осылайша Алаш арыстары

тұғыш рет алаш жұртының шекарасын ресми түрде бекітті. Бұл олардың халық алдындағы аса үлкен еңбегі деуге әбден болады. Алаштанушы ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбай былай дейді:
– Әлімхан Ермеков өз сөзінде мынадай пікір айтыпты: «Қазақстан шекарасын анықтау барысында мұқым өлкенің этникалық, экономикалық және мәдениеті анық көрініп тұр. Сондықтан да Қазақ автономиялы республикасын құру тек солтүстік және оңтүстік облыстардың арасындағы шекаралық тұтастықты сақтаған жағдайда ғана мүмкін әрі нақты өмірлік сипат алады. Бұл мәселе керісінше шешілген жағдайда автономия тіршілік көзінен айырылады. Сонымен қатар, мәдени, экономикалық және аралас облыстық орталықтарда талап етіп отырған территорияның құрамында қалып қояды. Бұл орталықтарсыз оңтүстік облыстарэкономикалық, шаруашылық, мәдени ашаршылыққа ұшырап, тірі өлікке айналады. Осы пайымдауларды ескере отырып, Қазақ автономиясының шекарасын көрсетілген шекара бойынша бекіту қажет. Орынбор қаласы уақытша орталық ретінде қарастырылуы керек» [3].Ермековтің айтқаны шындық еді. Егер де Сібір ревкомының ырқына көнетін болсақ, бүгінгі Қазақстанның бес облысы: Шығыс Қазақстан, Семей, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау Ресейдің территориясында қалуы керек болды.Егер сол Астраханьдық делегацияның сөзіне сенетін болсақ, онда қазіргі Орал, Атырау, Маңғыстау облыстары Ресейдің құрамына кету керек болатын. Міне, осы мәселені қойып, оны заңдастыру, қазақ жерінің әр пұшпағына дейін анықтап, ондағы тұрғындар мен олардың күнкөрісіне дейін нақтылап айқындау, Әлихан Бөкейханның кеңесі мен Әлімхан Ермековтің мойнына жүктелген болатын. Олар сенімді ақтады. Мәжілісте Әлихан Бөкейханның, Әлімхан Ермековтің, Лениннің тікелей ықпалы болмағанда және осы сөзді Лениннің нұсқауына тіреп, «Лениннің нұсқауын орындайсыңдар ма,жоқ па!» деген Ахмет Байтұрсынұлының қатты айтқан сөзінің нәтижесінде ғана қазақ автономия-сын құру туралы мәселе шешілген. Енді осы белгіленген территорияның нақты шекарасын анықтау керек деген шешім түсті.Қазақ автономиясын құру және оның территориясын белгілеу туралы жұмысы ушығып бара жатқанын сезген Ленин 12, 14, 18 және 19 тамыздағы комиссия отырыстарын өзі басқарады. 24 тамызда Ленин: «Қаулы дайын. Әлімхан Ермековтің қайта баяндама жасағаны дұрыс. Осы бойынша заңдастыру керек» деп шешім шығарады. Осы шешім қабылданып шыққаннан кейінгі сәтті Әлімхан Ермеков естелігінде былай жазады: «Өзімнің табысыма масаттанып, риза болып шықтым. Ол кезде бар-жоғы 29 жаста едім. Біздің делегация да қолымды алып жатты. Қарасам, Бөкейханов жоқ екен. Бәріміз дәлізге шықтық. Қазақстанның делегация құрамы он бестей адам болатын.Бәріміз Әлихан Бөкейхановты тостық. Әлекең Ленинмен пікірлесіп, әңгімелесіп қалған болатын.Он бес, жиырма минуттан кейін ол кісі де шықты. Әлихан Ленинге бекітілген шекараға тездетіп қол қоюға өтініш етіпті, Ленин орындауға уәде беріпті»[3]Сонымен жалпы отырыста бекітілген территорияны қазақ автономиясының территориясы етіп бекіткен бұйрық 26 тамыз күні баспасөзде жарияланды.

Міне, содан бастап бүгінгі Қазақстанның территориясы қалыптасты. Бүгінде әлемде жер көлемі бойынша тоғыздықта тұрған қазақ территорясына кез-келген

ел қызыға да, қызғана да қарайтыны анық.Ал, осының бәрі Алаш ұлдарының арқасы екенін, біздің ұрпаққа қалдырған үлкен аманат екенін ұмытпауымыз керек.

1. Кәрібаев Б. Түркістан және қазақ хандығы. - Алматы: «Ғылым», 1999. – 64б.
2.Сейдін Н.Б. ҚР Мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы. - Алматы,2006.
3. Жұртбай Т. Көтеріліп басылған жанартау. – Түркістан, 2011.
4. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. - Алматы: «Ғылым», 1998.т.1.с.280.
5.Декрет об Автономной Киргизской Социалистической Советской Республике. АПРК.Ф.140, Оп.1, д.1а.
6.Протокол первого съезда казахов. АПРК.Ф.140,Оп.1, д.14. Л.56.

## Көрнекті өлкетанулық библиограф

Айдана Намазова –
4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Т.Ә. Төлебаев

Өлкетану библиографиясы – қай жерде, қай тілде шықпасын өлкеге қатысты әдеби, тарихи, ғылыми еңбектердің жиынтығын құрап, насихаттайтын ғылыми-тәжірибелік қызмет саласы. Өлкетанулық кітаптар қорларын жинау, пайдалану, ғылыми тұрғыдан сипаттау, библиографиялау тәжірибелік және теориялық жағынан алғанда кітапхана ісі саласының маңызды және өзекті мәселелерінің бірі болмақ. Өлкетанулық библиографиялық ақпарат алдымен мемлекеттік ұйымдарға, ғылыми қызметкерлерге өлкені басқару табиғи ресурстарын зерттеуде өлкенің экономикалық және мәдени дамуында маңызды көмек көрсетеді. Сондықтанда бүгінгі таңда қазақ өлкетану библиографиясының дамуына, библиографиялық құралдарды құрастырып өзіндік із қалдырған тұлғалар туралы зерттеулер жүргізу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сондай тұлғалардың бірі - Царев Григорий Павлович еді. Ол 1907 жылдың 15 қарашасында Ленинград облысы, Крестецкий ауданының Сергеево деревнясында орта шаруаның отбасында дүниеге келген. 1922 жылы бес кластық селолық мектепті бітіріп, 1929 жылға дейін әкесінің шаруашылығына көмектесті. Ал 1929 - 1932 жж. әскер қатарында болып, 1934 жылдың тамыз айына дейін Ленинград облыстық ВКП(б) комитетінің жолдамасымен әйелдер колониясының база бастығы қызметіне тағайындалды. Сол жердің жолдамасымен Ленинградтағы Н. К. Крупская атындағы саяси-ағарту институтының кітапхана факультетінің дайындық бөліміне түседі[1].

1939 жылы 21 тамызда институтты бітірген маман Қазақстандағы А. С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының библиограф қызметіне тағайындалды. Ол қарапайым библиограф еңбегімен көзге түсіп өзінің білімділігі, іскерлігі нәтижесінде бөлім меңгерушілігіне жоғарылайды. 1941 жылы желтоқсан айында әскер қатарына шақырылып майданға аттанады.

Ұлы Отан Соғысында көрсеткен ерлігі үшін Қызыл Ту ордені мен Отан соғысының II-дәрежелі медалімен марапатталады. Белорус майданында 12-артиллериалық дивизиясының батарея командирінің орынбасары, қосымша дивизия кітапханасының меңгерушілігін атқарған капитан шеніндегі майдангер соғыс аяқталған соң бұрынғы қызметіне 1946 жылы қайта оралды. 1956 жылы оған ғылыми жұмыстармен айналысатын бас библиограф міндеті жүктелді. Кітапхана ісін дамытуға қосқан еңбегі үшін 1957 жылы 19 қарашада ҚазССР Жоғары Кеңесінің Жарлығы бойынша сол кезеңдегі анықтама-библиографиялық бөлімнің меңгерушісі Г.П. Царевқа "Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген кітапханашысы" құрметті атағы берілді. Ұзақ жыл кітапхана ісіне сіңірген еңбегі мен облыстық кітапханаларға көрсеткен әдістемелік жәрдемі, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін 1966 жылы 4 мамырда ҚазССР-і Мәдениет министрлігінің тарапынан құрмет көрсетіліп, кейін де бірнеше рет алғыс алды.

Г .П. Царев кітапхананың анықтама-библиографиялық бөлімін 20 жылдай басқарды. Оның ұйымдастырушылығымен өлкетану картотекасының негізі қаланып, үздіксіз толықтырылды. Өлкетану картотекасы қазіргі кездегі барлық анықтамалық жұмыстар мен Қазақстан туралы көрсеткіштің негізіне айналды. Өлкетану картотекасын ұйымдастыру ісіндегі тәжірибелерін жетілдіре жүріп, қол жеткен табыстар мен кітапхананың анықтама- библиографиялық жұмысын баспасөз бетінде насихаттап отырды. Облыстық кітапханаларға жиі-жиі іссапармен шығып анықтама-библиографиялық құралдарды ұйымдастыру, оқырманға қызмет көрсету ісінде библиографиялық көрсеткіштерді пайдалану және жергілікті мәні бар өлкетану әдебиеттерін насихаттауға қажетті библиографиялық көрсеткіштер шығару жөнінде нұсқау беріп, көмек көрсетуден жалыққан емес. Ұлттық кітапхана жанынан өлкетану әдебиеттерін анықтама-библиографиялық жұмысында қолданудың әдістеме-тәжірибелік курсын ұйымдастырып, облыстық кітапхана библиографтарына үйрену мектебін ашты. Өлкетану библиографиясының облыстық және аудандық кітапханаларда іс жүзінде өрістеуіне жол ашып, жергілікті оқырмандарға анықтама-библиографиялық қызмет көрсетілуін қадағалады.

1966 жылы облыстық, қалалық, аудандық және ауылдық кітапханалардың өлкетану анықтама-библиографиялық құралдары жөнінен арнайы кеңесші-нұсқаулық жазып таратты. Онда өлкетану каталогы, өлкетану картотекасы, ағымдағы жергілікті басылымдардың картотекасы, анықтама-библиографиялық құралдардың қоры, өлкетану тақырыбына арналған жазбаша анықтамалардың қоры, өлке жөнінде жазылған газет мақаласы қиындыларының папкасын іс жүзінде ұйымдастыру және оны анықтама-библиографиялық қызметіне пайдалану жолдарын нақтылап, кеңес берді. Сөйтіп Г. П. Царев өлкетану библиографиясын дамытудың теориясы мен практикалық алғы шарттарының іс жүзіне асырылуына негіз қалады.

Осылайша негізі қаланған өлкетану картотекасын пайдаланып жасалған анықтамалардың мазмұны да қызықты. Оның ішінде Қазақстан Сыртқы Істер Министрлігінің тапсырысымен орындалған «Қазақ халқының көне дәуірден 1917 жылға дейінгі халықаралық және дипломатиялық қатынастары тарихының

библиографиясы», Орталық мемлекеттік мұражайдың тапсырысы бойынша жасалған "Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс", Семей облыстық партия комитетіне қажет болған "Семей облысының төңкеріске дейінгі кезеңі мен 1917-1933 жылдардағы ауылшаруашылығы" анықтамалары тарихи құндылығымен көңіл аударады [2].

1941 жылы библиографтар Н. Сәбитов, А. Карнауховамен бірлесіп, «Қазақ ССР баспасөздерінің библиографиялық көрсеткішінің» орыс тіліндегі бөлігін даярлады. Онда 1917 - 1939 шыққан газет, журнал, бюллетень және Еңбектер ("Труды") қамтылды. Бұл көрсеткіш Қазақстан баспасөзі тарихын зерттеушілер үшін пайдалы құрал болуымен қатар, тарихи құнды жәдігер. Г.П.Царев 1957 жылы Ұлы Қазан Социалистік революциясының 40 жылдығына арнайы орыс тілінде шығарылған "Қазақ ССР-і" қысқаша анықтама деректер мен әдебиеттер көрсеткішінің ішінде КСРО мен Қазақ ССР-і Жоғары Кеңесінің қаулысына сүйене отырып «Қазақстандағы 1920-1956 ж.ж. әкімшілік территориялық бөлінісіндегі өзгерістер», «Қазақстандағы Ұлы Октябрь Социалистік революциясы мен азамат соғысы», «Қазақстан соғыстан кейінгі кезеңде», «Қазақстан облыстарының табиғи байлығы мен экономикалық дамуы» тарауларын дайындап, библиографиясын тізді [3].

Г. П. Царевтің библиографиялық қызметінің үлкен бөлігі Қазақстанның көне және қазіргі тарихынан аса мол деректер жинастырып қазақ тарихының библиографиясын толықтыруға арналды. Жинақталған әдебиеттерді тарихи кезендерге бөліп тақырыптық жүйеге түсіріп жариялап отырды. 1963 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің ғылыми жазбалар жинағында В.В.Андронников екеуі «Қазақстан тарихының 1961 жылғы библиографиясын» жариялады. Онда Қазақстанның төңкеріске дейінгі тарихы, археологиясы, 1917 жылдан кейінгі тарихы, Азамат соғысы жылдары, Ұлы Отан соғысы, тың игеру кезеңі мен Қазақ ССР-інің 40 жылдығы жөніндеғі 300- ден астам кітап пен мақалалардың дерегі берілген. Г.П.Царев 1964 жылы КазМУ-дың тарих кафедрасы мен ҚР ССР мемлекеттік кітапханасының библиографтары бастамасымен шығарылған "Қазақстан тарихы туралы библиографияның" төңкеріске дейінгі кезеңіне арналған көрсеткішінің 1-басылымын құрастырушылардың бірі болып, осынау аса күрделі әрі мазмұны терең ғылыми басылымның ойдағыдай атқарылуына үлес қосты.

Г .П. Царев ауыл шаруашылығы саласының ең өзекті мәселелері тақырыбына арнап ауыл шаруашылығы машиналары, техникалық, бақшалық және дәнді дақылдар агротехникасы, мал шаруашылығы, сауыншы, қойшы, бақташы, ферма меңгерушісі тағы басқаларға қажет орталық, республикалық баспалардан шыққан ғылыми-өндірістік, анықтамалық, оқулық кітаптарды ұсынып отырды.Ол ағымдағы ғылыми жаңалықты қалт жібермей жұртшылық назарына тосуға әзір болатын. 1949 жылы "Мичуриннің биологиялық ғылымы туралы не оқу керек" ұсыныс көрсеткішінің орыс тіліндегі бөлімін әзірледі. Онда Ч. Дарвин, К. А. Тимирязев, К. К. Докучаев, П. А. Костычев, В. Д. Вильямс, Т. Д. Лысенконың еңбектері мен мичуриндік биологияны дамытудағы жетістіктері жөніндегі шығармалар тізілген. Сондай-ақ мичуриндік ілімнің Қазақстандағы өріс алуы туралы басылымдарды ұсынып, оның қатарында В. А.

Бальмонт, И. Г. Галузо, К. Мыңбаев, Қ. И. Сәтбаев шығармаларын атайды[4].

Г .П. Царевтің библиография саласындағы еңбегінің үлкен жетістігі 1982 жылы "Қазақстан" баспасынан шыққан "Қазақстан библиографиясының библиографиясы" көрсеткішінде көрініс тапқан[5]. Бұл библиографиялық көрсеткіш библиограф-мамандардың қолынан түспеуге айналған анықтамалық есебіндегі құрал. Оның өзіндік себебі де бар, өйткені Қазақстанда бұған дейін библиографияның бұл саласында ондай құрал болмағанды. "Қазақстан библиографиясының библиографиясы" көрсеткішінің айырықша ерекшелігі әуелі қолжазба библиографиялық көрсеткіштер мен тізімдерді қамтыса, екіншіден әрбір аталған құралда қанша, қандай әдебиеттер барын ескертіп, қамтылған кезеңін көрсетеді. Және бір құнды жағы көмекші бөлімдегі сілтемелер кітап бетіне берілсе де дәлдігімен көрсеткіштің анықтамалық сипатын арттырып тұр, бұл автордың баспамен тығыз байланыс орнатып, өз ісін тиянақты қадағалауға алғанын байқатады. Көрсеткіштің ең басты құндылығы Қазақстан ғылымы, мәдениеті, халық шаруашылығы салаларының библиографиялық деңгейін зерттеуші ғалымдар мен мамандарға оның бар кілтін ұстатады. Ол елтану библиографиясы саласындағы алғашқы көрсеткіш.

Г. П. Царевтың библиографиялық қызметтегі елеулі еңбегінің бірі кітапханада шығатын ағымдағы библиографиялық құралдардың тақырып аясын кеңітіп байытуы . Оның тікелей қолға алуымен кітапханада "Атаулы және еске алынатын күндер", "Қазақстан туралы жаңа әдебиеттер", "Қазақстан туралы әдебиеттер жылнамасы" шығарылса, олар күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл оның өмірдегі өзекті мәселелерді тап басып, алдағыны алыстан межелей білетін көрегендігін көрсетеді.

Қорыта келгенде, Г. П. Царевтің өз ісінің шеберлігі мен ұлт библиографиясын дамытудағы ерлік үлгісін қазіргі мен деген қазақтың ешбір қайраткер ұлы қайталай алған жоқ. Сондықтан ол қызмет істеген жылдары қазақ библиографиясын өркендету жолында еңбектенген С. Ақашев, Қ. Шалабаев, К. Ш. Бекмұхамедов сынды жанды энциклопедияға айналған библиографтардай бөріктіні бүгінде кітапханадан табу қиын-ақ .

---

1. Байболсынова А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері.-Алматы:ҚР Ұлттық кітапханасы, 1998.-194б .

2. Царев Г. П. О краеведческой библиографии // Казахстанская правда.-1951.-№3. 9 с

3. Царев Г.П., Элконина Ф.И. В помощь изучению агротехники технических и овощных культур // ГБ КазССР,Алма-Ата,1949.-4с

4. Акашев С., Царев Г .П. Что читать о мичуринской биологической науке (1945-1949) // ГБ КазССР.- Алма-Ата: КазОГИЗ,1949.-23с.

5. Библиография библиографии Казахстан:указатель//Сост.Г.П.Царев.-Алма-Ата:Казахстан,1982-450 с.

## Көшпелі қоғамда мемлекеттіліктің қалыптасу мәселелері

Алмат Нартай -

1-курс магистранты

Қазіргі таңдағы маңызды тақырыптардың бірі қазақ мемлекеттілігінің және билік жүйесінің даму тарихы мен бастаулары. Бұл мәселенің Дала өркениетінің аясында талдануы заңдылық. Дала көшпенділердің құрған мемлекетінің өзіндік ерекшеліктері болды. Зерттеулердегі пайымдауларда жоғары биліктің мемлекеттік институциялануға ықпалы тұрғысынан қарау басымдылық алды. Көшпелілер империялық мемлекет құрды. Ғұн империясы, Түрік империясы өзінің территорриялық кеңдігімен ерекшеленіп, билік жүргізудің күрделі қатынастарын қалыптастырды. Көшпелілер құрған империяның ерекшелігі әлеуметтік ұйымында тайпалық қатынасқа негізделген генеалогиялық көпсатылы иерархиялық белгінің болуын; империядағы үштік және екілік әкімшілікке бөлінуі; әскери-иерархиялық қоғамдық ұйымның болуын; биліктегі мұрагерлік жүйесінің ерекшелігі, құрылтайдың қызметіне Н.Н.Крадин өзінің зерттеулерінде баса назар аударады[1]. Томас Дж.Барфильд көшпелі империясының ұйымы «империялық конфедерация» түрінде және ол сырт жағынан алғанда автократиялық болып көрінгенімен, ішкі құрылымы тайпалық қатынасқа негізделген деп көрсетеді[2].

Көшпелілер тұрмысы, мәдениеті және әлеуметтік-саяси құрылымы сырттан қарапайым болып көрінуі заңдылық. Сондықтан болар көшпелілер қоғамы алғашқы даму сатыдағы әлеуметтік ұйым ретінде қарастырылу басым болды. Көшпелілер қоғамының даму деңгейі қандай болды деген сұрақты эволюциялық тұжырымды қолдайтын зерттеушілер жиі талқыға салды. Оған қатысты түрлі көзқарастар да айтылды. Зерттеушілердің бір бөлігі көшпелілір ерте мемлекеттік деңгейге жетті десе, екіншілері көшпелілір өркениеттік деңгейге көтеріле алмады деген қорытындылар жасады. Қазіргі таңда бұл сұрақтың мазмұны өзгерді. Көшпелілір тарихын зерттеушілер арасында көшпелілер қоғамы күрделі әлеуметтік ұйымдасуын дәйектей келіп көсемдіктің шарттылығы арқылы «мемлекет»- деген ұғымға қатысты берілетін басты анықтамаларға жаңа тұжырымдар енгізді. Меншіктің болуы немесе әлеуметтік қайшылықтар емес, көшпелі қоғамдағы билік мәселесіне баса назар аударады.

Қазақ мемлекеттілігі ежелгі түрік және моңғолдық ұлыстық жүйелері туғызған қазақ жеріндегі жетілдірілген түрі. Ол біріншіден, сақ, үйсін, қаңлы, Батыс түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ, қағанаттарының, Қарахан мемлекетінің, Наймандар мен Керейттердің ерте феодалдық ұлыстарының жиынтығынан, екіншіден Қыпшақ Одағындағы тайпалар бірлестігінің, кейіннен Қыпшақ Ұлысының құрамындағы тайпалар негізінде, ең бастысы Қыпшақ Ұлысының сол қанатындағы – Орда Ежен немесе Ақ Орда мемлекетінің негізінде қалыптасып, пайда болған [3].

Мемлекеттің белгілеріне этноаумақтық, ортақ тіл, мемлекеттік заң жатады. Бұлардың бәрі қазақ жерінде ежелгі замандардан кейінгі ортағасырларға дейін мемлекеттілік процестердің сабақтастығын көрсетеді, сақ дәуірінен бастап, ежелгі қазақ жерінде болған мемлекеттердің бәрі мемлекет басқарудың дәстүрлі институттарын сақтаған. Орталық Азияның далалық аймағында мекендеген көшпелі халықтардың мемлекеттілік тарихына тоқталған жөн.

Сақтар жан – жағынан жау қысқан майдан жағдайында көшпенділікпен өмір сүрді. Саяси құрылымы жоғарыда аталған ерекшеліктерге сай болды. Көне жазылымдарға қарағанда, сақ бірлестігін хан басқарды. Әрбір тайпа бірліктерінің өзіндік ханы болды. Хан мұрагерлік жолмен сайланды. Егер өзі өлсе, орнын ұлы, ал ұлы болмаған немесе кәмелетке толмаған жағдайда ханның ең сенімді әйелдерінің бірі басқаратын болған. Біз мұны массагеттердің әйел патшасы Томиристің өмір тарихынан білеміз. Хан ел басы, ел мен жердің иесі, бас қолбасшы болғаны байқалады. Ханның жанында ірі-ірі тайпа басшылары және әйгілі батыр қолбасшылардан құралатын хан кеңесі жұмыс істеген. Жорыққа аттану, хан сайлау сияқты аса ірі мәселелер хан кеңесінде шешіліетін болған.

Сақтарда ресми заң ережесі болмаған. Рулық және ру аралық қалыптасқан ішкі тәртіп заң ретінде танылған. Жауға берілу немесе жау алдында қажырсыздық таныту бас қылмыс, ал ру тайпасына, ханына, қолбасшысына адал болу әр адамның азаматтық борышы саналған. Сақ бірлестігі мәңгі соғыс жағдайындағы саяси одақ болғандықтан, жау-жар мәселесі ұдайы күн тәртібінде тұрған. Сақтар аса жауынгер болды. Батырларын пір тұтса, қас жуына еш аяушылық болмаған. Олардың жауына қаталдығы соншалық соғыста өлтірілген жауының қанын ішіп, басын хан иесіне тарту ететін болған. Жауларының бас сүйегінен сусын ішетін ыдыс жасап, жон терісінен өрім өргені туралы деректер бар [4]. Олар еркек, әйел демей жан біткені ел жерін міндетті болған. Ел ордасы үнемі көшіп- қонып отырған. Бірлестік ханы немесе ұлы хан қайсы тайпадан шықса, сол тайпаның ордасы бас орда саналған. «Герром дәриясының арғы жағынан ханның иелік жері басталды, онда скифтердің ең қаһарман, ең бір саны көп тайпасы тұрады, олар скифтердің басқадай топтарын өздеріне бағынышты деп санайды», - деп жазады Геродот. Сақтардың жан саны жайлы дерек жоқ. Геродот сақтардың саны тым көп болмаған деп көрсетеді. Сақтардың өздерінің жан санын анықтау үшін түрлі әрекеттер жасағаны байқалады. Геродоттың хабарлауынша: «Сақтардың Арриан атты бір ханы қарамағындағы халықтың санын білмекке әрекет жасаған екен.Ол үшін әлгі хан әрбір адам бір-бірден жебенің ұшына келіп тапсырсын, тапсырмағандарының басы алынсын деп бұйырған. Жиналған жебе ұшының көптігі соншалық хан олардың санына жете алмай ақыры жебеден өзіне арнап ескерткіш құйдырған екен» [4]. Бұл дерек сақтардың жан санының тым аз болмағандығының куәсі болса керек.

Сақтардың қоғамдық құрылымы мемлекет басқарудың институттік жүйелері айшықтала қоймаған жаугершілікпен өмір кешкен ерте феодальдық жағдайда болыпты. Мемлекеттік институттар жайлы нақты деректер кездеспейді. Тек Арриан ханның тапсырмасымен жекелеген аймақ немесе билігіндегі тайпаларды басқару үшін Сатраптар туралы белгіленген [5]. Бұл моңғол дәуіріндегі даруға статусындағы жергілікті аймақтық басқару жүйесі болса керек. Арриан жергілікті биліктің екінші сатысы ретінде әскери-тайпалық аристократтарды атайды. Грек авторларының талдауларына қарағанда, сақ қоғамы тап, тарап жүзінде айқын екшеле қоймаған сияқты. Ежелгі грек авторларының көрініп қалатын «атты» және «жаяулар», ру, тайпа басылары

және қауымдастар, бақсы балгерлерден өзге айта қоярлықтай қоғамдық тараптық салты байқалмайды.

Сақ патшалары халқын ымырашылдықта ұстауға тырысқан. Көрші халықтармен де тыныш бейбіт қатынаста болуға ұмтылған. Көрші елдердің елші, жаушыларын қабылдап , оларға өз елшілерін үзбей аттандырып отырғаны байқалады. Іле, Жетісу, Сібір және Алтай сақтары Ди, Шивей, Сібір халықтары және қытайлармен, сафроматтар Қара теңіздің арғы жағындағы скиф, славян топтарымен, Сыр бойындағы сақтар Хорезм, Бахтрия және Ахаменилiктер кезеңінен соңғы уақыттарда парсылармен тығыз қарым-қатынаста болыпты. Сақтар Ахаменилiктерге басыбайлы жұрт емес, олардың одақтасы саналған көрінеді. Сақтардың дипломатиялық дәстүр, салты жайлы Геродот былай деп жазады: «Скифтер әуелі қыш құмыраға  келісімге қатысушылардың қаны қосылған ішімдік құйылады.Сосын құмыраға ай балта, найза, семсер байланады. Қатысушы жақтардың бата, тілегі айтылған соң ресми келісімге қатысушылар және куәгерлер ішінен аса қадірлі, жасы үлкендерінен бастап сусын ішіледі» екен. Бұл екі жақ ресми ант-келісіміне отырды деген сөз. Мұндай «ант-су ішісу» немесе ант келісімін жасау рәсімі Түрік және Шивей-моңгол халықтарының арасында XYIII ғасырға дейін жалғасып келді. Біздіңше бұл тек сақ және түрік халықтары ғана емес ежелгі барлық көшпенділерге тән құбылыс болса керек. Сақтар жаушы арқылы да өз шарттарын қоятын болған. Бұған массагеттердің әйел патшасы Томиристің өз жаршылары арқылы Кирпатшаға қойған шарт талабы дәлел бола алар еді [6].

Шығыс сақ-үйсін, қаңлылармен қатар Қазақ даласында мемлекеттік үрдіс салттың терең ізін қалдырған келесі бір жүйе ол Хун  (Ғұн) мемлекеті еді.

Хундардың негізгі тобын Түрік тайпалары құрады. Модун Шань Юй тұсында Хундар империялық биліктің асқарына шықты. Шығысы Ляо өзені Ордостан, батыс шебі Түркістан, солтүстігі Байкөлден Қытайдың батыс шекарасына жетіп, хан әулетін әйгілі Ақ қамалын тұрғызып қорғануға мәжбүр етті. Хун империясының батыс бөлігін Үйсін, Қаңлылар құрады. Конфедералдық  тұрпаттағы Түрік мемлекеттерінің  әрқайсысының өзіндік ханы, елінің шеп- шекарасы,әдеттегі заңы, ел қорғайтын қарулы қолы, ежелгі түріктің тілі, мәдениеті болды. «Көгменнен Қырғыз жеріне дейін 7 күншілік жол, - деп жазады В.Бартольд,-мұнда елінің ұйытқысы саналатын Қырғыз қағанының әскери лагері тұрады, онда апаратын үш жол бар: бірі Тоғыз Оғызға қарай оңтүстікке,бірі Қимақ, Қарлұқтарға қарай батысқа, үшіншісі – далаға апаратын жол» [7]. Сол дала мемлекетінің бірі Үйсіндер еді. Үйсіндер қазіргі Ыстық көлдің маңында Чику атты астана құрды. Неше он мыңдаған айбынды қарулы қол болды [8], Қытайларға неше дүркін елші аттандырды.

Өзінің ішкі қайшылықтарынан болып Хун мемлекеті Б.Ж.С бұрыңғы 57-55жылдары екіге бөлінуіне Үйсіндердің үлкен ықпалы болды. Хундардың батыс бөлімі Қаңлылардың көмегімен батысқа жол тартып Каспий мен Дунай аралығын қамтыған ірі мемлекет құрды. Батыс Хун, мемлекеті қазіргі Батыс Қазақстан өлкесінің көлемді үрдісін қамтыды. Хундар мұнда мемлекеттіктің бірер сындарлы ерекшеліктері бар 24 тайпа бірлігінен құралатын. Қажеттілік туғанда әрбір тайпа өз қолын жасақтап жүздік, мыңдық болып атқа қонады.

Мыңдық , жүздік тайпа басына, ал тайпа басы орталық билікке немесе Шань-Юйға бағынады, өйткені Шань Юй елдің қарулы күшінің бас қолбасшысы саналады. Біріккен қол жауға аттанғанда әр тайпаның қолы жұбын жазбайды, қан майданда өз орнын тастап кетсе басы алынатын болған. Әрбір ер адам елі мен жерінің қорғаушысы, сарбазы саналады.

Хун мемлекетінің алғашқы Тәңір құты әйгілі Тумен еді. Ресми жолдама, бас Шань Юйдің таққа отыру оқиғасын рәсімдеу сияқты үрдіс ережелері осынау Тумен Шань Юйдің тұсында қалыптасты.

Хундар кезінде Орхон-Түркі жазуында ұқсас өзіндік таңба жазуын қолданды. Модун Шань Юйдің ұлы Ляо Шань Юй Қытайларға құлаш-құлаш тамғалы хаттар жолдағаны жайлы дерек бар. Қазіргі Моңғолияның Ноян тауы және Хун өзенінің бойында жүргізілген археологиялық қазбаларынан табылған деректер осыны растайды [9].

Далалықтардың мемлекет үрдісінде хан ордасын құру немесе астана ордасын белгілеу салтын да өмірге Хундар әкелді. Хун Шань Юйдің екі ордасының бірі Ордос, енді бірі Орхон және Тула өзенінің аралығында болыпты. Хундардың осынау «екінші» деп отырған астанасы Түркі жазбаларында кездесетін «Утукен текрім» немесе «Отгон тэнгэр» жотасының бөктеріндегі әйгілі Қарақорым болуы мүмкін. Өйткені Қарақорым соңынан Түркі қағанаты, Керейт және Моңғол қатарлы далалықүш бірдей мемлекет орда құрған жұрт.

Қытайдың Гунь Му жазбасына негіздеп Н.Я.Бичуриннің айтуынша дала көшпенділері тарихында мемлекет билік жүйесіне «хан» лауазымын алғаш Тобаларәкелген және Тобаның «хан» лауазымы Хундардың Шань Юй лауазымымен парапар болған [10].

Дулағат тайпасынан шыққан Түрік мемлекетінің алғашқы ханы Буман жоғарыда аталғандардың қай- қайсынан үстем түсу үшін 552жыл өзін түріктің «Ел қағаны» деп жариялады. Орхон ескерткішіндегі тас жазуында көрсетілуі бойынша, «Қағаны бар ел едік қой біз...бүгін сөйткен қағанымыз қайда?» - деп Түріктердің зар жылауы міне сондықтан болса керек
Түрік хандарының сындарлы рәсімдері болған. Тоғыз оғыз хандарының рәсімдері жайлы В.В.Бартольд былай деп жазады: «Тоғыз оғыз қағаны ордасында әдейі төселген киізде отырған, інжу моншақпен әшекейленген алтын белбеу буынған... ол көпшіліктің қатысуымен жиын құрғанда, басына тәжі киген. Егер қаған аттанса, қаруланған мың адам бірге атқа қонған» [11].

Үйсін, Қаңлы мемлекеттерінің қуаттылығы соншалық тек үйсіндердің халқының саны 630мың , қарулы қолының саны 188 800 ге жетсе қаңлылар 90 мың қол атқа қондырылатын қауқары болған. Аталған мемлекеттер көрер көзге хундардың батыс қанаты саналғанымен, іс жүзінде өз билігі өзіндегі дербес жүйе болған. Екеуі де күміс және қоладан ақша соқтырған [11].

Қазақтың мемлекеттілік тарихында елеулі рөл атқарған ұлыстардың бірі – Қимақтар. Олар Түрік қыпшақтардың негізгі бір бөлімі ретінде біздің жыл қайыруымыздың бірінші ғасырының екінші жартысынан белгілі болды. Қимақтардың мемлекеттілік тарихы Б.Е.Көмековтың еңбегінде біршама толық жазылды. «Қимақтың билеушілері хан деп аталды, оның 11 уәзірі болды,

әрқайсысы өздеріне қарасты аймақтарды мұрагерлікпен басқарды» Әл-Идрисидің «Нузхат ал-муштак...» атты әйгілі еңбегінде хабарлауы бойынша Қимақ хандарының он алты қаласы болды. Хан отырған қаласы «хан қала» немесе бас қала саналды. Бас қала қамалмен қоршалып, темір қақпалармен апталды. Бас хан билігін хан от басынан шыққандар мұрагерлікпен жалғастырды. Хан алтынмен апталған киім, алтын тәжі киетін болған. Хан ордасының сындарлы билік ережесі болды. Ереже бойынша хан жылына төрт мәрте қарамағындағы халқының алдына шығатын болған. Ханның қол астында хажиб, уәзірлері болған, олар мемлекетке адал қызмет атқарған. Қимақтар қоладан ақша соққан. Жері алтынға бай болған. Елдің Ханы халықтан жиналған алтыннан өз тиесілі үлесін ғана алып, қалғанын тиісті бағасына сатып алатын болыпты. Сөйтіп, Қимақтар мемлекеттік толық сыр-сипатқа ие, адал да төрт құбыласы түгел сәтті мемлекет болған [12].Осыған қарағанда «Қаған» лауазымы, орда гвардиялық жүйесі, таңба-мөр тек Шыңғысханнан қалған мирас емес, жалпы көшпенділер мемлекеттеріне тән ежелгі үрдіс болып табылады.

Елін жүзге бөліп басқару жүйесін алғаш Ухуань Сянби билеушісі Таншихуай енгізді. Ол билігіндегі тайпаларды орта, шығыс және батыс деп үш жүзге бөлді. Мысалы Усунь (Үйсін) Жетісу өлкесі Сяньбидің батыс жүзі құрамында болып келді.

Түрік қағанаты дәуірінде Түрік қауымы «Көк түрік» немесе «Тәңірлілер» деп аталатын ақ сүйектілер және «Қара бөден» аталатын халық тобына бөлініп, билік ақ сүйектілер немесе «Тәңір» бөлімінен бастау алатын болды. Шыңғысхан бастаған Моңғол билігі тұсында баса қолданылған және қазір Түрік мемлекеттерінің билік жүйесінде кең тараған кіші лауазымдардың көпшілігі де осы Түрік қағанаты тұсында қалыптасты. Түрік мемлекетінің билік лауазымы 20-30 сатыдан тұратын. Түрік елін қаған биледі. Қағанды «Ел» аталатын «Тәңір» тобының өкілдері, текті – текті тайпалардың билеушілері, кіші хан, ябгу, шад, бектер қатысатын құрылтайдан сайланатын болды. Сондықтан Түріктік мемлекеттердің қағаны «Тәңірдің құты» атанды. Тәңір құты жанында бас тайпалардың және тәңір өкілдері «Бек» , «Тегин», «Дархан» - дардан құралатын қаған кеңесі жұмыс істеді. Хан ұрпақтарына «текин», «ябгу», «шад» лауазымы беріліп, иелікке алған шет аймақтарын басқаруға аттандырылып отырды. Мысалы, 693 жылы Елтеріс қаған өлгесін, оның орнына Можо шад отырды, бірақ оған қаған лауазымы берілмеді. Түріктік билік құрылымында «Тудун», «Билуг», «Дархан» , «Бұйрық» деп аталатын әділетші немесе жарғышылар болды [13].

690 жылы Орхон өзенінің бойында Түркі әулетінің ұлы құрылтайы шақырылды. Құрылтай Түрік мемлекеті қайта шаңырақ көтергенін әлемге әйгілеп, Құтылықты Түрік мемлекетінің қаған тағына отырғызып оны Елтеріс деп лауазымдады [5]. Бұл Түркі қауымының қайта бір серпілісі еді. Сондықтан олар еш аянып қалмады, көне Хундардан қалған ежелгі үрдіс бойынша боз айғыр, ақ бура айтып сойып, ат шаптырып, ердің күшін, мергендердің сұрын сынға салған дүбірлі той жасапты.

Елтеріс қағанның көреген абыз биі Тоникөк ескерткішіндегі жазуында «Әлемнің төрт құбылысынан адамдар жиылып, Түріктің ханы елін және мені

Утуген жерінен басқарып отырғанын және көреген Тоньюкук мен өзім Утуген жеріне келіп қоныстанғанымды естіп өздері келіп қосылды дегеніне қарағанда, Кутулугті қаған көтеру рәсімі қазіргі Моңғолия жерінде Отгон тэнгэр (Утеген тәңірі) жотасы бөктерінде, Орхон өзені бойында, әйгілі Қарақорым аумағында өткен деп айтуға мүмкіндік бар. Өйткені Түрік әулеті үшін Утеген тәңір аса киелі мекен саналады.

Үйсін ұлысында биліктің ондық жүйесі ( Күн Му, Дұғлу, Қолбасы, Оңқа, Дарту, Абыз, Ұлыс бегі, Орда бегі сияқты) қолданылды. Барлығы да бір Күнбиге бағынды. Түріктік хан, күнбелерінің мұрагерлік күш- қуаты мөртаңба арқылы айғақталынатын. Бұд мирас Хундардан басталып, Түрік қағанаты тұсында жалғасып Шыңғысханның тұсында мемлкеттіктің символына айналды. Хан таңба мөрін ресми түрде қолына ұстаған лауазым иесі сол ел мен жердің иесі және әскери бас қолбасшысы деп танылатын.

Таңба-мөр Моңғол билігіне Найман ханы Таянның әкімшілік басшысы Ойғыр Тататунга арқылы жеткені белгілі. Әрине, Найман ордасы орда құрып, таңба ұстаған Түріктік мемлекет мирасының алғашқысы емес, тек оның жалғастырушысы болды. Олардың «Бес таңбалы қыпшақ» атануы сондықтан.

Мемлекеттің тұрақтылығының басты белгілерінің бірі саяси, қоғамдық қатынастардың заңдастырылуы болып табылады.

Хундардың өзіндік ереже заңы болды. Батыс Хан әулетінің ханы Лиу Финнің жарлығында «Ақ қамалдың сырт бойындағы садақ асынғандар ұлысының билеушісінің заңына бағынсын» делінген . Бұл дерек Хундардың басқалардан бөлек өзіндік заң ережесі болғанын аңғартады. Хун ережелерінде жер-су мәселесіне ерекше мән берген көрінеді. Шығыстық құрылтай жүйесі де Хун дәуірінде өмірге келді. Хан немесе Шань Юй сайлау, жорыққа аттану, жер бөлісі сияқты аса күрделі мәселелер құрылтайда шешілетін болды. Құрылтай шешімі заң деп танылды. Бұл тұрғысынан қарағанда, көшпенділердің құрылтай жүйесі ертедегі Гректердің «фратрия», Римдік «курия» (сенат) жүйесімен сабақтас келеді. Хундар қолданған кейін Шыңғысхан тұсында ерекше бет-бейне тапқан «пайыз қалақшасы» да ертедегі Римдер қолданған «XII таблицалық заң» тақтасының бір көрінісі іспетті. Ол көшпенділерге көне Мысырдың бейне жазуы негізінде қалыптасқан «Смит жазуы» арқылы жеткен болуы ықтимал. Қытайлық заң мәдениеті арқылы жеткен болуы ықтимал.

Түрік қағанаты тұсында ежелгі заң ережелері өзіндік заңдық келбетін тапты. Түрік қағанаты хан жарлығын заң деп таныды. Соттар (би) лауазымы пайда болды. Сот азаматтық және қылмыстық істерді қарады. Түрік қағанатының қылмыстық заңы бойынша «Бүлік шығарушылар, елін, отанын сатқандар, шідерлі ат-көлік ұрлаушылар, бөгденің некелі әйелдеріне қол салушылардың басы шабылатын» болған [13].

Тоғыз – Оғыз түріктерінің әдеттегі заң ережелері туралы В.Бартольд былай деп жазды: «Егер кімде-кім ұрлыққа сезікті ретінде ұсталса, сезіктінің аяқ қолын қайырып байлап, жамбасына 200 қамшы, арқасына 100 қамшы дүре салып, көпшіліктің алдына қарабет етіп, содан кейін екі қол, екі құлағымен мұрнын кесіп «ал енді қайтіп ұрлық жасап көр» деп көпке тағылым етіп жіберетін болған». Ал егерде «Кімде-кім кісі өлтірсе, ондай жандардың ісін

мойнына қойып ескертіп, 1 ай бойы зынданға жауып, 300 қамшы дүре салып бостандыққа жіберетін болған» көрінеді [14].

XI – XII ғасырда аталған ережелер мұсылмандық заң ережелерімен толықтырылып, мемлекеттің төрт құбылысын түгендеп отырды. Біздің тарихшыларымыздың арасында не мемлекет құрудағы моңғол факторын мүлдем жоққа шығару немесе «Қазақ мемлекетін моңғолдар құрды» деп қарайтын екі жақты алып қашпа пікір кездеседі. Мұндай пікірлердің қай-қайсымен де келісуге болмайды. 1) Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ даласында Сақ дәуірінен бастау алатын мемлекеттің ежелгі дәстүрі жалғасып келсе; 2) Моңғолдар қазақ даласына түріктік ежелгі мемлекет жүйесінің моңғолдық реформациядан өткен ұлыстық салтын әкелді.

Қандай да бір ұлт, оның елдігі белгілі бір тарихи кезеңдердің туындысы.

Әрине, «Моңғол» және «Қазақ» әулеті араға бірер ғасыр салып қалыптасқан екі түрлі этно құбылыс. Бүгіндер екі ұлтты бірінен бірін алшақтатып тұрған тілі мен діні болса, оларды өзара жақындастыратын факторларда жоқ емес. Ондай факторлардың әуелгісі екі ұлттың жағрафиялық орналасымы болса, екіншісі ғасырларға жалғасқан тарихи тағдыр бірлігі, үшіншісі Қазақ хандығының династиялық билік жалғастығында [15]. Сондықтан Қазақ мемлекеттік үрдіс жалғастығы мәселесін зерттегенде оның түріктік ізгіліктерімен қатартрансформациялық Моңғолдық өткелдерін аттап өтуге болмайды.

Кейінгі жылдары көшпенділердің мемлекеттілігі жайында жүргізілген зерттеулер тарих ғылымына және жалпы қоғамдық санаға үлкен өзгерістер алып келді. Атап айтатын болсақ көшпенділер қоғамында мемлекеттік құрылым отырықшы елдерден бұрын, б.з.б. I мыңжылдықта шаруашылықтың бөлініс кезінде пайда болғандығы. Өйткені көшпенділерде малға еш уақытта қоғамдық меншік болмады, сондықтан көшпелілер қоғамында әлеуметтік теңсіздік отырықшылардан анағұрлым ерте пайда болды.

---


1.Крадин Н.Н. Кочевые общества (проблемы формационной характеристики). РАН. Дальневосточное отделение. Институт истории, археологии и этнографии народов Дальнего Востока. - Владивосток: Дальнаука, 1992.- 239 бб.

2.Барфилд Т.Дж. Мир кочевниковскотоводов.//Раннее государство, его альтернативы и анаологи: Сборник статей / под редакцией Л.Е.Гринина, Д.М.Бондаренко, Н.Н.Крадина, А.В.Коротаева.-Волгоград, 2006.415-441 бб.

3.Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан: Тарихи сараптамалық зерттеу. – Астана: Елорда, 2004.

4.Геродот, История. - М.; 2001, 242-243 бб.

5.Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняяя культура саков и усуней долины реки Или. - Алматы: Изд-во АН КазССР, 1963, 252-б.

6.Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняяя культура саков и усуней долины реки Или. - Алматы: Изд-во АН КазССР, 1963, 252-б

7.Бартольд В.В. Сочинение. Т. YIII. М., 1973.

8.Бичурин Н.Я. Собрания сведений о народах, обитавших в Средней Азии древние времена. Т.II. Алматы, 1998, 156-196 бб.

9.Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан: Тарихи сараптамалық зерттеу / З. Қинаятұлы. – Астана: Елорда, 2004.
10.Кумеков Б.Е. Государство Кимаков. IX-XI вв. По арабским источникам. Алма-ата, 1972.

## Хақназар ханның Қазақ тарихындағы рөлі

Шолпан Нұрлыбек -
4 - курс студенті
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Б.Б. Кәрібаев

Қазақстан тарихында әрбір дәуірдің, әрбір кезеңнің өзіндік алатын орны мен ерекшеліктері бар. Сондай кезеңдердің біріне – хандық дәуір деп аталатын XV-XVIII ғасырлар аралығы жатады. Бұл кезеңнің өз ішінде де өте маңызды мәселелер жетерлік. Бұл кезеңде қазақ мемлектін басқарған әрбір ханның шығу тегі мен өмірі, билікке келу мен билік құрған жылдардағы жүргізген саясаты және т.с.с. мәселелер бүгінгі таңда әрбір қазақ азаматын қызықтырары анық. Сондай тақырыптардың қатарына Хақназар ханға байланысты мәселелер жатады. Жалпы Хақназар ханға қатысты тарихи тақырып – өте күрделі, маңызды. Сонымен бірге ол тақырыптың қиынды жақтары да баршылық. Оған ең алдымен, тақырыптың деректік базасының аздығы жатады. Біз осы тақырыптарға қойылған мәселелерді шешу үшін көрші мемлекеттердің жылнамаларына сүйенуімізге мәжбүрміз.

Қазақ халқының тарихында есімі алтын әріппен жазылған хандардың бірі - Хақназар хан. Хақназар хан - мықты қолбасшы, дарынды дипломат, көрегенді билеуші ретінде халық санасында мәңгі орын алады. Оның ерлігі туралы айтылған аңыз-әңгімелер әр түрлі халықтар арасында сақталып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. XVI ғасырдың II жартысында Қазақ хандығының саяси беделін, экономикасын жаңа сатыға көтерген Хақназар ханның жасаған еңбегі зор. Қазақ хандығында XVI ғасырдың алғашқы жартысында билік құрған Тахир, Бұйдаш және Тоғым хандар кезінде айырылып қалған территорияларды қайтару, шашырап кеткен елді біріктіру, көрші елдермен байланыс қайта орнату - Хақназар ханның үлесіне тиді. Зерттеуші-ғалымдардың арасында Хақназар ханның билікке келген жылы, оның балалық шағы туралы көптеген пікірлер айтылған. Соған қарамастан бұл мәселеде әлі күнге дейін нақты бір тұжырым жоқ. Бұл тақырып болашақта әлі де зерттеуді қажет ететін тақырыптардың қатарына жатады деген ойдамыз.

Жалпы, Хақназар ханның тарихына қатысты мәліметтер бірнеше жазба деректер мен ауыз әдебиетінің материалдарында кездеседі. Олар мыналар: анонимді автордың «Тарих-и Кашгари» атты еңбегі[1,398-418], Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы»[2], XVI ғасырда қазақ даласында болған ағылшын саяхатшысы Антоний Дженкинсонның естеліктері[3] және 1734-1737 жж. Орынбор экспедициясын басқарған П.И.Рычковтың башқұрт ақсақалдарынан Хақназар хан туралы жазып алған аңыз-әңгімелері[4].

Осы тақырыпқа байланысты көптеген тұжырымдар мен пікірлер айтылды, сөйтіп өзіндік тарихнамасы қалыптасты. XVIII ғасырдан бастап, бүгінгі күнге дейін Хақназар ханның билікке келу мәселесі туралы зерттеулердің көлемі өте ауқымды. Аталған мәселеге байланысты әр кезеңде зерттеушілер өз ойларын айтып, тақырыптың ілгері қадам басуына өз үлестерін қосуда. Солардың қатарына орыс зерттеушілерін жатқызсақ болады. Атап айтқанда: А.Миллер[5], В.В.Вельяминов-Зернов[6], И.В.Ерофеева [7], А.П.Чулошников[8], В.Я.Басин [9] В.В.Трепавлов[10] сынды ғалымдар. Отандық зерттеушілерге: К.А.Пищулина [11], М.Х.Әбусеитова[12], М.Мағауин[13], А.Исин [14], Н.Атығаев [15], Қ.Салғараұлы[16], Т.И.Сұлтанов [18] және т.б.

Қадырғали Жалаирийдің дерегі бойынша Хақназар ханның шығу-тегі былай беріледі: Жошы ұрпағы → Орыс хан → Құйыршық хан→Жәнібек хан →Қасым хан → Хақназар хан. Ханық сұлтан ханымнан туған[2,121 б]. Хақназар ханның билікке келгенге дейінгі өмірі туралы нақты деректер жоқ, тек қана аңыздар ретінде ғана бізге жетті. Ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуші-ғалымдар арасында ұзақ уақыт бойы әлі күнге дейін нақты бір шешімін таба алмай келе жатқан мәселелер баршылық. Солардың қатарына : Хақназар ханның балалық шағы , билікке келуі және оның Ноғай Ордасымен байланысы Отандық тарихнамада толық зерттелмеген. Бұл Хақназар ханның билікке келер қарсаңындағы мәселелерге жатады. Ал, XVI ғасырдың I жартысындағы Қазақ хандығының саяси жағдайы күрделі дағдарыс кезеңін бастан кешірді. Тахир, Бұйдаш және Тоғым хандар тұсында Хандықтың көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынасы үзілді. Онымен қоса көрші мемлекеттер өзінің әскери жорықтарының нәтижесінде Қазақ хандығын мүлдем әлсіретіп жіберді.

Бұл тақырыпқа байланысты А.Миллер былай дейді: қазақтар барлық көршілерінен жеңіліс тапты. Олар: моңғол, өзбек, ноғайлар болатын. Қазақ даласында бір-бірінің арасында қырғын-қырқыстар болып жатты[5,154б]. Ия,шынымен Қасым хан қайтыс болғаннан кейін қазақ билеушілер тобы арасында тақ үшін талас нәтижесінде Қасым ұрпақтарын биліктен шеттету басталды. Көрші мемлекеттерден жеңіле бастаған Қасым хан ұрпақтары басқа елдерге көшіп кетіп отырды. Ортағасырлық Қазақстан тарихының зерттеуші маманы М.Әбусейітова да XVI ғасырдың алғашқы жартысында Отырар, Сауран, Сығанақ, Созақ, Йассы және Сырдарияның орта ағысындағы қалалар шибаниліктердің қолында болғанын айтады[12]. Бұл дегеніміз - Қазақ хандығының басты саяси және экономикалық аймақтарынан айырылып қалғаны.

Осыған байланысты М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде «қазақтар мүлдем жойылып кетті» деген мәліметтер береді[18].

Жалпы Хақназар ханның балалық шағы туралы нақты жазба деректер жоқ. Алайда, М.Әбусейітова Хақназардың ноғай мырзаларының қолында өскендігін айтады. Оның себебі, Қасым хан тұсында қазақ-ноғай қарым-қатынасы жақсы дамыған, ал ноғайлар арасында қырғындардың нәтижесінде қашқын ноғайларға қазақтар қолдау көрсетіп отырды. Қасым ханның өлімінен

кейін, тақ үшін талас кезінде Хақназар хан ноғайлардың қоластына барады және сонда тәрбиеленеді.[12] Сол сияқты А.Миллер де Хақназар хан «өзінің балалық және жастық шағын ноғайлар арасында өткізді» деген мәліметтер береді[5,155].

Қазақ-ноғай қарым-қатынасы мәселелерін жақсы зерттеген ғалымдардың бірі – В.В.Трепавлов Хақназарды 1530 жылдың І жартысында ноғайлардың арасында тұрған деген тұжырым жасайды[10,206 б].Жалпы, Хақназар хан туралы бірнеше аңыздар бүгінгі күнге дейін жеткен.Сол аңыздарды айта кетсек. Бірінші аңыз, башқұрт ақсақалының Кадряс Муллакаевтың 1734-37 Орынбор экспедициясын басқарған П.И.Рычковқа ауызша айтқаны бойынша: Ең алғашқы Башқұртстандағы ноғай ханын Ақназар сұлтан өлтірді. Ол жақтағы хандырдың ұрпағы болған. Бұл жерде «ол жақтағы» деп айтқаны ноғай емес, Шыңғыс ұрпағы екендігін меңзеп тұр. Ол тек ноғайлар мен башқұрттардың ханы ғана емес, онымен қоса татарлар мен ортаазиялық хандықтардың ханы атанды» дейді. Бұл мәліметтерге қарап Хақназардың әлі де «хан» болмағанын көреміз. Ал екінші башқұрт аңызын Р.И.Игнатьев жазып алған. Бұл аңызда былай дейді: Сібірден келген алғашқы хан Алкадар - хан ұрпағы, ол башқұрттарды қанап, жерлерін тартып алып отырды дейді [10,207б].

Қорытындылай айтсақ, Хақназар ноғайлардың қол астында өмір сүрген, онымен қоса туыстық қатынас орнатқан. Бір аңыздарда қызын десе, ал кейбір аңыздарда әпкесін ноғайлардың белді мырзасы Шайхы Мамайға ұзатқан дейді. Жоғарыда аталған екі аңыздарда Хақназар ханды «сұлтан» деп атайды. Бұл дегеніміз - Хақназардың әлі де Қазақ хандығының билік тұтқасын алмағандығының бір дәлелі.

Зерттеуші А.Миллер Хақназардың ноғайлар арасында әскери қабілетін ашып, қолбасшылық талантын дамытқан деген мәліметі шындыққа жанасады[5,154б] . Себебі, Хақназар башқұрттардың елін билеген деседі. 1530 жылдары Қазақ хандығына қарсы әскери қимылдарды ноғайлық Сайд Ахмед пен Шайхы Мамай бастады. 1537 жылы қазақтардың әлсіреуінің нәтижесінде Хақназар ханды башқұрттардан қайтарып, «ноғай-қазақ» ханы етіп көтерді. В.В.Трепавловтың пікірінше қазақтарды тез бағындыру және жеңіл олжа болды деп айтуға болмайды. Олар саны жағынан көп, ал кейбір басшылары батыр болды. Осындай хандар мен сұлтандарға көршілес жатқан Хорезм және Мәуереннахрдағы өзбек хандықтары жапа шекті дейді. Қазақтарға қарсы көмек ретінде Орта Азиялық хандар Ноғай ордасына жүгініп отырды. Ал, 1530 жылы Ноғай ордасымен Бұхар хандары арасында одақ құрылады[10,210б].Дәл осы тарихи кезеңде ноғайларда Хақназар билікке келеді. Шайхы Мамайдың билікке отырғызу себебі Ноғай ордасымен одақ құрып, Қазақ хандығыны өзіне қарату мақсатында болса керек. Ноғай мырзасы Хақназардың Шыңғыс ұрпағы екенін білген. Зерттеушілер арасында ноғайлардың Хақназардың хан деп мойындауының тағы бір себебі: Ноғай ордасын хандық дәрежесіне көтеру үшін Шыңғыс ұрпағынан сайлау тиіс болды. Ноғай ордасын сенімді қолға тапсыру қажет болды. Осы кезде Шайхы Мамайдың қолында өскен және туыстық қарым-қатынаста болған Хақназарды «қазақ-ноғай» ханы деп көтерді. Башқұрт халқының аңыздары бойынша Хақназар ноғайларды,башқұрттарды және Қазан,

Сібір,Астрахань хандықтарын, ал оңтүстігінде Бұхар, Хиуа және Ташкентті биледі дейді[5, 155] . Қазақ хандығына келгенге дейін Хақназар башқұрттарды билеген. Бұл саяси аренада Хақназардың ролі тек қана ноғай мырзаларының қолындағы қуыршақ хан ретінде ғана болды. Осыған байланысты В.В.Трепавлов Хақназардың ноғайлардың саясатына араласпағанын айтады.[10,208 б]

Қазіргі таңда Хақназар ханның Қазақ хандығының билік басына қай жылы келгендігі нақты айқындалмаған. Ол зерттеушілердің арасында әлі де талқыға түсетін тарихтың ашылмаған ақтаңдақ мәселесі болып табылады. Мысалы, А.Миллер ешқандай деректерге сілтеме бермей, «Хақназар 50 жылдардың соңында хан болып, 20 жыл бойы билік етті. Ежелгі дәстүр бойынша киіз үстіне ақ киіз тосеп, молда хұтба оқыды, ал төрт адам төрт жағынан ұстап, хан көтерді» дейді[5,155б]. Ал, М.Әбусейітова Хақназардың 30 жыл билік құрғанын айтады. Зерттеуші, оның билікке келу уақытын 1548-49 жылдар деп есептейді. Себебі, ғалымның пікірінше Хақназар жайлы ең алғашқы дерек 1549 жылы жазылған Хасан –бек Румлудің Ахсан ат-таварих еңбегінде кездеседі дейді[19,49б]. Соңғы жылдары Қазақстан тарихының ортағасырлық кезеңін терең зерттеп жүрген Т.И.Сұлтанов Хақназар ханның таққа келу уақытын нақты дәлелдейтін нақты мәлімет жоқ деген тұжырымға келді. Сондықтан да тек қана болжаммен 944/1537-1538 жылдары Тоғым хан және оның ұрпақтарының өлімінен кейін келді деп есептейді[20,290б]. Сол сияқты Н.Тасилова, Хақназар хан билікке 1538 жылы келді деп пайымдайды[17,43 б]. «Тарих-и Қашғар» атты ортағасырлық еңбекте, «Хақназар хан қазақтардың ханы болған, онымен қоса қазақтардың ханы Наурыз-Ахмедте болғанын айтады, яғни өзбек ханы шайбанилік Барақ хан. Билік еткен жылдары (1550- мен 1556 жылдары 23қыркүйек)»[1, 406б]. Осы дерекке сүйенген зерттеуші Н.А.Атыгаев Хақназар ханның 1551-1556 аралығында билікке келді деп болжайды.[14,29с] Ал, М.Мағауин Хақназар хан Қазақ хандығындағы билікті 1560 жылдары ғана қолына алды дейді [21].Зардыхан Қинаятұлының зерттеуі бойынша Ханқназар хан 1515-1516 жылы Қасым ханның бәйбішесі Ханық сұлтаннан туған. Хақназардың хан болған уақыты батысында орыстар күш қуатын алып, шығысқа бет бұра бастаған кезең, яғни орыстардың 1552 жылы Қазаньды,1556 жылы Астраханды басып алды. Орыс зерттеушісі В.В.Трепавлов Хақназар хан 1530 жылдардың I жартысында ноғайлардың арасында өмір сүрді, ал II жартысынан бастап Қазақ хандығын биледі деген тұжырымға келеді. Біз, өз кезегімізде тарихнамалық ой-тыжырымдар мен пікірлерді талқылай отырып, Хақназар ханның билікке келген уақыты 1538 деп қорытындылаймыз.Себебі, Тоғым, Тахир хандардың өлімінен кейін ешқандай да деректерде Қазақ хандығын билеген басшысы туралы айтылмайды. Яғни, осы кезде билік басына Хақназар келді деген тұжырымға келдік.

Қазақ хандығының басында тұрған Хақназар хан тұсында Хандық бірте-бірте Қасым хан дәуіріндегі позицияларын орнына келтіре бастады. Көрші елдермен қайта дипломатиялық қарым-қатынасты орната бастады.Сол елдердің қатарына Орыс мемлекеті де бар еді. Орыстар осы тұста XVI ғасырдың II

жартысында Қазан мен Астрахань хандықтарын өзіне қаратты. Ал, Ноғай Ордасына көз тіге бастады. Сонымен қатар, Сібір хандығына қарсы одақ құру мақсатында қазақтармен байланыс орнатуға ниет білдірді. Осыны түсінген ноғайлықтар кедергі жасауға тырысып бақты. Зерттеуші А.Исиннің пайымдауынша Қазақ хандығы мен Ноғай ордасының арасында башқұрт иеліктеріне деген бәсекелестік пайда болды деп ойлайды[4].Кадряс Муллакаетың П.И. Рычковқа айтқан мәліметтерінде былай дейді: Ақназар хан башқұрт, Сібір ноғайларынан және татарлардан салық жинады. Хақназар ханға дейін Ақ және Жайық өз арасындағы башқұрттарды Көшім хан биледі, ал таулы башқұрттарды ноғайлықтар биледі, алайда кейіннен Ақназар барлығын бір өзі қолына алды».

Қазақ хандығының басына Хақназардың келуімен елдің қайта бірігуі басталды. Ал, осы тұста керісінше Ноғай ордасында әлсіреу кезеңі басталады. В.В.Трепавлов 1530-40 жылдары Ноғай ордасының ықпалы мен күш қуаты өз апогеясына жеткен дейді. Ал, бұл кезеңде Қазақ хандығы «әлсіреу» дәуірін бастан өткерді. Тек қана 1550-1570 жылдары ғана бұл жағдай мүлдем басқа жаққа бет бұрды. Қуатты Ноғай ордасы XVI ғасырдың II жартысынан бастап екіге бөлініп кетті. Батыс Ноғай ордасын Ысмайыл ханның бастауымен Орыс мемлкетінің қолдауына қараса, шығысы Жүсіп ханның бастамасымен Қазақ хандығына бағына бастады. 1549-54 Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының арасында бейбітшілік жылдары орнады. Себебі, Ноғай ордасы Қазан ісіне араласаты жәнеде Ысмайыл ханмен Жүсіп хан арасында таққа күресі басталды. 1555 жылы Ноғай Ордасына Ысмайылдың таққа келуімен «ұлы ашаршылық» тұспа тұс келді. Елді – мекендерде мал, дәнді –дақылдар не сатуға арналған тауарлары да қалмады. Осы кезеңде, яғни 1558 жылы Астрахань арқылы ағылшын саяхатшысы Антоний Дженкинсон өткен. Ол Ноғай даласындағы жағдайды былай сипаттайды: «1558 жылы олардың бәрі талқанданған, азаматтық қарсылықтармен қоса аштық және оба ауруы жайылып, нәтижесінде жүз мың адам қаза тапты» дейді. 1557 жылдары ноғайлар арасында таққа талас басталып, Ысмайылдың туыстары Жайықтың төменгі жағында қалып қалып, Хақназар ханның билігін мойындады[10].Хақназар осы оқиғаларға байланысты бұрынғы қарсыласынан ғана құтылып қана қоймай, ноғай жұртын да өзіне қосып алады. Бұл Қазақ хандығының саны жағынан артып, күшейгенін көрсетеді. Қазақтардың ноғайларға қарсы ірі жорықтарының бірі - 1568 жылы болды. Жорықтың басшылары Хақназар хан, Шығай сұлтан және Жалым сұлтан. Орыс мемлекетінің атынан Ноғай ордасына барған Семен Мальцев аталмыш жорық жайлы былай дейді «… Қазақ ордасынан Ақ-Назар хан, Шығай сұлтан, Жалым сұлтан және олармен қоса 20 сұлтан Ноғайларға келіп, соғыс болды» дейді. Қазақ хандығының соншалықты күшейгені Сібір, Бұхар, Ноғай хандықтарының қауіпін тудырды. Хақназардың билігі Солтүстік және Батыс Қазақстанға таралуының нәтижесінде, қауіптенген Сібір ханы Көшім өз мұрагері Алеяны Ноғай ордасынын мырзасы Дінахмедке үйлендірді, ал қызын Ақмырзаға ұзатты. Осылайша көрші елдермен қазақтарға қарсы одақтар құрыла бастады. Қазақ хандығы осы тұста Мәскеумен байланыс орнатуға тырысты. Нақты Орыс мемлекетімен саяси байланыс тек 1571-72 жылдары орнаған

болатын[4]. 1577 жылы қыс мезгілінде Хақназар Ноғай ордасының астанасы – Сарайшыққа шабуыл жасайды. Бұл жайлы 1577 жылғы Иван Мясоедовтың жазған қазақ-ноғай қатынасы жайлы мәліметтері сақталған. Ол «Ноғай мырзасы Дінахмед Қрым царіне Ақназардың Сарайшықтың өзінікі деп иеленгенін және Қрымнан Ақназарға қарсы көмегін сұрайды» деген мәліметтер келтіреді. Бұл өз кезегінде Хақназардың саяси аренеда үлкен ықпалға, беделге ие болғанын көрсетеді және Ноғай Ордасына үлкен қауіп төндіргенін көреміз. Ноғай-қазақ қарым-қатынасы жайлы Борис Доможиров татарин Асан Иллибаевтың мәліметі бойынша 1577 жылдың көктемінде «Қазақ ордасы бейбітшілік қарым-қатынаста: Мәскеу,Ташкент,Үргенішпен болы, ал ноғай басшылары Дінахмед және Ұрыс ханға Жайық пен Волга өзенінің бойында көшіп-қона алмайтыны туралы қорқытқаны жайлы» айтады[4]. Аталған мәліметтер Қазақ хандығының Қасым хан тұсындағыдай саяси жағдайға жеткендігін көреміз. Ал орыс-қазақ қарым-қатынасының орасан тез дамығанына наразы болған Ноғай мырзалары Иван VI-ге хат жолдайды. Бұл хатта мынандай сөздер келтіріледі «А ты б к недругу моему х казацскому царю посла не посылал». Осыған қарап орыс-ноғай байланысының нашарлағынын және орыс-қазақтар арасында елшілік қатынастардың орнағанын байқаймыз.

Қазақ хандығының үлкен саяси дағдарыстан алып шыққан бірден–бірі ханы-Хақназардың билікке келгенге дейінгі мәселелерін қорытындылай кетсек: а) Хақназар хан - балалық және жастық шағын ноғайлардың қол астында өткізген. Ол белді ноғай мырзасы Шайхы Мамаймен туыстық қарым-қатнаста болып, онымен қоса башқұрт елін билеген. Өзінің қолбасшылық қасиеттерінің арқасында халық арасында үлкен беделге ие болған. Хақназардың Қазақ хандығының билік басына дейінгі өмірі туралы башқұрт аңыздарынан білуімізге болады. ә)Хақназар ханның билікке келу уақыты – 1538 жыл деген тұжырымға келдік, яғни Тахир,Бұйдаш және Тоғым хандардың өлімінен кейін.Т.И.Сұлтановтың осы мәселеге байланысты жасаған тұжырымдарын дұрыс деп есептейміз.б)Ал, Хақназар хан тұсында Ноғай Ордасымен қарым-қатынасын тарихи құжаттардың негізінде жазылған зерттеулерге сүйене отырып, бір-бірімен жаугершілік қарым-қатынаста болған деп тұжырымдаймыз.

Қазақ хандығының «әлсіреу кезеңінен» кейін, сыртқы саясаттағы маңызды факторлардың бірі - көрші мемлекеттермен байланыс орнатып, сыртқы саясаттағы тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтанда да Хақназар хан өз тұсында әкесінің саясатын ұстанған болатын. Қазақ хандығына қауіпті болып табылған көрші мемлекеттермен одақ құрып, бейбіт өмір сүруге тырысты. Хақназар хан Шайбан әулетімен байланыс орнатты. Қазақ хандығының Шайбан әулетімен қарым -қатынасы өте маңызды болып табылатын. XVI ғасырдың II жартысындағы Қазақ хандығының тарихына қатысты жазба деректер санаулы ғана.Аталған тақырыпқа байланысты мол мәлімет қалдырған ортағасырлық автор Хафиз-и Таныш Бұхаридың «Шараф наме и - Шахи» еңбегі жатады. Автор өз еңбегін Шайбан ұрпағының өкілі II Абдолла ханның тұсында жазып,оны ханға сыйға тартқан болатын. Ең бастысы Қазақ хандығының XVI ғасырдың II жартысындағы саяси

аренадағы ролі мен сыртқы саясаты туралы мол мәлімет беретін бірден – бір дерек болып табылады.

Ал, енді аталған дерек бойынша Қазақ хандығына байланысты мәліметтерге тоқталсақ. Хафиз Таныштың мәліметтері бойынша Абдолла ханның сарайына Әли Мардан бахадүрдің адамы келіп, қазақтардың басшыларының орналасқан аймағын жеткізеді. Хақназар хан, Жалым сұлтан ,Шығай сұлтан және олардың балалары Талас өзенінің бойында тұрғанын айтады[19].

Жалпы, ІІ Абдолла хан 1583-1598 жылдар аралығында Бұхараны билеген. Шайбани Әбілқайыр ханның ұрпағы Абдолла , 1557 жылы Бұхараны жаулап алып,билік етті. Оның әкесі Ескендір тұсында мемлекеттік істерді өзі жүргізіп отырды[16,188 б]. Шайбанилердің төрт басты аймағы бар.Олар: Бұхара,Самарқанд,Ташкент және Балх екені мәлім. Осы кезде тақ үшін таластың өрбіген кезеңі болатын. 1551 жылы Ташкент билеушісі Наурыз Ахмед Самарқандты өзіне қаратты. Ал, Балх билеушісі Пірмұхаммед хан Абдолламен бірігіп,билік үшін күрес жүргізеді. 1556 жылы Ташкент билеушісінің өлімінен соң , оның ұлы Баба сұлтан таққа келеді. Баба сұлтан билік үшін тартыста Абдолламен үнемі күрес жүргізді. Бұл күресте Абдолла хан жеңіске жеткен еді.Бұхар хандығының гүлдену кезеңі Абдолланың таққа келуімен тікелей байланысты. Ол Ташкентті, Бұхараны, Балх және Самарқандты біріктірген тұлға ретінде тарихта қалды. Осыған байланысты қазақ хандарына да Абдолламен одақ құру тиімді болды. Сондықтан да қазақ хандары мен сұлтандары ІІ Абдолламен тығыз байланыс орнатуға тырысты.Осыған байланысты Басин төмендегідей пікір айтады. Хақназар хан шебер қолбасшы және талантты дипломат болған.Ол саяси аренада Қазақ хандығының ролін айқын білген. Сондықтанда Хақназар хан Орта Азияда үстемдік етіп отырған Шайбан әулетімен одақ құрған .Онымен қоса бір-бірімен достық қарым-қатынаста өмір сүру үшін «ант беру келісімін» жасасқан. Хақназар хан өзбек ханы Абдолла мен бейбіт қарым-қатынас орнатуға тырысты. Ал, Ескендірдің ұлы Абдолла Бұхара, Герат және Хорасанның мықты билеушісі болған. Абдолла өз кезегінде қазақтардан әскери – саяси күш көріп, оларды өз билігін нығайтудағы қолдау ретінде колданды.Сондықтанда Абдолла Хақназармен ант келісімге отырған дейді зерттеуші[9. 82б].Ал, керісінше ғалым М.Әбусеитова Шайбанилік Абдолла Хақназармен байланыс орнатуға тырысты деген тұжырымға келеді.Қазақстан тарихының Хандық кезеңін терең зерттеп жүрген, зерттеуші-ғалым Т.И.Сұлтанов Хақназар ханның шайбан әулетінің өкілдерімен қарым-қатынасын төмендегідей тұжырымдайды. Хақназар хан шайбан әулетімен бейбітшілік байланыс орната отырғаны кездейсоқ емес.Осылайша қазақ билеушілері қауіпті қарсыласынан және өзбектер тарапынан шабуылдардан құтылды.Мауереннахр өзбектерінің протектораты бола отыра, Хандықтың ауыр жылдарында күшін жинап, елді біріктіре отырып, қарсы шығуды мақсат етті деп түсіндіреді.

Хақназардың одақ құрғысы келгендігі туралы Хафиз Таныштың мына сөздерінен көреміз: «Барлық сұлтандар өздерінің үлкен сүйіспеншілігі мен шексіз достығы үшін ханға сәлемдері мен дұғаларын бағыштай, өздерінің

ауызбіршілігі, шыншылдығы мен адалдығын білдіре отырып, одақ құруын тілейді .Келісімге әлі де адал екенін баяндайды». Бұл мәліметтерден Қазақ хандығымен Шайбани әулетінің дипломатиялық қарым- қатынастың одан да ертерек орнағанын аңғарамыз. Қазақтар аталған антқа адал екенінің дәлелі ретінде II Абдолла ханның басты қарсыласы Баба сұлтанның ұлы Убайдуллах сұлтанды және хан әмірлері: Джан-Мұхаммад- аталық найман және Шах-Ғази-бий дұрманды тұтқынға алып,бұл туралы Абдолла ханға хабар жібереді. Бұл іс-әрекеттеріне разы болған Абдолла хан , Сархун аталықты төменгідей хабармен қазақтарға аттандырады: «Сол жердегі барлық хакандарға дұғамызды бағыштап, Түркістан уәлаятындағы төрт аймақты сыйға тартамыз.Егерде жағдайларын жақсартқысы келсе, адал жолдан таймай тұтқындарды тез арада жіберуін бұйырады » [19.247 б ] Осы мәліметтерге қарағанда қазақтардың Абдолла ханға бағынышты екендігін және одақ құруға ниетін байқаймыз. Хақназар хан Бұхар ханын қолдай отырып, хандықтың территорияларын ұлғайтуға тырысты. Наурыз Ахмедтың ұлы Баба сұлтан 1579 жылы өз ағасын өлтіріп, билік басына келеді.Нәтижесінде, Баба сұлтан Абдоллаға ханға қарсы қимылдарын бастайды. Баба сұланның қол астында қазақтардың «найман» тайпасының бір бөлігі, өзбектердің «дүрмен» тайпасы болды[19,65б]. Осы орайда Абдолла хан өз кезегінде қазақтармен одақ құрады, Оның басты себебі Баба сұлтанның көтерілісін басудағы негізгі күш ретінде қазақтар үлкен роль ойнады. Әрине, Баба сұлтан мұндай әскери күшке төтеп бере алмай, дәрменсіз болды. Сондықтан Абдолла ханмен бейбіт келісімге келуге мәжбүр болды.Осыған байланысты А. Миллер Баба сұлтанның 1579 жылы тамыз айында, Абдолла ханға бағынған сынды сипат көрсетіп, бейбітшілік орнатты дейді[5,157 б]. Алайда, Баба сұлтан онымен шектелмей қазақтармен одақ құруға тырысты.Бұл мселеге байланысты А.Трепавловтың пікірінше Хақназар хан үшін ең басты және ең мықты жауы ол – II Абдолла хан болды дейді. Осы тұста Хақназар хан екі жақтық саясатты ұстанғанын көреміз.Себебі, Абдолла ханның билігіне мойынсұна отырып,Баба сұлтанды қолдайды. Қазақ әскерінің көмегі үшін Баба сұлтан Қазақ хандығына Йасы мен Сауранды сыйға тартады.Осыған байланысты қазақ сұлтандары Бабамен қосылып, Абдоллаға қарсы күреске шығады. Солардың қатарына Абдолла ханға адал адамдардың бірі - Сарбан сұлтан Сырдариядан өтіп, Бұхара маңайындағы елді-мекендерге шабуыл жасайды.Ал, Бұзағыр сұлтан Самарқандт ы талан-таражға түсіреді. Бұзағұр сұлтан Күнбайға дейін жетіп,мол табысқа кенеледі.Сарбан сұлтан Бұхараға бағыттап,оның бірнеше аймақтарына шабуыл жасап, қайта оралады.Сарбан сұлтанның шабуылдарын В.В.Вельяминов –Зернов сипаттап жазады. Ғалымның айтуынша «Сарбан-сұлтан және онымен бірге ерген көптеген Дештілер өткір, қайтпас қайсар –қасқыр сынды барлығы тері жамылып келді.1) жүздері толған әжім, көздері қас- қабақтарынан көрінбейді.2) Сыр өзенінен өтіп, Бұхараға бағыттады.Түркістанның кейбір тұмандарын тонап, қолына түскен малдың барлығын алып кетті»дейді[6,288-289б]. Бұл шабуылдарды естіген II Абдолла бүліктің түбінде Бабаның тұрғанын біледі. Абу –л- Фатх Асфандиар ,Сүйінчі Мұхаммед сұлтанды және Саид Мұхммед сұлтанды САмарқандқа шабуылдарға қарсы тұруға жібереді. Ташкентке

Абдолла ханның  Кош Кулак бии келіп,ханның талаптарын Баба сұлтанға жеткізеді.Абдолла ханның былай дейді: «Егерде Баба сұлтан ханға қарсы көтеріліске шыққан қарақшыларды ұстап, олардың тонаған заттарын қайтарып бермесе, бейбітшілік пен достықтың болуы мүмкін емес».Үмітін үзген Баба сұлтан Ташкентте Тахир ханды қалдырып, озі Түркістанға қарай бағыттаған болатын. Баба сұлтанның Түркістанға бағыттау себебі қазақтардан қолдау тауып, күш жинау еді. Қазақтардың сұлтаны Жалым, Бабаның қайын атасы болып келеді.Жалым сұлтанның көмегіне үміт артқан Баба Джан құл биді қайынатасына жіберіп, Түркістан аймағындағы бір ауылға үлкен әскерімен келуді сұрайды. Алайда, Жалым, Хақназар хан және т.б. сұлтандар Баба сұлтанды өлтіруге бел буады. Сонда Қазақ хандығы  тағы бір қарсыласынан құтылар еді. Осылайша Бабаның жіберген адамын өлтірмекші болады.Алайда, Джан құл биді өлтіруге бұйырған адам оны аяп,босатып жібереді.Джан құл би тез арада Бабаға бұл хабарды жеткізеді. Жалым сұлтанмен Хақназар ханның екі ұлы бастаған әскерімен ешнәрседен күдіктенбей  Баба сұлтанмен кездесуге барады.Шарабхана бойында кездескен тұста Баба сұлтан өз әскерімен қазақтарды қырып салады. Бұл туралы Хафиз Таныш былай дейді: «Бұл даланың үсті қызыл қанмен боялып,бүкіл даланы қызғалдақтар жайылды». Бұл қырғыннан соң Баба сұлтан Бұзағыр сұлтанға Хақназарды өлтіруге тапсырма береді. Хақназарды өлтірмекші болған Бұзағыр, Бабаның озін өлтірмекші ниетін түсініп, қашып кетеді. Жоғарыда айтылған оқиғаларды естіген Абдолла хан өте үлкен қуанышпен қарсы алады. Бұл туралы Хафиз Таныштың еңбегінде мынадай мәліметтер бар «Біздің бұрынғы жауларымыз қазақтардың өліміне өте қатты қуандық.Алайда, Баба сұлтан достық қарым – қатынас  қайта орнатып, Ташкент уәлаятындағы барлық иеліктерін қайтарғысы келсе, біздің екінші жауымыз Бұзағырды ұстауын талап етеді». Баба сұлтан Бұзағырды ұстау үшін Достым би мен Бөлтірік биге тапсырады.Олар Бұзағырды Хақназардың мал-мүлкімен бірге ұстайды.Зерттеуші М.Әбусеитова бұл оқиғаларды 1580 жылдың мамыр айында болғаг деп тұжырымдайды.Хақназар хан туралы мәліметтер 1580 жылдан кейін мүлдем кездеспейді.  Осылайша Хақназар хан тарих сахнасынан кетеді. Әлі күнге дейін  Хақназар ханның қалай , қай жерде және қандай жағдайда қаза болғаны  туралы ешқандай мәлімет жоқ. Тарих ғылымының болашақта ақтаңдақ  және терең зерттеуді қажет ететін мәселе болып қалады.Көптеген ғалымдар Хақназар ханның өлімін белгізіс деп түсіндіреді.Алайда, А.П.Чулошников өз еңбегінде  Хақназар хан Моғолстан билеушісінің қолынан қаза болды деген тұжырым жасады. Автордың ойынша Моғол ханы Абду Латиф ханды  өлтірген Хақназар ханнан өш алу мақсатында қолайлы жағдайды күтіп отырды[8,141 б].Бірақ, бұл мәлімет дәлелденбеген және нақты дерек  жоқ болып табылады.

М.Тынышпаевтың зерттеуі бойынша Хақназар хан тұсында  Қазан, Астрахань хандықтарынан алшындары қазақтардың құрамына қолсылған.Ал, Баба сұлтанның өлімінен кейін қаңлы және сіргелі тайпалары қосылған.Жәнібек ханның тұсында Қазақ хандығы Алтын Орданың бір аймағы ретінде өмір сүрсе, Хақназар хан тұсында дербес мемлекет дәрежесіне жетті дейді[20,72б]. Қасым ханның баласы Хақназар (Ақназар) хан тұсында қазақ

хандығы қайта бірігіп дами түсті. Хақназар қазақ хандығын 42 жыл биледі. Қазақ хандығының 300 жылдық тарихында Хақназардай ұзақ жыл ел билеген хан болған емес. Ол ел басқару, қиын-қыстау, әскери-саяси істері жағында қажырлы да қабілетті қайраткер болды. Оның үстіне аса күрделі сыртқы жағдайларда дипломатиялық дарыны мол майталман екендігін көрсетті.

---


1. Тарих-и Кашгари. Мына жинақта: Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. - А-Ата, 1969. – 655 с.

2. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. - Алматы,1997. -121 б.

3. Антоний Дженкинсон. Путешественники из Лондона в Москву 1557-1558 гг. Текст воспроизведен по изданию: Английские путешественники в Московском государстве в XVI веке. - М, 1937.

4. Исин А. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV-XVI в.в. - Семипалатинск,2002;

5.История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней -3-е изд. – А-Ата, 1957. - С.153.

6. Вельяминов-Зернов В.В. Иследование Касимовских царях и царевичах.Ч.2. - СПб., 1864. -262с.

7. Ерофеева И.В.Казахские ханы: личности, традиции и преемственность власти.История Казахстана: Народы и культуры. - Алматы, 2000.- 146с.

8.Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен.ч.1.Древнее время и средние века. - Оренбург,1924. –С.137.

9. Басин В.Я. Из истории руско-казахских дипломатических отношений в XVI-XVII вв. //Известия АН каз ССР.1965. №1. - С. 39.

10. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. - М:«Восточная литература» РАН, 2002. -752 с.

11. Салғараұлы Қ. Хақ-Назар хан.Қайта өрлеу//Түркістан, 1996. 29 ақпан.

12. Әбусеитова М.Х. Хақ-назар хан және XVI ғасырдың екінші жартысындағы мемлекеттің нығаюы//Егемен Қазақстан,1998 11 қараша.

13. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. - Алматы,1995. 27-30бб.

14. Атыгаев Н.Некоторые замечания о Хақ-Назар хане.Вопросы истории Казахстана (исследования молодых ученых). - Алматы, 2002. Выпуск IV. – С.22.

15. Тасилова Н.Хақназар хан тұсындағы Қазақ хандығының қайта өрлеуі мен Шайбанилер әулетіне қатысты сыртқы саясат.//Ақиқат, 2006. № 9. - 43 б.

16.Султанов Т.И.Поднятые на белой кошме.Потомки Чингиз-хана.-Алматы: Дайк-Пресс, 2001. -276с.

17.Дулати М.Х.Тарих-и-Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы). - Алматы, 2003.- 616 б.

18.Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан.Летопись трех тысячилетий. - Алма-Ата, 1992. - 378 с.

19. Хафиз-и Таныш Бухари. Шараф-нама-ий-шахи//Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. - А-Ата, - 1969. – 655 с.
20. История Казахского народа М. Тынышпаев; сост., авт. предисл. А. Такенов, Б. Байгалиев. - Алма-Ата : «Қазақ университеті», 1993. – 224с.

## Искусство III рейха

Юлия Ошкина -
магистрант 1 – курса
Научный руководитель – к.и.н., доцент Ф.Н. Мийманбаева

Духовная культура, и ее неотъемлемая составляющая, искусство является отражением интеллектуального и духовного развития общества. В обыкновенных условиях искусство развивается органическим путем, тоталитарные государства в этом отношение представляют собой исключение, так как действует жесткая цензура, а произведения искусства скорее являются государственным заказом. Третий рейх по историческим меркам просуществовал достаточно недолго, но стилистика и внутреннее содержание искусства этого периода выпадает из общего контекста его развития. На что были свои причины, в которых мы и попытаемся разобраться в этой статье.

Историография проблемы берет свое начало с конца 1960 годов, в это время выходят два труда: Дрявляк Б. «Культура в целях свастики» [1] и Кин Ц. И. «Миф, реальность и литература» [2]. В 1992 году в Нью-Йорке выходит книга Адама Питера «Искусство Третьего рейха» [3]. В 2003 году в русском переводе вышла монография Моссе Джорджа «Нацизм и культура. Идеология и культура национал – социализма» [4], ценность этой монографии, заключается в том, что здесь собраны документальные материалы, различные статьи, отрывки научных трудов и многое другое. В последние пять лет трудов посвященных этой теме значительно прибавилось, появилось два фундаментальных труда, это, прежде всего, книга Маркова Ю. П. "Искусство Третьего рейха. Архитектура. Скульптура. Живопись» [5] и работа Дятлевой Г. В. «Искусство Третьего рейха» [6], весьма занятным трудом является работа Филатова К. «Художественные образы Третьего рейха» [7]. Сведения о культуре Третьего рейха, мы также можем найти в книге Ширера Уильяма, «Взлет и падение третьего рейха» [8], в главе посвященной нотификации культуры.

На наш взгляд, на искусство Третьего рейха повлияли следующие факторы:

В первую очередь, тоталитарность данной политической системы. Все предметы искусства проходили через цензуру и то, что считалось «неправильным» искусством уничтожалось, продавалось за границу, а за подобного рода «неправильное» творчество грозили санкции со стороны государства.

На создание новых произведений искусства, что именно, мы и называем искусством Третьего рейха оказало воздействие идеология нацизма: искусство нацисткой Германии это прежде всего государственный заказ и как следствие визуализация основных постулатов самой идеологии нацизма. Но и без личного участия Гитлера здесь также не обошлось, его личные предпочтения и вкусы ставились всегда во главе угла и все искусство Нацисткой Германии это фактическое отражение представлений фюрера об единственно правильном искусстве. В первую очередь нацистский тоталитаризм проявился в уничтожение предметов искусства и литературы. Например, почти сразу после прихода нацистов к власти 10 мая 1933 года, факельное шествие студентов в Берлине закончилось сожжением около 20 тысяч книг, подобное происходило еще в нескольких городах [8 с. 71]. На этом дело естественно не закончилось, был введен запрет на публикацию и выдачу в библиотеках произведений многих сотен авторов. В это же время был введен в действие закон о конфискации произведений «дегенеративного искусства» из музеев и частных собраний, часть из конфискованного, около 4289 работ, были сожжены в 1938 году во дворе главной пожарной команды в Берлине, другие были проданы на аукционах за границу[7 с. 6].

22 сентября 1933 года была учреждена Палата культуры рейха во главе Геббельсом. «Для руководства и контроля за каждой сферой культурной жизни было создано семь палат: изобразительных искусств, музыки, театра, литературы, прессы, радиовещания и кино. Все лица, работавшие в этих сферах, были обязаны вступить в соответствующие палаты, решения и указания которых имели силу закона» [8 с.71]. При этом фактически любой за политическую неблагонадежность мог быть исключен из палаты с весьма плачевными последствиями. «Для художников существовал целый ряд ограничений: Lehrverbot - лишение права на преподавательскую деятельность; Ausstellungsverbot - лишение права выставляться; и Malverbot - лишение права заниматься живописью. Агенты гестапо совершали молниеносные рейды по студиям художников. Владельцам художественных салонов и магазинов раздавали списки опальных художников и запрещенных к продаже произведения искусства» [9 с. 1]. Кроме политических методов, использовались и экономические, но также весьма эффективные. Палата культуры осуществляла распределение заказов, продажу произведений и даже организацию персональных выставок. [7 с. 6]. Таким образом, неблагонадежные лишались материальных средств к существованию.

Основные постулаты идеологии нацизма были полностью отражены в произведениях искусства, обошли стороной, наверное, только музыку и то потому, что этот вид искусства очень трудно поддается идеологизации. Но и здесь не обошлось без запретов и репрессий, хотя в этой области они носили чисто антисемитский характер. Главным образом, запретили исполнять музыку Мендельсона и естественно отстранили от работы музыкантов – евреев [8 с. 71]

Прежде чем показать, какое влияние оказала идеология на искусство, нам необходимо вспомнить основные постулаты нацизма. Прежде всего, это расовая теория, из которой следовало что семья - это главная ценность

государства, а основное предназначение женщины - рожать здоровых арийцев, будущих солдат, во-вторых, это определение главного расового врага еврея, который являлся выражением всего злого и отвратительного. Основной целью немецкого государства являлось завоевание территорий, то есть война. Еще атрибутом нацизма было обращение к славному прошлому германцев, это также нашло отражение в искусстве. Следующим пунктом нацизма было утверждение о том, что сельское хозяйство - это наиболее важная отрасль экономики.

Наиболее глубокое влияние идеология нацизма оказала на изобразительное искусство и, в особенности, на плакатное искусство. Работы немецких авторов были строго реалистичны и в целом их можно разделить на следующие тематические группы: викинги, германцы, солдаты, бой, жертвы, семья, мать, женщина, крестьянин, рабочий, враг, представленная выше типология полностью соответствует идеалам нацизма. Конечно, рисовали и пейзажи и натюрморты, но не в столь значительном количестве, или, опять-таки, часто в разрезе данных тем.

Важное влияние идеология оказала и на кинематографию Третьего рейха. Удачный пример отражения идеологии в кинематографе - это фильм 1940 года Фейта Харлана – «Еврей Зюсс». «Как было записано в аннотации к картине: «Еврей Зюсс» – это история о властителе, ставшем игрушкой в руках злодея-советника. И о том, как над этим злодеем и над его народом была одержана решительная победа» [7 с. 29]. Кто был злодеем в том фильме, а кто запутавшимся властителем объяснять не приходиться. Этот фильм, не стесняясь, использовали как открытую пропаганду, его рекомендовали к просмотру, чтобы выработать у народа отрицательное отношение к еврейству, как к врагу, если не посредством слов, так через эмоциональное и подсознательное влияние, следовало выработать устойчивый стереотип, чтобы не оставалось человеческой жалости в сердцах людей. «В рейхе фильм посмотрели более 20 миллионов зрителей. 30 сентября 1940 г. Генрих Гиммлер отдал следующее распоряжение: «необходимо позаботиться о том, чтобы личный состав СС и полиции в полном составе в течение зимы посмотрел фильм «Еврей Зюсс». На оккупированных восточных территориях фильм показывали для подогрева погромных настроений» [7 с. 30].

Фейт Харлан был очень популярным режиссером в нацисткой Германии. Ему также принадлежат еще две известные картины того времени: «Великий король», где речь шла о Фридрихе II, и более ранняя картина «Властелин», где был ярко отражен принцип фюрера [7 с. 29 - 30].

В скульптуре идеология чаще всего находила отражение в культе героев и истинных арийцев. Вот, например, три наиболее известных скульптуры Йозефа Торака: «Умирающий воин», «Товарищество» и «Немецкая семья», также говорят сами за себя.

Но самым известным и любимым скульптором Адольфа Гитлера являлся Арно Брекер. Его творчество оценивается не однозначно, достаточно часто его критиковали за не одухотворенность его скульптур, но с другой стороны он достаточно точно и искусно воспроизводил все тонкости человеческого тела,

поэтому его главной темой является изображение арийца: «В творениях Арно Брекера величие образа обнаженного, идеально сложенного, уверенного в себе арийского «сверхчеловека» нашло самое полное, блестящее воплощение. Дополнительным фактором, усиливающим впечатление зрителей, был сам размер его изваяний, колебавшийся от 2 до 6 метров» [7 с. 23].

Большое влияние на нацистское искусство оказал сам фюрер и его вкусовые предпочтения. Еще в «Майн кампф» он достаточно четко высказывает свое отрицательное отношение ко всякого рода авангардистам, экспрессионистам и кубистам. «Руководители государства обязаны бороться против того, чтобы сумасшедшие могли оказывать влияние на духовную жизнь целого народа. Предоставить свободу такому «искусству» означает играть судьбами народа. Тот день, когда такого рода искусство нашло бы себе широкое признание, стал бы роковым днем для всего человечества» [7 с. 5]. И сразу становится понятно, почему эти формы искусства после прихода его к власти оказываются под запретом.

Иногда он сам принимал непосредственное участие в проектировании зданий и выборе картин для выставок. Как это было с Домом немецкого искусства в Мюнхене и выставкой немецкого искусства в 1937 году. «На эту первую выставку нацистского искусства втиснули около 900 работ, отобранных из 15 000 представленных. Более нелепого подбора автору этих строк не приводилось видеть ни в одной стране. Гитлер лично произвел окончательный отбор и, как свидетельствовали его товарищи по партии, присутствовавшие при этом, вышел из себя при виде некоторых картин, отобранных для показа нацистским жюри под председательством посредственного живописца Адольфа Циглера. Он не только приказал немедленно их вышвырнуть, но и ударом армейского ботинка продырявил несколько из них» [8 с. 72].

Искусство Третьего рейха являлось одним из самых эффективных средств пропаганды и визуализации идей нацизма. Третий рейх полностью контролировал сферу искусства и оказал на него глубокое влияние. Именно поэтому здесь прослеживается такое единства стиля. Произведениям искусства, которые не вписывались в данную идеологическую доктрину в Третьем рейхе не было места, они подлежали конфискации и уничтожению.

1. Древняк Б.Культура в целях свастики. - Познань. 1969.
2. Кин Ц. И. Миф, реальность, литература. - М., 1968. – 156 с.
3. Adam Peter. Art of the Third Reich. – New York, 1992
4. Моссе Джордж. Нацизм и культура. Идеология и культура национал – социализма. – М.: Цент полиграф, 2003. – 446 с.
5. Маркова Ю. П. Искусство Третьего рейха. Архитектура. Скульптура. Живопись. - М.: РИП – Холдинг, 2012. – 384 с.
6. Дятлева Г. В. Искусство Третьего рейха. – М.: Феникс, 2013. – 254 с.
7. Филатов К. Художественные образы Третьего рейха. [Электронный ресурс] - Барнаул: Самиздат, 2011. – 40 с. URL: http://knigi.tor1.ws/index.php?id=4040684 (дата обращения: 01.04.2014).

8. Ширер Уильям, Взлет и падение третьего рейха. [Электронный ресурс]: В 2 т. Т. 1. – М.: Воениздат, 1991. - 167 с. URL: http://royallib.ru/book/shirer_uilyam/vzlet_i_padenie_tretego_reyha_tom_1.html (дата обращения: 31.01.2014).
9. [Электронный ресурс] URL: http://encyclopediya_3go_reicha.academic.ru (дата обращения: 03.04.2014).

## Аденауэр үкіметінің сыртқы саясаты

Қайсар Салимжанов –
1 - курс магистранты

Әлем тарихында елінің келешегі, ұлтының болашағы үшін жан айамай күрескен саяси тұлғалар көп. Жанынан ұлтын жоғары қойған тұлғалар тек өзінің елінің тарихында емес, әлем тарихына аттарын алтын әріппен жаза білген саяси қайраткелер. Мәселен сан ғасырлар бойы ағылшындардың отарына айналған Үндістанды ешпір қарусыз күрес арқылы егемендікке жол ашқан Махатма Ганди саясаты. Күллі түріктің болашағы үшін күрескен Мұстафа Кемал Ата түріктің еңбегі. Қара құрлықтың қаһарманына айналған нәсілшілдікке қарсы тұрып, теңдікті жоғары қойған Нельсон Мандела саясатының өзі үлкен тарих.

Осындай ұлт жанды, ел болашағын жеке мүдделен жоғары қойа білген неміс ұлтының мандайына біткен саяси тұлғаның бірі Конрад Аденауэр. Конрад Аденауэрдің 1949-1963 ж.ж аралығында билік жүргізген уақыты тек бір ғана неміс ұлтының тарихын өзгертіп қойған жоқ, сомен қоса әлемдік саяси билікке айтарлықтай өзгерістер әкелді. Бұл саяси тұлғаның сыртқы саясаттағы жүріп өткен жолымен таныспастан бұрын, сол уақыттағы әлемде қалыптасқан ақыуалға тоқталу керек. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Германия жеңілген елдердің қатарында еді. Соғыстың бар шығыны ауыртпалығы неміс ұлтының мойына ілінді. Германия бірнеше оккупатциялық аймаққа айналды. Батыс Гемания жерінде американдытар, ағылшын және француз әскерлері орналасты. Шығыс Германия аймағына кеңес әскерлері шоғырланды. Фашистік Гермнияның әскери офицерлеріне қарсы Нюриберг сот процесі 1945 жылыдың 20 қарашасыныа 1946 жылдың 1 қазанына дейін жүргізілді. Жеңіске жеткен мемлекеттер арасында ең басты мәселе Грманияның болашақ тағдырын шешу болатын. Жалпы Германияның болашақ тағдыры соғыс айақталмай тұрып-ақ айқындалған болатын. 1943 жылдың 28қарашадан 1 желтоқсан аралығында Тегеран конференциясында Герман мәселесі қаралған болатын. Бұл конференция негізінде басшылар арасында ортақ шешім қабылданған жоқ. У.Черчиль бастаған ағылшындар Германия тізе бүккенде оны бірден бөлшектеу керек екенін алға тартты. Ал И.В. Сталин мен Ф.Рузвельт өз тараптарынан соғыс айақталысымен Германияны бөлшектемей бір тұтас болуын жақтады. Ф. Рузвельт И.В Сталин және У.Черчилдің бастауымен 1945 жылдың 4-11 ақпанда Қырымда халықаралық конференциядада герман

мәселесі қаралған болатын. Тарихта бұл «Ялта» конференциясы деп аталады. Конференция негізінде басшылар арасында ортақ мәселе шешілгендңй болды. Германияны үш негізгі аймаққа бөліп «Үш Д» формасы қабылданды. Германияны демилитиризация (қарусыздандыру) демократияландыру және денацификациялау формасы негізінде жұмыстар жүргізуді бекітті. Германияға байланысты одақтастар арасында толық шешім қабылданған Потсдам конференциясы. 1945 жылы 17 шілде мен 2 тамыз аралығында Потсдам халықаралық конференция айасында Германияны бір бүтін экономикалық мемлекет ретінде қаралуды қарастырды. Германия экономикасына одақтық бақылау орнату. Осы конференцияда өте қызу талқыланған мәселе репарация болды. АҚШ пен Ұлыбритания Кеңес экономикасының дамыуына қарсы болды. Себебі репарацияның құны айтарлықтай көп болатын 20 млрд асып жығылатын. Аталған соманың 50 пайызын Кеңес үкіметіне берілу тиіс еді. Оған қоса АҚШ пен Ұлыбритания батыс Германия аймағында шоғырланған әскери-өндіріс орындарынан айырылғысы келмеді. Адамзат тарихындағы ең зұламат соғыс 1945 жылы 2 қыркүйекте Жапонияның жеңілгендігі туралы актіге қол қойумен айақталды. Жеңіске жеткен мемлекеттер арасында айтарлықтай ауыз біршілік байқалмады. Олар жоғарыда айтылған Герман мәселесін шешуде айтарлықтай саяси мүддеде келспеушіліктер айқын көрінді. Әлем сахнасында жаңа екі алып саяси ойншы мемлекеттер қалыптасты. АҚШ пен КСРО арасында саяси мүддеде бақталастық туындады. Екі идеология «капиталистик» және « социализм» арасында қарама-қайшылықтар қалыптасты. Бұл бақталастылықтың салмағы басқада мемлекеттерге түсті. Қарама-қашылық идеологиясына бастама болған оқыйға 1946 жылы 5 наурызда Фултанда Черчилдің сөлеген сөзінде батыс Еуропаны социализмнен сақтап қалудың басты жолы «Темір шымылдырық ілу»-деп ашық жариялады. Саяси идеологияны одан әрі дамытуға үлкен ықпал еткен жағдай «Маршыл жоспары». Жоспардың басты мақсаты соғыстан кейін батыс Еуропалық мемлекеттерге қаржылай көмеке беру еді. Жоғарыда аталған саяси оқиғалардың барлығы Германияға тікелей ықпалын тидірген еді. Саяси ойынның аймағына айналған Германия еді. 1947 жылдың 10-нан 24 -ші наурыз аралығында дейін антигитрлік коалиция Мәскеуде бас қосқан болатын. Басты қаралған мәсе Германияның болашағы болды. АҚШ-тың жаңадан сайланған госсекретары Джордж Маршыл және Сталин Германия мәселесін барлығына ортақ мүддеге сайкес шешуді ұсынды. Алайда олардың ойын басқада қатысушы елдер қолдамады. Бұнда тек екі алып идеологияның қөз қарасы емес оған қоса жеке ұлттық мүдеде ескерілді. Ұдыбритания «Рурск» көмір өндіру аймағына халықаралық бақылау орнатуды талап етті. Французлар болса Саара аймағын Францияға қайтару мәселесін көтерді.[1., 20-25 б.].

Маршыл жоспары негізінен Батыс Еуропа мемлекеттеріне қаржылыай көмектесу болатын осы жоспар негізінде Батыс Германия мәселесіне нақты түбегейлі шешілді. 1947 жылдың 25 қарашадан 15 желтоқсанғадиін аралықта Лондонда сыртқы істер министірлігінің конференциясы болды. Бұл конференцияда ешкім айталықтай жаңалықтар күткен жоқ. Батыс Германия мәселесі шешіліп қойған еді. Ал өз кезегінде КСРО тарапы Германияны

біріктіру көз қарасынан бас тартпады осы мәселеде одақтастардан талап етті. Алайда бұл мәселе одақтастар үшін бар маңыздылығын жоғалтқан еді. Ортақтасып Германияға бақылау орнату саясатының өзі өз мәнін жойған болатын. Батыс Германияның болашақта тарихи сахандағы ролін анықтау АҚШ және одақтастарының қолына көшті.

Батыстық Германия АҚШ және одақтастардың ықпалына өткенде бірден экономика саяси жүйе дамып кеткен жоқ. Ел басынаең ауыр кезеңдерді өткізуде еді. Елде көмірдің жетіспеулігі, азық түліктің тапшылығы, жұмыссыздық мәселесі, әлеуметтік мәселер шаш етектен болатын. 1946-1947 жылдар аралығында елдегі дағдарыс неміс ұлтына үлкен ауыртпашылық әкелді. Елде ең тұрақты валюта есебінде американдық темекі және шоколад есептелді. Осы жағдайлардың барлығын ескере отырып 1947 жылы 17 маусымда АҚШ президенті Трумэн окупатциялық аймақтарға «неміс ұлтына экономикалық еркіндік және басекелестік» туралы заңға қол қойды. Бұл құжатты тездетіп жүзеге асыруға үлкен септігін тігізген «Маршыл жоспар» болды. АҚШ 1948 жылдан 1957 жыл аралығында неміс экономикасына 1,5 млрд доллар құйды.[2,142-143 бб].

АҚШ үшін ең басты мәселе Батыс Германия саясатын және экономикасын реттеуді қолға алу еді. 1947 жылы Франкфурт-на-Майне қаласына Нью-Йорктан жаңа басылып шыққан ақша банкноттары келді. 1948 жылы 1 наурызда алғашқы Банк ашылды. Батыс Германия саясатын реттеуде 1948 жылы 2 тамызда Лондондағы конференцияда одақтастар арасында АҚШ, Ұлыбританя, Франция, Белгия, Нидерланды және Люксембург тез арада Батыс Германияның үкіметін құру кереке екндігін шешті. Батыстық одақтас мемлекеттер мен АҚШ тікелей араласымен тарих сақанасында бір елде екі мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасты. 1949 жылдың 12 мамырында Батыс Германияда Герман Федеративтік Республикасы құрылды. Ал өз кезегінде КСРО тарапына қарайтын аймақтада басқару орталығы құрылды. 1949 жылыдың 7 қарашасында Герман Демократиялық Республикасы құрылды. Екі басты идеологияның шиеленуісінің айқын көріністері еді. Берлиннің екіге бөлінуі кейін «Қырғы-қабақ соғысының» басты символына айналды.

Тұңғыш Германия Федеративтік Республикасының астанасы болып Бонн қаласы болып табылды. Ал федералдық канцлер болып Християн Демократиялық Одағының негізін қалаушы Конрад Аденауэр тағайындалды. Германия Федеративтік Республикасының болашақ сыртқы саяси тарихының бағыттары, осы әйгілі тұлғаның жүргізген саясатымен тікелей байланысты еді. Конрад Аденауэрдің үкіметінің алғашқы жылдары жүргізген саясатының өзінде-ақ ГФР-дің Европа саяси саханасындағы беделін қайтарып алды. Қалыптасқан екі алып идеологияның батыстық бағытын таңдап, социолитік жүйені мойндамады. АҚШ, Ұлыбритания және Франция үкіметтері Герман Федеративтік Республиканың Европадағы саяси ролін айқын түсінді. Герман Федеративтік Республикасы Европа аренасында комунизимге қарсы тұратын бірден-бір саяси ойыншы ретінде бағалады. Мемлекеттегі қабылданатын заңдардың барлығы алдымен одақтастардың комисияынан қтіп содан кейін бундестакта қабылданып отырды. Осының барлығында Конрад Аденауэрдің

көрегенді саясатының арқасында жүзеге асырылып отырылды. Саясатты жоспарлау, дипломатиялық келіс сөздерде өз ұстанымын көз қарасын дәлелдеуде шебер саясаткерлік қабілетімен таныла білд. Ол сыртқы саясатта АҚШ, Ұлыбритания, Франция үкіметінің алдында өзіне берілген саяси мүмкіншіліктердің еш қайсысын зайа жіберген жоқ. Шығыстық үкіметтің алдында қаншам сынға ұшырасада Германияның бөлінуіннен бас тартпады.

1949 жылы 22 қарашада К.Аденауэр батыс бірлестігінің бас комиссарымен маңызды «Петерсберг» құжатына қол қойды. Бұл құжаттың маңыздылғы ГФР ендігі кезекте басқада шет елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға және елшілік мекемелерін ашуға толық мүмкіндік береді. Сондай елшілік 1950 жылы Лондон қаласында ашылды. Бұл келісімнің тағы бір артықшылығы ГФР «Маршлл жоспарына» қатысуына толық құқық берді. Сомен қоса ГФР өзінің сыртқы министірлер кабинетін ашуға, оларды шет елдерде дайындауға толық мүмкіндік алды. Бұған қоса оккупациялық мемлекеттер тарапынан ГФР қарсы әскері бақылаудың толық алынатыны мәлімделінді. Бұл ГФР 1951 жылы 2 мамырда Еуропалық Кеңестің толық қанды мүшесі болды. Страсбург қаласында Еуропалық болат және темір бірлестігі құрылды ГФР айтулы рол ойнады. Алайда ГФР –ге айтарлықтай оңай болған жоқ. Себебі Саар обылысы үшін Франция мүдделі еді. Франция бұл аймаққа көз тігудің басты себебі көмір алабының орналасуында. Саар аймағында 1 милион неміс тұрса бір қызығы бұл аймақта бірде-бір француз тұрмайтын. Соған қарамастан Франция бұл аймаққа үстемдік жүргізгенді қалайтын. Саарда өңделген көмір францияның темір балқыту комбинаттарына өте қажет еді. Оған қосымша Франция франк бұл аймақта тұрақты валюта ретінде айналымда болатын. Бұғадейін осы даулы мәселені шешу үшін Конрад Аденауер Франция үкіметіне ұсыныс тастаған болатын. Француз-батыс германия одағын құру өзідерінің ортақ парламентімен. Осы парламентің негізінде кейін басқада еуропалық елдер бірігеді делінді.[3,226-228 б].

1952-1957 жылдардағы келісімдердің барсында ортақ рынок қалыптастырылды. Олар: көмір, темір рудасы, болат, шойын бірлестігі құрылды. Мүше елдер арасындағы кедендік салық баж жойылды. Бір тұтас көлік тариф құрылды. Соғыстан кейінгі экономика қалпына келтіріліп, экономикалық интеграция 1955 жылы «ғажайып дамуға» әкелді. Көмір өндіру 250 млн. Тоннаға, болат 60млн тоннаға жетті.

«Еуропалық бірлік, көмір және болат» бірлестігі ГФР үшін көптеген мүмкіндіктер берді. Ол бірінші кезекте экономикалық тұрғыдан сауда – саттыққа жол ашты, тауар өткізу рыногын ұлғайтты. Екіншіден халық аралық саяси сақанаға шығыуға мүмкіндік берді. Үшіншіден қаржы мәселесін қарастыруға жағдай жасады. [4,84-86 б].

Батыс Герамния сыртқы саясаты атлантизм саясатының принциптерін ұстанды. АҚШ –тың соғыстан кейінгі «қырғый-қабақ» саясатын толық сөзсіз қолдады. К.Аденауэр үкіметінің сыртқы саясаты соғыстан кейінгі Европадағы өзгерістерді мойындамады. Потсдам конференциясының демилитаризациялау талаптарын орындамай, ремилитарациялауды жүргізді. Еуроаны бірігіп қорғау саясатын жүргізіп, антикеңесті, антикоммунистік бағыт ұстанды. 1951 жылы

ГФР территориясынан оккупациялық режімді алып тастады. Бұл бірінші кезекте К.Аденауэрға сыртқы саясатта батыл қадамдар жасауға көп мүмкіншілік берді. Екінші кезекете ГФР батыс елдерімен қарам-қатынасты ұлғайтты. Өз жерінде қалыптасқан оккупациялық әкімшілігімен мемлекеттің конституциясын әзірледі. Олар батыстық үлгіде дайындауға көмектесті. Бұл жоба тек қана Батыс Германия жеріне қатысты болды. [5,42 б].

Сыртқы саясатта К.Аденауэрдің басым бағыты тікелей АҚШ және оның Европадағы одақтастарына бағытталды. Әлемдегі алып ойншылар арасында маңызды ойыншылардың бірі болуға ұмтылды. Сол арқылы Батыс Германияның халықаралық аренада беделін көтеруді ең басты мақсаты екенін түсінді. Мәселе «батыс» пен «шығысқа» қатысты болғанда ол өте қатал антикоммунистикалық және антисоветтік бағытты ұстанды. К.Аденауердің сыртқы саясаты жайында американдық тарихшы Уилльям Гриффи «Аденауер американдық биліктің изоляциясынан, антигермандық француздар тарапынан ұлтшылықтан қорықты. Оған қоса амрикалық және кеңестік биліктің гегемониясы қайта неміс ұлтының басына орнаудан сескенді».[6,92-93].

К.Аденауэр әлемдік саясаттың Олимпіне шығыу үшін оған ең сенімді одақтас және тұрақты қолдаушы керек еді ондай қолдаушы елдің бірден бір АҚШ болатын. Сыртқы саясатта басым бағыттың барлығы тікелей АҚШ-қа бағытталды АҚШ алдында бедел жыйнау ең басты міндетке айналды. 1954 жылы 22 қазан айында АҚШ-тың тікелей ұсынысымен «НАТО» Солтүстік Атлантикалық Келісім Ұйымына толық қанды мүше болуын алға тартты. Келесі күні Париж келісім шарты жасалды осы шарттың негізінде жаңа саяси-әскері одақ (Батыстық Европалық Одақ) құрылды. Бұл Германияға «НАТО» Солтүстік Атлантикалық Келісім Ұйымына тікелей жол ашылды. 1955 жылыдың 9 мамырынан бастап Батыс Германия толық қанды «НАТО» Солтүстік Атлантикалық Келісім Ұйымына мүше болды. Осы қадамнан кейін Батыс Германия окупациялық аймақтан толық дербес елге айналды. Осы сәттен кейін Мәскеу тікелей Батыс Германияға саяси нота жіберілді. Онда Мәскеу К.Аденауэрге екі жақты келісім шарттарды реттеу және дамыту. 1955 жылы 3-13 қыркүйек айынын аралығында Мәскеуде өте күрделі жағдайда келіс сөздер жүрді. Екі жақты келіс сөздер барысында саяси дипломатиялық қатынастар орнатылды. Жақын-арада сауда-саттық қатынастардың тығыз орнатылатындығы айқын көрінді. Келіс сөздер барысында К.Аденауэрдің үлкен саяси жетістігінің бірі тұтқындар мәселесі еді. Тұтқындарды босату және отанына қайтару 10 мыңнан астам әскері тұтқындарды және 20 мыңнан астам неміс ұлтының азаматтарын қайтаруға мүмкіндік алды. Осы саяси оқыйғалар К.Аденауэрдің саяси беделін тек өз елінде емес сомен қоса әлемдік саханада да арта түсті. Ол басшылық еткен ХДС/ХСС төрт рет қатарынан парламенттік сайлауда жеңіске жетті. Батыстық елдердің басшылары К.Аденауэрді өздерінің ең маңызды әріптесі ретінде санады. Ең тығыз байланысты Ш. де Голмен қарым-қатынастың орнауы. 1963 жылы 22 қаңтарда Батыс Германияның канцлері К.Аденауэр және Франция президенті екеуі Елесей алаңында төс қағыстыруы жүз жылға созылған екі елдің арасындағы ұлтаралық қақтығысқа нүкте қойылғанын көрсетті. [7.320-322 бб].

1963 жылы 15қазанда К.Аденауэр канцлер қызметінен кетті. Ол Батыс Германияны онтөрт жыл бой басқарды. Өмірінің соңғы жылдарын отбасында өткізді. Бірақ саясаттан толық қол үзген жоқ үш жылдай өзі басқарған ХДС партиясына жетекшілік етті. 1967 жылы 91 жасқа келген шағында К.Аденауэр өмірден өтті. Оны соңғы сапарға шығарып салу үшін төрткіл дүниенің айтулы басшылары келді. АҚШ-тан Л.Джонсон Франциядан Ш.де Голль, Ұлыбританиядан Г. Вильсон латынамерика, азия және африка құрлығынан келді. Өзінің өмірін неміс ұлтының ұлт болып қалуына оның әлемдік сақанада орнын айқындау үшін елінің болашағы үшін жан айамай еңбек еткен саяси тұлға. Әлемдегі ең ақылды айлакер, тапқыр, ер жүрке елінің қамын жоғары қойа білген атын алтын әріппен қалдырған ұлы тұлғалардың бірі.

1. Заболатный В.М. Новейшая история стран Европы и Америки. - М., 2004. – С. 20-25.
2. Александр Ватлин Германия в XX веке. - М., 2005. - С-142-143.
3. Еуропа мен Америка елдерінің тарихы (1918-1990 жж.). - Түркістан, 2004 - 226-228 бб.
4. Павлов Н.В. История современной Германи 1945-2005. - М., 2006. -84-96.
5. Мәшімбаев.С.М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы 1945-2000. - Алматы, 2007. - 42б.
6. Патрушев А.И. Германия в XX веке. - М., 2004. С-320-323.

## Құжаттаманы басқарудағы және құжаттарды ресімдеудегі жаңа талаптар

Әсем Сарманова -
1 -курс студенті
Ғылыми жетекшісі –т.ғ.д., профессор О.Х. Мұхатова

Күнделікті өмірде құжаттың маңызы зор, өйткені кез келген әрекет солардың көмегімен дәлелденеді, сондай-ақ әр адамның қоғамдағы өз орнын табуы, мүддесін қоғамдағы өзге мүшелерімен, яғни жеке адамдармен, мекемелермен тағы да басқа ұйымдармен байланыс орната алуы негізінен осы құжаттарға байланысты.Құжат пен құжат айналымы барынша артып отырған бүгінгі ақпараттық қоғамда осы саладағы жаңашыл тәжірибелер мен әдіс-тәсілдерді айқындау және оларды қолданысқа енгізудің маңызы зор. Қазіргі қоғамның нарықтық қатынастарға толық көшуі және ақпараттандыруға бет алуы, құжаттаманы басқаруға және құжаттарды ресімдеуге байланысты жаңа қағидалар құру қоғамдық қажеттілікті арттыра түсті. Бұл қажеттілік ең алдымен құжатпен жұмыс атқаратын кез келген маманға құжатты ресімдеу мен құжат басқару үдерісін оңтайландыру мақсатында пайда болған. Сол себепті құжатты басқару мен ресімдеуді жетілдіру жаңа әдістерін айқындауды қажет етеді. Қандай да құжатпен тиімді жұмыс атқару үшін оның орындалуын ұтымды әдістер керек. Бұл әдістер

құжатпен жұмыс атқару кезінде қателіктерге жол бермеу үшін, олармен жұмыс ұзақтығын азайту үшін қажет.

Құжаттармен жұмыс тәртібін, нормалары мен ережелерін, сонымен бірге бірізделген жүйесін заңдастырған бірқатар мемлекет қабылдаған түрлі нормативтік әдістемелік құжаттар, әдістемелік ұсынымдар мен заңдар шықты. Атап айтқандаҚазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 маусымда "Қазақстан Республикасының барлық ұйымдық-құқықтық нысандағы бірлестіктерінде (кәсіпорындарында), мекемелерінде және ұйымдарында құжаттау мен құжаттамаларды басқарудың негізгі ережелерін бекіту туралы" N 562 қаулысы құжат жасауға байланысты қағидалар құру үдерісінің бастапқы қадамы болды[1]. Мемлекет тарапынан заман талабына сай өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп жаңа қағидалар құрылып заң бойынша бекітілуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсанындағы бекітілген №1570 қаулысы негізінде Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың жаңа талаптары ұсынылды[2]. Осы талаптарды талдау барысында құжаттарды ресімдеу және басқару ісінің жаңа деңгейге өткенін байқай аламыз.

Құжаттама жасаудың және құжаттамаларды басқарудың ескі және жаңа Қағидалары бойынша көптеген айырмашылық орын алған. Біріншіден, өзгерістерқұжаттама жасау және басқарубарысына бағытталды. Маңызды өзгеріс сөздерді қолдануға қатысты болды. Құжат айналымындаіс номенклатурасы жыл соңында нақтыланып ұйым басшысы бекіткен соң келесі іс жүргізу жылының 1 қаңтарынан бастап «күнтізбелік жыл» сөз тіркесі «іс жүргізу жылына» ауыстырылды. Яғни, бұл күнтізбелік жыл мен іс жүргізу жыл – әр түрлі ұғымды білдіретіндіктерін ескеретін болсақ, орынды ауыстырылған.Мысалы, білім беру мекемелерінде іс жүргізу жылы оқу сабақтары басталғанда – 1 қыркүйекте, ал театрда – театр маусымы ашылғанда, маслихаттарда – сайланған күннен басталады және т.с.с. Сондықтан да, осы ұғымдарды бірдей деп санауға болмайды. Алайда, жаңа қағидаларда іс жүгізу жыл 1-қаңтарда басталатындығы түсініксіз[3].

Жаңа Қағидада филиалдар мен өкіліттіктердің номенклатураларына арналған өзгертулер көрініс табады. Атап айтсақ, филиалдар мен өкілеттіктердің іс номенклатуралардың үлгілері ескі және жаңа қағидаларында айырмашылықтар бар.Ескі қағидаларда ұйымның атауы мен құжаттың атауы қазақ және орыс тілдерінде берілген. Жаңа қағидаларда – тек бір тілде берілген. Осыдан мынадай ой түюге болады, яғни: атауын және құжаттың өзін ресімдеу кезінде тілді таңдау, ұйымда қай тілде іс жүргізілетіндігіне байланысты болмақ. Бұл менің ойымша, орынды өзгеріс, себебі құжат құрау бір ғана тілде жүргізілетіндіктен, оны жасау уақытының ұзақтығы бұрынғыдан 2 есе үнемдеу мүмкіндігіне ие болдық.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне келесі бір өзгеріс істерді қалыптастыруға байланысты. Істерді қалыптастыру – орындалған құжаттарды іс номенклатураларына сәйкес істерге топтастыру және құжаттарды істер ішінде жүйеге келтіру деп аталады. Іс арналды деп

алғашқы орындалған құжат пайда болған сәттен саналады. Ескі Қағидалардың 121- тармағының 2)-тармақшасы жаңа Қағидалардың 129-тармағының 2)-тармақшасына біршама нақтыландырулар енгізілген.Бұл тармақта істерді қалыптастырудың жалпы талаптарының сақталу мәселелері қарастырылады. Атап айтқанда, ескі қағидаға сәйкес бір мәселенің шешіміне қатысты барлық құжаттар бірге қойылса, енгізілген толықтырулар құжаттардың қосымшаларын бекітілу немесе жасалу күніне қарамастан, құжаттарбірге орналастырылады. Сонымен қатар, көлемі 180 парақтан асатын қосымшаларға жеке том жасалуы керек және ол туралы құжатқа белгі қою міндеттеледі[4].

Келесі толықтыру ол осы тармақтың 4)-тармақшасынан көрініс алады. Жаңа Қағидада іске бір күнтізбелік жылдың құжаттары топтастырылуына кірмейтін құжаттардың нақты атаулары берілген. Олар:

- өтпелі істер;
- сот істері;
- осы тұлғаның ұйымдағы жұмысының бүкіл кезеңі ішінде қалыптастырылатын жеке істер;
- сайланбалы органдардың және олардың тұрақты комиссиялырының және шақырылым кезіңіндегі топтастырылған депутаттық топтардың құжаттары;
- оқу жылы ішінде қалыптастырылатын оқу орындарының құжаттары;
- театрлау маусымында сахналық қызметті сипаттайтын театрлардың құжаттары;
- ауру тарихы және басқалар кірмейді деп толықтыру енгізілген.

Бұл өзгеріс өте маңызды деп ойлаймын. Себебі, құжат топтастыру кезінде күнтізбелік жылға кірмейтін құжат атаулары нақты беріліп, осы жұмысты біршама оңайландырып, істің көлемін қысқартуға әкелді. Яғни, ескі талапта істің көлемі 250 парақтан аспау қажет деп берілсе, жаңа талапта көлемі бойынша іс 180 парақтан аспау тиіс деп берілген. Істің көлемі70 параққа кеміп, ендігі ретте оны тасымалдау, реттеу кезінде көптеген қиыншылықтары жойлып, ұтымды өзгеріс жасалынды.

Заңнамадағы келесі маңызды жаңалық ескі Қағиданың 124-тармағы жаңа Қағиданың 132-тармағы болып өзгергені. Жаңа Қағида бойынша, өкімдік құжаттар оларға жататын қосымшаларымен бірге түріне және хронологиясына қарай бір іске топтастырылады. Өкімдік құжаттармен бекітілген нұсқаулықтар, қағидалар, ережелер, жарғылар оларға қосымша болып табылады. Егер, олар жеке құжат ретінде бекітілсе, онда олар жеке іске топтастырылады. Бұл мәселе жаңа Қағидада барынша жан-жақты баяндалған. Өзгеріс әкелген нәтиже болып,маңызы аз істің құрылуына жол бермейді.

Заңнамадағы келесі жаңалық құжаттама жасаудың үлгілік қағидаларында бекітілген істерді ресімдеу тәртібіндегі өзгерістерге назар салуымыз керек. Істі ресімдеу – белгіленген қағидаларға сәйкес істі сақтауға әзірлеу. Ол бірнеше міндеттердің шешілуін көздейді, жаңа талаптардағы өзгерістерді білу өте маңызды болып табылады. Іс парақтарын нөмірлеу тәртібі біршама өзгеріске ұшыраған, ол жаңа Қағидалардың 147-тармағында көрсетілген. Ескі

Қағиданың 138-тармағында берілген алты тармақшасы біршама – өгеріске ұшырап және де 7 мен 8 тармақшалар қосылған. 2)-тармақшасындағы өзгерісі болып,ендігі ретте парақтарының нөмірі бар құжаттар, оның ішінде баспа басылымдары жалпы тәртіп бойынша нөмірленеді немесе егер істегі парақтардың орналасу тәртібіне сәйкес келсе, олардың өзіндік нөмірленуін сақтау керек деп берілген. Ал, жаңа енгізілген 7)-тармақшасында нөмірлеуде қателеркөп табылған жағдайда істің парақтарын нөмірлеу қайта жүргізіледі. Парақтарды қайта нөмірлеу кезінде ескі нөмірлер сызылады және олардың жанына парақтардың жаңа нөмірлері қойылады, істің соңында жаңа куәландыру парағы жасалады, осы арада ескі куәландыру парағы сызылады, бірақ істе қалды деп нақтыландырылады. Келесі жаңа енгізілген 8)-тармақшасында, парақтардың нөмірленуінде жекелеген қателіктер бар парақтардың литерлік нөмірін қолдануға рұқсат беріледі. Осылайша, жаңа Қағидаларға енгізілген толықтырулар істерді іздестіру процесін жеңілдетіп, істердің қажетті парақтарын жедел табуға ықпал етеді. Сондай-ақ іске қосылған құжаттардың орналасу тәртібін бекітетінін байқаймыз.

Жаңа Қағидалардың 148-тармағына мынадай толықтырулар енгізілген: істің құрамы мен жай-күйі туралы кейінгі барлық өзгерістері, яғни, зақымдалуы, құжаттардың алынуы тиісті актіге сілтеме жасала отырып куәландыру парағына қойылу керек деп бекітілген. Енгізілген өзгертулерге сәйкес, куәландыру-парағында істің құрамы мен жай күйі туралы барлық өзгертулер белгіленеді. Көрсетілген толықтырулар істің ішіндегі құжаттар қозғалысын бақылауға көмектеседі. Осылайша, істерді ресімдеу кезінде әр құжатқа сауаттылықпен қарау қажетті құжаттамаларды жедел іздестіруге және тиімді сақталуын қамтамассыз етеді[5].

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне енгізілген барлық өзгертулер мен толықтырулар, құжат айналымын ұйымдастыру, бақылау және ресімдеуде қажеттіліктерге байланысты туындап отыр.Мемлекет тарапынан енгізілген өзгерістер іс жүргізу ісінің заманауи талаптарды орындауға және қоғам сұранысын өтеу мүмкіншілігін берді.Заңнамадағы соңғы өзгертулер құжаттармен жұмыс істеу барысын оңайландыруын қамтамассыз етеді.

Осылайша , құжаттаманы басқаруға және құжаттарды ресімдеуге байланысты жаңа қағидаларыненгізілу мәселелерін қарастырдық. Мұндай салыстырмалы талдауды объективтілігі, алғышарттары мен себептері, қалыптасқан уақыты, жері, авторы немесе ұйымы, сақталуы, яки жариялануы, тағы сол сияқты мәселелерқарастырылды.Осылайша 2011 жылдан бастап енгізілген жаңа Қағидалар құжатты басқаружәне ресімдеу үдерісін алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай дамып, қазіргі заманауи талптартарға сай бола бастады. Бұл сала ақпараттақ заман ықпалында айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, дамуының өзіндік келесі сатысына көтерілді. Іс қағаздары жоғарғы дәрежеде дайындалып, іс жүргізу құжаттармен жұмыс үдерісін жеңілдету үшін тағы бір бір қадам жасалды.

---

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының барлық ұйымдық-хұқықтық нысандағы бірлестіктерінде (кәсіпорындарында),

мекемелерінде және ұйымдарында құжаттау мен құжаттамаларды басқарудың негізгі ережелерін бекіту туралы" 1992 жылғы 30 маусым N 562 қаулысы – Алма-Ата, 1992.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 1570 Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қаулысы – Астана, 2011.
3. Маликова Н. Тіркеу, бақылау және сақтау. Жаңа талаптар // Қазақстандағы іс жүргізу. — 2013. — № 01. — С. 32–34.
4. Тыналина Г. Істерді жаңа талаптарға сай қалыптастырамыз.//Қазақстандағы іс жүргізу. — 2013. — № 02. — С. 28–32
5. Маликова Н. Істерді жаңа талаптарға сай ресімдейміз. // Қазақстандағы іс жүргізу. — 2013. — № 03. — С. 29–31.
6. Маликова Н. Іс номенклатурасын жаңа талаптарға сай жасаймыз // Қазақстандағы іс жүргізу. — 2013. — № 01. — С. 35–37.
7. http://adilet.zan.kz/
8. Ысқақ А.С. Қазақстанда іс жүргізу және құжаттану: тарихы мен зерттеу әдістері (XIXғ. - XXI ғ. басы). Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2010. – 50 б.
9. Қаниева З.Қ. Іс қағаздарын қазақша жүргізу//Жоғарғы оқу орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал. – Кентау, 2008. – 60 б.

## Қазақстан Республикасында электронды құжат айналымының біртұтас жүйесін енгізу

Айдана Сарыбаева -
1-курс магистранты

Ақпараттық технологиялардың дамуы мен электронды құжат айналымының күн санап өсуі және мұрағаттық жұмыстар қағаз тасымалдағыштарға қарағанда электронды тасымалдағыштардағы құжаттарға деген сұраныс артуда. Деректерге сүйенсек, әрбір үш жыл сайын мекемелердегі электронды құжат мәтіндер саны екі есе көбейіп отырады екен. Алайда, қағаз тасымалдағыштардағы құжаттардан бас тарту мүмкін емес, бірақ, бұл саладағы мамандардың көзқарастарына сәйкес, электронды нұсқадағы құжаттар аса басымдыққа ие болатыны сөзсіз айқын. Құжаттар санының өсуі тек Қазақстанда ғана емес, әлем мемлекеттерінде де мамандар алдында құжатайналымын басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру қажеттілігін туындатты. АҚШ, Англия, Швеция, Франция, Канада, Германия, Австралия, Ресей мемлекеттерінде Интернет арқылы жүзеге асырылатын, қағазсыз бухгалтерлік және салықтық есептілік технологиясына көшкен болатын. Электронды құжат айналымы нарығы әлемде жылына 20 % өсіп отыр [1, 37 б.].

Электронды құжат айналымының артықшылықтарына тоқталар болсақ: құжаттар алмасуына толық бақылау жасалады, дайын, мәліметтер базасы арқылы тез жаңа құжат жасау, көптеген пайдаланушылар бір уақытта бір

құжатпен жұмыс істей алады. Сонымен қатар, құжаттарды жоғалудан, бүлінуден сақтауға болады, керек құжаттарды іздеу уақытысын қысқарту мүмкіндігі артады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 мамырдағы қаулысы бойынша Электрондық құжат айналымы бірыңғай жүйесінің бірінші кезегі әзірленді. Электрондық құжат айналымы бірыңғай жүйесі жобасын енгізудің негізгі мақсаты – мемлекеттік органдарда іс жүргізу үрдісінің ашықтығын, жариялылығын қамтамасыз ету, сонымен қатар мемлекеттік органдарды қағазсыз технологияны қолдануға және құжат пайдаланудың ұжымдық механизміне көшіре отырып, мемлекеттік басқаруда құжат айналымының тиімділігін арттыру болатын.

2011 жылғы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпарат инфрақұрлымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» ҚР Президентінің Жарлығы негізінде мемлекеттік органдарда электрондық технологиялар енгізіле бастады [2].

Ал, ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы азаматтар мен ұйымдарға тез және сапалы мемлекеттік қызмет көрсету мақсатында ҚР Президентінің 2004 жылғы №1471 Жарлығымен «Қазақстан Республикасындағы «электрондық үкімет» қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» [3] бекітілгені белгілі. Осы мемлекеттік бағдарлама қабылданғаннан кейін мемлекеттік органдарда ақпараттық жүйелер жұмысын дамыту жандана түсті. Бұл маңызды тапсырманы орындауға ҚР барлық мемлекеттік органдары белсене кірісті. Мемлекеттік бағдарламаның өңірлік бағыттары да қоса дамытылды. Өңірлерде электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі ендіріліп, 2009 жылдың қыркүйек айынан бастап барлық әкімшіліктер электрондық құжат айналымының жеделдігін пайдалануға кірісті.

Сонымен бірге, электрондық құжатты заң жүзінде қағаз құжатпен теңестірген, соған орай электрондық цифрлық қолтаңбаны – жазбаша түрдегі қолжазбамен бір деңгейге қойған Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының жетілдірілуі барысында Ақпарат және мұрағат комитеті «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымы ережесін» әзірледі. Бұл ережені Қазақстан Республикасы Үкіметі 2004 жылғы 17 сәуірдегі № 430 қаулысымен бекітті. Ережеде мынадай жұмыстардың негізгі нормалары белгіленді:

1) электрондық құжаттарды іріктеу, сақтауға қабылдау және тапсыру, оларды жою мен кепілдік беру арқылы жою, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық түрдегі кілт-белгілерін және электрондық құжаттар есебін жүргізетін журналдарды жою тәртібі мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдары арқылы белгіленеді;

2) электронды құжаттарды сақтау мерзімдері олардың қағаз нұсқасындағы түпнұсқалары сақталатын мерзімдермен сәйкес келеді. Мұны мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдары белгілейді;

3) Электрондық құжаттар түзілген, жолданған және алынған кездегі форматы бойынша электрондық цифрлық қолтаңбасымен сақталады.

4) электрондық құжаттардың Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандарттары талаптары мен мемлекеттік орган лауазымдық тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасына сәйкес деректемелік белгілері болуға тиіс [4].

Жалпы, электронды құжат айналымының біртұтас жүйесін енгізілуі нәтижесінде мынадай нәтижелерге қол жеткізілді: электронды жедел құжат айналымы жүйесі электронды цифрлық қолтаңба қолдану арқылы мемлекеттік деңгейде қалыптастырылды; мемлекеттік органдардағы іс жүргізу үрдісі бірыңғай тәртіппен жобаланды, мемлекеттік қызметкерлер жұмысын жетілдіру, жеңілдету, қажет ақпаратты тез табу; құжат айналымы есебін қалыптастыру, мемлекеттік билік органдары мен азаматтардың «электронды Үкімет», Электронды құжат айналымының біртұтас жүйесі арқылы онлайн құжат, хат алмасуы жүзеге асырылды.

Электронды құжат айналымының біртұтас жүйесін енгізу мемлекеттік органдарда 5 жыл бойы іске асты. Алдағы уақыттарда істелетін жұмыстардың ауқымы кең екенін, оның тек қана технологиялық, қаражат, білімге ғана байланысты емес, сонымен бірге электронды құжатты пайдаланудың психологиялық тұсының да маңызды екенін жақсы түсіну қажет. Жастар электронды құжат айналымы, электронды құжатты сақтау, алу, өңдеу мен пайдалану, электронды сандық қолтаңбаның статусы жайлы заңдарды күнделікті өмірде пайдалана алуы тиіс. Қазіргі заман әрбір қазақстандық азаматтарды болашағы зор «электрондық үкімет» секілді жүйелермен байланыстырып, өздерінің күнделікті өмірде кездесетін проблемаларын, мәселен: салық төлеу, анықтама алу, мемлекеттік жобалармен, іс-шаралармен танысу, білім алу, денсаулығын күту, демалуды электрондық жүйе арқылы жүзеге асыруға жағдай тудырып отырғанын көреміз.

Қазіргі таңда Қазақстанда енгізілген Электронды құжат айналымының біртұтас жүйесі басқа елдерге де үлгі бола алады десек те болады. Бұл жүйеде жеткен жетістіктермен тоқталып қалмай алдағы уақытта үздіксіз дами беретініміз анық. 10 жыл аралығында Электронды құжат айналымының біртұтас жүйесіне 86 мемлекеттік орган, 296 аумақтық бөлімшелер тартылған, қолданушылар саны 12 мың адамнан асқан [5]. Қазіргі кездегі ең көкейкесті мәселе, ол - электронды құжат түзу, пайдалану, сақтау саласындағы нормативтік құқықтық базаны одан әрі дамыту болып табылады.

Құжаттама ісі бойынша мемлекеттік уәкілетті органдар, құжаттама саласындағы мамандар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында басқару қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету, құжаттарды іс қағаздарын жүргізу сатысында түзу және ресімдеу жұмыстарының бірыңғай принциптері қарастырылмағандықтан, «Басқару қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету

туралы» Қазақстан Республикасы Заңын әзірлеу қажеттігі туындап отырғанын орынды көтеріп келеді. Мұндағы олардың көздеген негізгі мақсаттары төмендегідей:

- құжат түзу саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорын заң жүзінде дұрыс ресімделген құжаттармен толықтыру;
- қағаз құжаттар айналымын қысқартып, электронды құжаттардың қолданылу аясын кеңейту;
- азаматтардың заңды құқықтары мен мүделерін қорғау;
- еліміздің территориясында жасалған құжаттарды ұлттық мүдде тұрғысынан толық сәйкестендіру.

Қазақстан көлемінде электронды құжат айналымының біртұтас жүйесін енгізу мемлекеттік органдарда толықтай іске асып жатқанын, оның әрбір азамат пен мемлекеттік органдар арасындағы іскерлік байланысты, түсіністікті, өзара қызмет әрекеттерінің табысты жүруіне кепіл болып отырғанын және болашақта оның ауқымы айтарлықтай кеңейе түсетінін  көреміз.

Қазақстан сияқты жер көлемі кеңдеу, аймақтық басқару органдары шалғай, оған қоса күрделі мемлекеттік басқару деңгейлерінен тұратын ел үшін бір сатылы электрондық үкіметтен гөрі, өзара ықпалдастырылған екі немесе бірнеше деңгейлі электрондық порталдар арқылы мемлекеттік қызмет көрсету анағұрлым тиімді болмақ. Маңызды ескеретін жағдай – өркениет жетістіктерін, электрондық үкімет құру бағытындағы озық тәжірибелерін басшылыққа алуды ойластырып, ақыл таразысына салып, ұлттық ерекшеліктеріміз бен саяси дәстүрлерімізге бейімдеп қолданғанымыз жөн. Даму жолында ұлттық рухани құндылықтарымызды, ұлттық бірегейлігімізді құрбандыққа шалып жіберсек, онда бұл келер ұрпақтың алдындағы кешірімсіз қылмыс болар еді.

Әлемдік нарықтағы қарқынды бәсекелестік ортадағы мемлекеттің саяси экономикалық тұрғыдағы беделінің жоғары болу үшін қоғамдағы сапалы ақпараттық ресурстарға қол жетімділікті, сол ақпараттық ресурстарды пайдаланудағы сауаттылықты қалыптастыру болып табылады. Әлемдік рынок қатынасындағы мемлекеттің беделі, бәсекелестік деңгейі жеке дара азаматтардың ақпаратттық рынок сегменттерінің жаңалықтарын тез игере білуімен байланысты екенін ескеру қажет.

Мемлекеттік және жергілікті басқарудағы ашық, демократиялық басқару тетіктерінің табысты жүзеге асуына негіз салатын электронды үкмет қазіргі уақытта елімізде кең таралып, қала, ауыл тұрғындарының ақпаратқа қол жетімділігін қалыптастыруда. Бұл еліміздің отыз дамыған мемлекеттер қатарына ену бағытындағы қажетті саяси және экономикалық көрсеткіштеріміздің еселеп артуына негіз болатынын ашып айту қажет.

---

1 Ларин М. В. Актуальные проблемы обмена документированной информацией в государственном управлении // Документация в информационном обществе: унификация и стандартизация межведомственного и корпоративного документооборота. Доклады и сообщения IX Международной научно-практической конференции, 5—6 декабря 2002 г. М., 2003. 351 с.

2 Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы // adilet.zan.kz/kaz/docs/U010000573_
3 ҚР Президентінің 2004 жылғы №1471 Жарлығымен «Қазақстан Республикасындағы «электрондық үкімет» қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» // adilet.zan.kz/kaz/docs/U010001471_
4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 сәуірдегі N 430 қаулысымен бекітілген Электрондық құжат айналымы ережесі //adilet.zan.kz/kaz/docs/P040000430_
5www.e.govce.kz/index.php/kz/component/content/article/24-tsifry-i-fakty/media-relizy/42-v-astane-nachalas-konferentsiya-sistema-elektronnogo-dokumentooborota-trebovaniya-vremeni

## Аты аңызға айналған қазақ батыры – Бауыржан Момышұлы

Мақпал Сыздық –
1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор О.Х. Мұхатова

Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 69 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Қаншама батырларымыздың ерліктерінің талай ғасырлық ізіне куә бола отырып, ерліктің мадақталуы тек Ұлы Отан соғысы жылдары ғана ойға оралған тың тақырып еместігіне дәлел бола алады. Міне, осы алапат соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, дұшпанмен аяусыз айқасып, жеңістің жеделдеуіне себепкер болған батырларымыздың бірі даңқты қолбасшы, Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған батыры - Бауыржан Момышұлы.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында туып өскен. Имаш бабасы 1911 жылы 92 жасында дүниеден өткен. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашқан, кирил алфавитімен оқуды меңгерген сол кезеңдегі көзі қарақты адамдардың бірі

болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал болатын. Имаш атасы қартайған кезінде барлық шаруашылықты Момыш ұлына табыстаған. Әжесінің есімі - Қызтумас, қартайған шағында ағайын-туыс "сары кемпір" деп атаған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі. Алты жасқа келгенде әкесі Момыш Бауыржанды орысша оқыту үшін өзінің танысы Гончаровтардың үйіне әкеледі. Осылайша бір жыл Евгеньевка селосында сауатын ашқан соң, Жамбыл қаласындағы Аса интернатына оқуға келеді. Бұл жерде 3 жыл оқып сауатын ашқан соң, бастауыш мектепті бітіреді. 1924 жылы Шымкентте ашылған жеті жылдьқ мектепке түсіп, оны 1928 жылы тәмамдайды. Айта кететін жағдай, ол осы жерде Әбділда Тәжібаевпен бірге оқиды /1/. 1928 жылы оқуды бітіріп келген соң, сол жылы Орынборда ашылған Қазақ Педагогикалық институтына оқуға келеді. Бірақ ауа райының қолайсыздығына байланысты оқымай кері қайтады. Бұның себептерін Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман – диалогында ашып көрсетеді.

Елге келген соң мектепке мұғалім болып орналасып, онда 2 жыл жұмыс істейді. Одан соң аудандық атқару комитетінің секретары болып еңбек етеді. Бұл қызметі 3 жылға созылады. 1932 жылы қарашада военкоматқа шақырылады. Әскери қызметті Термезде өтеді. Жауынгерлік тапсырманы орындай жүріп, үздік қызыл әскер атағына иеленді. Алғашқы әскери ұстазы - Николай Редин. Әскери қызметін аяқтап, 1933 жылы қыста елге оралады. Өзінің бұрынғы қызметі өнеркәсіп банкіне келіп, кен істері жөіндегі аға экономист болып тағайындалды.

1936 жылдан қырықыншы жылдардың соңына дейін Қиыр Шығысқа әскери қызметке аттанады. Сол жақта аға лейтенант шеніне қол жеткізеді. 40-шы жылдардың басында Киевке полк штабының бастығының бірінші көмекші болып қызметке келеді. Округ командашысы Г. К. Жуков, оперативтік бөлімнің бастығы полковник И. Х. Баграмян болған. Бауыржан Момышұлы Житомир қаласындағы 406-полк штабы бастығының бірінші көмекшісі болып барады. 1941 жылдың қаңтарынан бастап, Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін республика әскери комиссариатында аға нұсқаушы болады. Соғыс басталғаннан соң осында жасақталган 316-атқыштар дивизиясында батальон командирі болып алынды.

Енді 316-атқыштар дивизиясының құрылу тарихына келер болсақ, казак станицасы Талғарда 1941 жылдың 13-шілдесінде Қазақстан мен 1942 жылы 2-қазанда - подполковник болды /2/. 1942 жылы ақпанда 1075-атқыштар полкының құра мындағы екі қазақ жауынгері – Төлеген Тоқтаров пен Мәлік Ғабдуллинді Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынып, Бауыржан Момышұлы осы полктегі қызметін аяқтап, өзінің 1073-атқыштар полкының командирі болып кетті. 1943 жылы 15-қарашада Бауыржан екінші рет жараланды. Бір жарым айдай госпитальда жатып, екі айлық демалыс алып, Алматыға келеді. Демалыстан кейін Москваға келіп, К.Е.Ворошилов атындағы Жоғарғы Әскери Академия жанындағы білім жетілдіру курсын 1944 жылы қазанда жақсы деген бағаға бітіріп шықты. Содан кейін 1 - Балтьқ майданына келіп, дивизия командирі болып тағайындалды. Атақты И.В.Панфиловтың

дивизиясында ол алдымен батальон, гвардиялық полкты кейіннен 9 - қызыл тулы гвардиялық атқыштар дивизиясын басқарды. Ленин орденімен, екі Қызыл Ту ордені, 1 – дәрежелі Отан соғысы орденімен және бес медальмен марапатталған. 1942 жылдан бері КПСС мүшесі болған. Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысынан кейін Бас Штабтың Жоғарғы Әскери Академиясын бітірді. Қызыл армияның әскери академияларының бірінде әскери-педагогикалық іспен айналысты. 1956 жылы денсаулығына байланысты запасқа кетеді. 25 жыл өмірін Қызыл Армия қатарында қызмет етуге арнайды. 1956 жылдан бастап өзін әдеби қызметке арнайды. Бұл қызметі үшін «Құрмет белгісімен» марапатталады. Шығармашылық жұмысқа ол өзін-өзі өмір бойы дайындап өткен. Қанды соғыс жылдарының өзінде-ақ, ұрыс пен қызметтен бос кезде ол күнделік жүргізіп, сурет салды, әңгіме, мақала және өлең жазды.

Соғыс жылдары орталық газеттердің беттерінен әскери педагогикалық, тақырыптағы мақалаларымен көрініп жүрді. Панфилов дивизиясының бүкіл даңқты жолымен бірге өткен Бауыржан Момышұлы бұл дивизияның биографы болды. 1948 жылы жазушылар одағына мүшелікке алынды. Бұлай деуіміздің себебі: біріншіден, осы дивизияның атын шығарған Москва қорғанысы туралы батыр «Москва үшін шайқас» романын жазса, екіншіден, А.Бек батыр өмірін дивизия өмірімен ұштастыра отырып, «Волоколамск шоссесін» жазып шыққан еді. Бұл екі шығарма да Панфилов атындағы 8-гвардиялыщ дивизия тарихына, ерлігне арналған ірі шығармалар болып табылады. Екінши шығарманың жазылу тарихы туралы айтатын болсақ, Ә. Нұршайықовтың романында бұл шарт көрсетілген.

Бауыржан Момышұлы соғыста екі рет ауыр жараланып, бес рет қоршауға түсіп, 207 рет жорыққа қатысқан. 1941 жылдың 26-қарашасында Бауыржан Момышұлы 1073 - атқыштар батальоны командирлігне тағайындалады.

1941 жылдың қарашасында генерал И. В. Панфиловтың басқаруындағы дивизия Волоколамск тас жолын корғап тұрды. Жаудың 2 - танктік, 29 - маторлық, 11 және 110-жаяу әскер дивизияларын талқандап, 900 неміс солдаттары мен офицерлерінің көзін жойды. 1941 жылы 19-карашада майдандағы берілген әскери жарлықтарды үлгілі орындағаны үшін 316 - атқыштар дивизиясы Қызыл Ту белгісімен марапатталады. Ал 18 - қарашада Халық Қорғаныс комиссариатының 316 - атқыштар дивизиясына И.В.Панфилов атындағы 8 - гвардиялың атқыштар дивизиясы атағын беру туралы жарлығы шығады /3/.

1941 жылы желтоқсанда жау Москвадан алыстатылған соң 8 -гвардиялық атқыштар дивизиясы И. М. Чистяковтың басқаруымен Қазақстаннан жаңадан келген әскери құрылымдармен өз қатарын толықтырған соң, Великолуж операциясына қатысу үшін Калинин майданына Валдай қаласына әкелінеді. 1942 жылы қысқы шабуылында Бауыржан Момышұлы өз жауынгерлерімен жаудың СС «Өлі бас» [Мертвая голова] дивизиясын талқандап, 1200 жаудың көзін жойып және жол торабын өз қолына алады. осы шайқастар нәтижесінде дивизия жаудың 83 - жаяу әскер дивизиясын талқандап, 3 – таулы-егер дивизиясына, 218 - жаяу әскер және 20-мото дивизиясын айтарлықтай шығынға ұшыратты, 13 300 неміс солдаттары мен офицерлерінің көзін жойды. Ерен ерлік

үлгісін көрсеткені үшін дивизия командованиесі Москва түбіндегі қорғаныс пен қарсы шабуыл үшін 805 адамды атаққа ұсынса, олардың 31-ін Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынған еді.

1944 жылы Бауыржан Момышұлы Бас Штаб академиясының қысқа мерзімді курсын бітіргеннен кейін 1945 жылы 25-қаңтарда 9-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып тағайындалды. 9 -гвардиялық дивизияның әскери жорық жолына келер болсақ, 1945 жылдық басында Бауыржан Момышұлы 1-балтық бойы майданының құрамындағы 9 -гвардиялық атқыштар дивизиясын баскаруға көшті. Дивизияға Приукеле станциясын жаудан тазарту тапсырмасы берілді. Осы дивизияны басқара жүріп соғысты аяқтады. Берлинді бағындырған кезде Бауыржан Момышұлы Курляндиядағы немістерді тазартумен айналысты.

1945 жылы 9 - мамырда соғыс аяқталганнан кейін, қыркүйекке дейін Балтық әскери округінде сол 9 - дивизияның командирі болып тұрды. Содан кейін Москваға ГУК құрамына шақырылды. 1946 жылдың қаңтарынан бастап К.Е. Ворошилов атындағы 1-дәрежелі Суворов орденді Жоғарғы Әскери Академияның тыңдаушысы болды. Және осы академияны жақсы деген бағамен бітіріп шықты. Сол жылдың аяғына таман, Сібірге бригада командирінің орынбасары болып келді /4/.

Содан тура бір жылдан кейін Тыл және Жабдықтау әскери академиясының Жалпы тактика мен оперативті өнер кафедрасына аға оқытушы болып тағайындалды. Баукең қатардағы әскери профессор болған. Осы Калинин қаласындағы Әскери Академияда сабақ беріп жүрген кезде тактикадан алты, стратегиядан тоғыз еңбек жазған. Сол үшін аға оқытушылықтан ординарный профессор дәрежесіне жоғарылайды.

Өзінің жазушылық қызметі туралы Баукең: «Мен қаршадайымнан қазақ фольклорының тұнығын кешіп өстім. Есейе келе Абайды оқыдым. Ұлы Отан соғысы секілді өмірдің ұлы мұхитынан өттім. Кітаптан оқығандарым сияқты өмірден көргендерім де құпия қазына болып жүрегімніц бір түпкіріне жинала берсе керек. Онық үстіне бас Штабтың Академиясында оқыған жылдар мені жазушылыққа мүлдем жақындатып кетті. Менің жазушы болуыма игі ықпал етіп, әсерін тигізген төрт фактор осы. Олар: қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті, өмір және әскери академия»- деп айтып өткен екен.

Отставкаға шыққанннан кейінгі Бауыржан Момышұлының коғамдық кызметінің ең бір елеулі тұсы - ол кісінің Кубаға сапары. 1963 жылы қарашада Гаванаға жалғыз өзі келеді /5/.

Бауыржан Момышұлының әскери өнері 1956 жылға дейін созылды.Ол взвод командирі қызметінен гвардиялық дивизия командирі шеніне дейін көтерілді 1956 жылы отставкаға полковник шенімен шығады. Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағы 1990 жылы желтоқсанның он бірі күні Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Президенті М. С.Горбачевпен жарлығы бойынша беріледі. Батырдың көрсеткен ерліктеріне қарамастан Батыр атағы неге кеш берілген деген сұрақ бүгінде осы жайдан хабардар әрбір азаматтың көкейінде тұрары сөзсіз. Сол сұрапыл соғыс жылдарының өзінде-ақ батырға қатысты жасалған әділетсіздікке күйініп осы мәселені козғаған азаматтар да

болған екен. Осы мәселе туралы 1944 жылы 17 - шілдеде 8 - гвардиялық атқыштар дивизиясының бұрыңғы командирі, гвардия полковнигі Серебряковтың КСРО Жоғарғы Кеңесінің президиумы мен Қазақ КССР Жоғарғы Кеңесінің президиумына хат жолдапты. Бұл жерде Баукең туралы айта келіп: «Батальон командирі кезінде Бауыржан Москва тубіндегі 1941 жылғы маневрлі корғаныс кезінде 27 ұрысқа қатысты. 5 рет дивизиядан ажырап қоршауда қалды. Атап айтқанда: 1941 жылы 26 - қазанда Момышұлы жолдас, оң жақ рубежде болған табан тірескен ұрыстардан кейін қоршаудан шығып, Волоколамск қаласына 690 адамды, 18 артиллерия жегінін, 30 пәуескені аман-есен алып келді. 35 километрге созылған аралық рубежде ұйымдасқан түрде ұрыс жүргізе отырып, жау қоршауын бұзып өтіп, дивизияға келіп қосылды. 1941 жылдың 27 - қазанынан 1941 жылдың 15 - қарашасынан дейінгі барлық ерліктері үшін генерал Панфилов 1941 жылы 7 - қарашада аға лейтенант Момышұлын Ленин орденіне ұсынған еді. Сол наград қағазының тағдыры осы күнге дейін мәлімсіз болып кетті./6/

1941 жылы 16 - қарашадан 20 – қарашаға дейін Момышұлының батальоны Волоколамск тас жолының бойындағы Горюны деревнясы ауданында, Матренино теміржол станциясында тағы да қоршауда қалды. Осы ұрыстарда батальон 600-дей гитлерліктерді, жаудың 6 танкісін жойды. 20 - қарашада қоршауды бұзып шығып, дивизияға қосылды.

Лопастино - он үйлі деревнясы маңында 1941 жылы 25 - қарашада Момышұлы 1 ПТО, екі минометстанокты пулеметпен қаруланған жарты взвод солдаттарды бастап дұшпан тұрағына түнде шабуыл жасап, 200 неміс солдатын жойды. Оның бұл ерлігі де ескерусіз қалды.

1941/26/11-дан 1941/7/12 дейін аға лейтенант Момышұлы 1073 атқыштар полкының командирі болды.

1941 жылы 5 - желтоқсанда Момышұлы жаралы болды. «Енді шегінерге жол жоқ полкта адам аз қалды, не керсем де полкпен бірге көремін» деп ол ұрыс даласын тастап кетуден бас тартты, сөйтіп, 7 - желтоқсанға дейін жаралы күйде полкты басқарды. 1942 жылдың қысқы шабуылында капитан Момышұлы жолдас бір жарым батальонды өзі басқарып «Кубас» СС дивизиясына түнде шабуыл жасады...

Момышұлының жоғарыда аталған жауынгерлік еңбектерін ескере отырып, мен 1942 жылы тамызда оған Кеңес Одағының Батыры атағына марапат қағазын толтырып берген едім. Одан да күні бүгінге дейін ешбір хабар-ошар болмай кетті. /6/

Момышұлының Отан үшін еткен ерліктері тек бұл ғана емес. Мен солардың тек басты-бастыларын ғана алып, КСРО ордендерінің статусына сәйкес, Момышұлы жолдасты өздеріңіз лайықты деп тапқан наградамен атап өтуді өтінемін.» -деген хатының нұсқасы бар. Бауыржан Момышұлы - Кеңес Одағының Батыры, халық батыры, жазушы. Ол қазақ, орыс тілдерінде төгілтіп керемет шығармалар жазды. Атақты жазушының «Ұшкан ұя», «Бір түннің оқиғасы», «Москва үшін шайқас» тағы басқа көптеген шығармалары талай ұрпактың үлгілі - өнегесіне айналады. Ұлағатқа толы «Ұшқан ұя» романы 1976 жылы Мемлекеттік Сыйлыққа ие болды./8/

Бауыржан Момышұлының атының аңызға айналуы оның батырлығына ғана емес жазушылық талантына да байланысты. Оның әскери таланты 1941 жылы Москва түбіндегі шайқаста айқын көрніді, себебі ол осы шайқаста аға лейтенант шенімен алды батальон, кейін полк басқарды. Армия генералы И.М. Чистяков Момышұлы туралы «И.В.Панфилов оның асқан батырлығы мен өжеттігін бағалайтын. Москва түбінде оның батальоны бірнеше күн қоршауда қалып, полкпен байланыс үзіліп, жаудың саны көп әскерімен шайқасты. Қырғын шайқастарда гвардиялықтар жаудың екі тәулік ішінде 400-ден аса фашистің көзін жойды, олардың Волоколамск тас жолына шабуылын тойтарды, ал кейін орманда маневр жасап, қоршау шеңберін бұзып шығып өз полкына қосылды. Осы шайқастан кейін Панфилов Момышұлының батальонын өз жанында резерв ретінде ұстады және өте қиын шайқастарға жіберді.» - деп жазды. Соғыстың соңғы кезеңінде дивизия баскарған Бауыржан Момышұлы өзін оперативті ойлай алатын, шайқасты өте шебер ұйымдастыратын, қанды шайқастарда дивизияны батыл басқара алатын сауатты қолбасшы ретінде керсете білді. Ол дивизия басқарған тұңғыш әрі жалғыз қазақ болды /9/. Көптеген әскербасылар тек қана гвардия полковнигі болып қалған Бауыржан Момышұлын оқып үйренді. Олардың барлығы батырға қатысты жасалған әділетсіздікті білді. Бірақ ол Бауыржан Момышұлына тежеу, бөгет бола алмады. Себебі, тарихқа атағы бойынша емес, сіңдірген еңбегі бойынша енеді. Оны халқы батыр атады, бұл халқының сүйікті ұлына тірі кезінде берген бағасы болмақ «Асқар тау алыстаған сайын асқақтай береді» дейді халық даналығы. Осы ұлы сөз Бауыржан Момышұлына арналып айтылғандай. Бауыржан Момышұлының асқақ бейнесі халық жадынан ешқашан өшпек емес.

1.Әкімбайқызы Ш. Ұлықтауға лайық тұлға. // Астана ақшамы. 2000-21 қараша
2.ҚР ОММ. 1432-қор, 3-тізбе, 321 –іс, 54 п
3.Нұршайықов Ш. «Аңыз бен ақиқат» // Алматы қаласы
4.ҚР ОММ. 1432-қор, 2-тізбе, 332-іс, 15 п.
5.Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной Войне (1941-1945гг). Алматы, КазГосИздат., 1958
6.ҚР ОММ. 1432-қор, 1-тізбе, 43-іс
7.Провал Гитлерского наступления на Москву. – Москва, 1966
8.Момышұлы Б. Куба әсерлері. Сапарнама. – Алматы, 1965
9.Бaратқызы А. Қазақта батыр көп, бірақ Бауыржан біреу-ақ. //Алматы ақшамы. 2000-10 қазан.

## XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш зиялылары және тәуелсіздік мәселелері

Манаш Талғатбек -
3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор О.Х. Мұхатова

Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихындағы XX ғасырдың алғашқы ширегін «Саяси күрестермен рухани жаңару кезеңі» деп айтуға әбден

болады. Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің аса үлкен ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің беталыс, бағдарларынан әбден хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялыларының үркердей озық ойлы тобы шықты. Олар қазақ елінің Еуропа мемлекеттерімен салыстырғанда, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени тұрғысынан өте артта қалғандығы Ресей патша үкіметінің отарлық саясатының әсерінен екенін толық түсінді. Сондықтан қазақ халқын өзге дамыған мемелекеттердің қатарына қосу үшін білім ала отырып, өзге мемлекеттердің саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуына ықылас қоя отырып, қазақ халқын осындай деңгейге жеткізу үшін саяси-күрес аренасына шықты. Олар саяси күрестің бірінші кезеңін еуропаша білім алу деп түсінді. Қазақ халқының ел билігін ұстаған басшылары оқимын деген жастарды барынша оқуға жұмылдыра білді. Біздің өлкемізде Салық Омарұлы – Сырым батырдың шөбересі Өлеңті болысының управителі болып тұрған кезінде Жаһанша Досмұхамедовты оқытуға көп қаражат жұмсаған, сондай-ақ Қуанай хазіретінің баласы - Ғабдол-Ғалымның Бағдатта діни оқу орнын бітіруіне де көп көмегін тигізген. Тағы сол сияқты өлкеміздегі жастардың білім алуына көмек қолын созған, қаражатпен қамтамасыз еткен озық ойлы адамдар мол болған.

Ғасыр басындағы Алаш арыстарының ой-болжамдары мен мақсат-мүдделері бүгінгі ХХІ - ғасыр тоғысымен астарласып жатқандығын көруге болады. Алаштың бір тума азаматы М. Дулатов: «Қазағым менің, елім менің» деген мақаласында: Россияға тәуелді қазақ халқының «ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кекті тудырады», ...олар біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға ауыз салуда, ...қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып алуда..., - деп ашына жазды. [7] Кейіннен М.Дулатовтың «Жастарға» және «Біздің мақсатымыз» деген мақалалары жарық көрді. Қазақ зиялыларының басылымдары «Қазақстан», «Қазақ» газеттері, «Айқап» журналы және т.б. басылымдарда дүниеге келді. 1923 жылы А.Байтұрсыновтың 50 жылдық тойына арнап жазған мақаласында М.Әуезов былай деген: «1905 жылы Қарқаралыда Ақаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік хүкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: *бірінші* – жер мәселесі. *Екінші* – қазақ жұртына земство беруді сұраған. *Үшінші* – отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы і тілек қылған ірі мәселелер – осы. Ақаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған».[8] Ойымызды мақамдай келе, қазақ зиялылары І және ІІ Мемлекеттік Думаның мәжілістерінде де көтерген ойларын ашық қоя білгендігін тарихтың өзі дәлелдейді. ХХ ғасырдың басында біздің өлкеміз сауда жолының негізгі торабына айналды. Ресей патша үкіметі Жайық өзенінің бойында бірнеше әскери бекіністер салып, Ресеймен аралықта темір жолдар салып, қазақ жерінің шикізаттарын өз мемлекеттеріне тасып, пайда тауып жатты. Орал қаласы және Батыс Қазақстанның шекаралық белдеулері Ресей мемлекетімен сауда-саттық

байланыстарын орнатты. Бұл сауда-саттық қазақ халқына байлық қаражатын әкелмесе де, алдағы уақытта қазақ жастарының білім алуы қажеттігін көзі қарақты, озық ойлы адамдары түсіне бастады. Қорғаныссыз елінің қамын ойлап, бастарын қауіп-қатерге тігіп, бес облыстан жиналған қазақтың зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ж.Сейдалин, Бақытжан Қаратаев, Жетісулық Барлыбек Сыртанұлы, Торғайлық Міржақып Дулатов 1905 жылы желтоқсанда Оралға келіп, саяси ұйым құруға байланысты мәселені талқылауға қатынасады. Осылайша, Орал қаласында саяси ұйым құруға әрекет жасаған, «Қазақ конституциялық демократиялық» партиясын құру жөніндегі әрекеттері мен қажырлы еңбектері ізсіз кеткен жоқ. Бұл 1917 жылғы құрылған Алаш партиясының бастау көзінде тұрған оқиға болды. Қазақ халқы үшін ХХ ғасыр «тар жол, тайғақ кешулерден», соқтықпалы, соқпақсыз жерден тұратын, отызыншы жылдардан басталып, елуінші жылдарға дейін жалғасқан сталиндік геноцидті қамтитын зұламат дүние мен талай жетістікке жеткен қуанышты қамтиды. Ойлап отырсақ қазақ елінің басына бұл ғасырдың тартқан сыйы мен тартуы да мол, қайғы мен қасіреті де аз емес. Қаншама қиындықты бастан өткерсе де, еліміздің бар мақсаты халық болып бірігіп, тәуелсіздікке қол жеткізу болатын. Сан түрлі ұлт пен ұлыстан біріккен еліміз азаттыққа ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында ғана әрең қолын жеткізді.

Тәуелсіздік туралы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: 1991 жылдың 16 желтоқсаны – Қазақ халқының, жалпы қазақстандықтардың жұлдызды сәті. Осы сәттен бастап біздің халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы орындалды. Қазақ халқы өзінің ата-бабасынан қалған ұлан-ғайыр жерінде өзінің тәуелсіздігін жариялап, оны барша әлемге жария етті. Бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңісті ХХ ғасыр басындағы «Алаш» арыстары да мақсат тұтқан. «Алаш» қозғалысының да түпкі мақсаты - біртұтас қазақ мемлекетін құру. Бұған Х.Досмұхамедовтың түрмедегі тергеушіге берген мына жауабы дәйек бола алады. Онда: «Қазақстан жағырапиялық жағынан біртұтас мемлекет ретінде басқарылуы тиіс. Барлық жоғарғы лауазымдар сайланып қойылуы керек. Егерде Кеңес өкіметі саяси еркіндік жариялап, еркін партия құруға мүмкіндік берсе, оларға да осы талапты қою керек – дестік. Бұл бағдарламаға М.Тынышбаев екеуміз қандай үлес қоссақ, Жаһанша Досмұхамедов те сондай дәрежеде белсене қатысты»-делінген.[9] Алаш орда үкіметінің құрылуына тікелей түрткі болған, 1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Қазақ мемлекеттілігі туралы мәселе қаралған ІІ Жалпықазақ – қырғыз съезінің ұйымдастырушылары: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов болған. Съездге қазақ сахарасының әр аймақтарынан, Самарқан облысы мен Алтай губерниясындағы қазақтардың атынан – 58 делегат, әр түрлі қазақ ұйымдарының атынан – 8 делегат және арнайы шақырумен – 15 адам, ұйымдастыру комитеті съездге келген делегаттардың тізімінде барлық жиын-терісі 81 делегат тіркелінген. Көп дауыс алған Ә.Бөкейханов Алаш автономиясының өкіметі – Алаш орданың төрағасы болып сайланды. Алғашқы баяндаманы Ә.Бөкейханов жасап, ол жөнінде: «Алашорда бүгіннен бастап қазақ – қырғыз халқының билігін өз қолына алады» - деп қаулы

қабылдады.*[10]*. 1917 жылдың сәуір айынан бастап 1919 жылдың соңына дейін созылған ең қарқынды кезеңді Алашорда кезеңі деп атаймыз. Алаш автономиясын жариялаған, Алашорда үкіметін сайлаған Екінші жалпықазақ сиезі ұлттық мемлекет құрудың барлық қажетті атрибуттарын дүниеге келтірді. Алашорда кезеңі – ұлттық азаттық пен теңдікке деген сенімін нығайтты, осы жолда өзінің жеке басын ұлт пен мемлекет мүддесін жоғары қоятын күрескер жүздеген, тіпті мыңдаған қайраткерлерді қалыптастырды. Қазақ халқының саяси жағынан да, білім-ілім жағынан да, мәдени-әдеби жағынан да әлеуеті жоғары ұлт екендігін байқатты. Ел басқарудың, ғылыми мектеп қалыптастырудың, әскер жасақтаудың, шаруашылық жүргізудің, өнер игерудің үлгілерін көрсетті. Яғни, қазақ мемлекетін құру сәтсіздікке ұшырағанымен, жалпы ұлттың бойындағы мемлекеттілікке деген құлшынысты, елшілікті аңғартты. Осы Алашорда кезеңінде ұлт-азаттық қозғалыстың ауқымды бір бөлігі еліміздің оңтүстігін қамтыды. Түркістан автономиясының құрылуы – ұлт-азаттық қозғалыс тарихындағы ірі оқиға болды. Алаш зиялыларының бірлесе жұмыс істеу мүмкіндігінің болмауы - олардың ұлт мүддесі жолындағы қызметтерінің типтерін өзгертті. Бірақ Алаштың ең тұрлаулы, ең берік қайраткерлері мен қаламгерлері руханият саласындағы өздерінің қарым-қатынастарын үзбеді. Әлихан Бөкейханның Мәскеудегі қызметі, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған топтың Ташкенттегі қимылдары олардың қашан болмасын, андай жағдайда болмасын ұлтпен бірге екендерін паш етті. Алаш қозғалысының осы бесінші кезеңі сипаты жағынан алғанда саяси күрескерліктен мәдени-рухани өріске ауысқандығын байқатты. Бұл рухани кернеуі жоғары қазақ әдебиетін, өнерін, тілін, оқу-білімін, ғылымын күшейтті. Сондықтан оны Алаш қозғалысының рухани өркендеу кезеңі деп атаймыз. Рухани өркендеу кезеңі – ширек ғасырға созылған «Алаш қозғалысы» атты қазақ тарихының ең бедерлі, ең мазмұнды, ең өркениетті дәуірін қорытындылады. Сол тарихи кезеңде қоғам терең дағдарыстан өркениеті жолға шығу үшін тарихи тәжірибе көрсетіп бергендей, большевиктер ұсынған жолдан алаштық интеллигенция ұсынған жол анағұрлым тиімді және азабы кем еді. Өйткені, қазақ зиялылары ұсынған балама жол қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен, басқа өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі жетілдіре түсуді көздеді. Ең негізгісі, бұл жол қазақ еліне өзін-өзі билеуге, сөйтіп, өзінің ішкі қоғамдық мәселелерін өзі шешуге, өз жеріне өзі ие болуына мүмкіндік беретін жол еді. Әрине, мәселенің осылайша шешілуі қазақ қоғамы үшін сол даму сатысындағы барлық маңызды мәселелерді түгелдей жойылуы дегенді білдірмейтіні түсінікті. Бірақ, шынайы ұлттық мемлекеттің орнауы ғана ол үшш өркениетті дамудың алғы шарты болатын.

Кеңестік тарихнама алаштық интеллигенцияның тарихи роліне байланысты мұндай тұжырымға барғысы келмеді. Өйткені, мұндай тұжырымдама тоталитарлық жүйе идеологтары жасаған «қазақ қоғамының ішінде оны ортағасырлық мешеулік пен дағдарыстан прогресс жолына алып шыға алатын әлеуметтік күш болған емес, бұл тарихи миссия орыс

пролетариаты мен большевиктер партиясы үлесіне тиді» деген тұжырымға қайшы келетін еді. Қазақ демократиялық интеллигенциясы қазақ еліне өркениетті қоғамдық даму бағдарламасын ұсына отырып, өздері атқарып отырған істің тарихи мәнін жақсы түсінді. Ә.Бөкейханов 1917 жылдың жазында жазған мақаласында «кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере жүретін алдымызда зор шарттар бар», - деп жазды [11].[6, 210-б.].

Бірақ, қазақ елі 1917 жылы олар ұсынған жолға түсе алған жоқ. Ал большевиктер партиясы ұсынған даму жолы қазақ елі үшін азабы мол жол болды. Ол үшін қазақ демократиялық интеллигенциясының ешқандай кінәсі жоқ, туған елінің бостандығы үшін күрескен оның өзі де империялық зорлықтың құрбаны болды. Алашорда өкіметі қазақтың ұлттық мемлекетін құру жолындағы алғашқы, аса қажетті, өмірдің өзінің сұранысынан туындаған нақты қадам еді.

Бүкіл мағыналы өмірлерін халқының азаттық алуына, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтар соңғы демдері біткенше сол мақсат жолында күресті. Кеңестік үлгідегі Казақ автономиясы құрылған кезде, Әлихан Бөкейхановтың тікелей кеңесімен Әлімхан Ермеков Қазақ автономиясының территориясы туралы баяндама жасап, онда әр сөз бен сөз тіркесіне саяси, тарихи, ұлттық, экономикалық, мемлекеттік мағына мен астар берді. Әсіресе, қоныстанушылар қордалана орналасқан, қара топырақты солтүстік облыстардың шекарасын анықтауға және оларды қазақ жерінің құрамында қалдыруға жанкешті дәлелдер іздестірілді. Ал жер жөнінде, соның ішінде солтүстік облыстардың жер, экономика, шаруашылық, этникалық құрамы мен мәдени шоғырлануына баға беруде сол кездегі кеңес өкіметі ғалымдарының ішінде Әлихан Бөкейхановпен теңдесетін маман да, ғалым да, саясаткер де жоқтың қасы болатын. Одақтас республикалардың ғалымдары мен саясаткерлері Жер туралы заң мен қаулы-қарар қабылдар алдында Ә.Бөкейхановтың пікіріне жүгініп отырған.[16].[11]
Баяндамашы Әлімхан Ермеков Қазақ ревкомы мен Ұлттар жөніндегі халық комиссариатының ұсынысына жүгіне отырып: Астрахань, Урал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Закаспий, Самарқан, Ферғана облысы мен губернияларын қамтитын жалпы көлемі 3 467 922 шаршы шақырым жерді Қазақ республикасының құрамына беруді ұсынды. Көрсетілген жердің 81%-ын жан саны 5,5 миллион болатын қазақтар пайдаланатынын, бұл бүкіл тұрғындардың 54% - екенін атап өтті. Сөйтіп, 10 тамыз күні комиссия төрағасы А.З.Каменский барлық ескертулер мен ұсыныстарды қорыта келе: «Қазақ республикасын құру - шешілген мәселе, қорытындысы дайындалып, тиісті мекемелер өкімет билігін республиканың басқаруына берудің жолдарын қарастырсын»,- деп жариялады. Бұл үлкен жеңіс еді. Алайда бұл жеңісті тиянақты ету үшін автономияның территориясы мен тұрғындары туралы ұсыныстарды Лениннің алдында қорғап шығуы тиіс болды. Ленин мен Әлімхан Ермековтың көзбе-көз тілдесуінің нәтижесінде бүгінгі бүткіл казақ өңірі Қазақстанның құрамына мәңгілікке қосылды. Автономия мен территория мәселесі 14, 16-17 тамызда талқыланып, 24 тамызда тағы да Лениннің қатысуымен өткен ең соңғы шешуші мәжілісте түбегейлі бекітілді.[17].[12]

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарапынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - деп көрсеткен болатын [18].[13]. Тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ қоғамында ұлттық идея жөнінде әңгіме басталып, ол толастар емес. Бұл заңды құбылыс. Заңды болатын себебі, ұзақ уақыт отарлық құрсауында қамалған, егемендігін енді орнықтырған, жаһандану алдында тұрған халықтың есті ұрпағына ұлтын ұйыстырар идея керек болды. Осы жолда **қ**азақ халқының талай марқасқа ұландары «елім» деп еңіреп өткені тарихтан белгілі. Оның жолы қиын да күрделі, соқтықпалы-соқпақты болды. Басын бәйгеге тіккен талай арыстар осы жолда опат болды. Әрісін айтпағанда, сонау XX ғасырдың басында Алаш көсемдерінің басты мақсаты – туған халқын терезесі тең, тәуелсіз жұртқа айналдыру болған. Бірақ оның сәті түсе қоймады. Аузын айға білеп, әлемнің алтыдан бір бөлігін иемденген большевиктік империя адымын аштырмай, қан құстырды. Ес жиып, етек жапқан бүгінгі күнде *алаштық идея* саналы қазақ баласын, елжанды казақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі, Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты - ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқандығында. XX ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің пәрменді еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес. Оның дәлелі - тәуелсіз Қазақстанның барлық түкпіріндегі қазақ зиялы қауымының ісіндегі, ойындағы алашшылдық сана. Бұл алашшылдық сана уақыт жылжыған сайын қазіргі қазақ қоғамында тереңдей түссе, халқымыздың ұлттық өресі де биіктей бермек. Алаш зиялыларының қазақ даласында ұлттық идеяның ұйытқысы болғандығын тарихтың өзі растайды.

Алаш арыстарының өмір жолы, өмірбаянын, күрес жолын көрсетудегі басты мақсатымыз – 22 жылда мемлекеттіліктің негізін қаладық. Ендігі мақсат – мемлекетшілдікті, азаматтық сана сезімді орнату. Осы Алаш арыстарының қызметі соған үлгі, соған негіз болады деп ойлаймыз. Сонымен қатар, Тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ қоғамында ұлттық идея жөнінде әңгіме басталып, ол толастар емес. Бұл заңды да. Заңды болатын себебі, ұзақ уақыт отарлық құрсауында қамалған, егемендігін енді орнықтырған, жаһандану алдында тұрған халықтың есті ұрпағы ұлтын ұйыстырар идея іздемек. Бұл жөнінде қазіргі қоғамда әрқилы көзқарастар өріс алып отырғаны мәлім. Алаш қозғалысының тарихы отандық ғылым үшін қазақпен бірге жасайтын мәңгілік тарих. Ұлтының мәңгілігін ойлаған ұлы азаматтардың жүріп өткен жолын, ерлікке татырлық еңбектерін бағалау – бүгінгі ұрпақ үшін, ұлтымыз үшін ең қымбатты құндылық.

---

1.Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: «Санат», 1995. - 23-28 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда. - Алматы: «Ататек», 1995. - 156 б.

3. Марат Ескендірұлы Әбдешев. Алаш Орда министрлері. - Алматы: «Раритет», 2008. - 3-6 б.
4. Қозыбаев М. Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: «Қазақ университеті» 1992. - 68 -71 б.
5. Жұртбай Т. Алаш идеясы. – Астана, 2008. - 65-70бб.
6. Дүкенбаева З.О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы. – Алматы, 2003. 330 б.
7. Алаш-Орда: Сборник документов. - Алматы: Айқап, 1992. 191 с.
8. Бөкейханов Ә. Шығармалар. - А., 1994, 210б.
9. Алаш ақиықтары. Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. – Алматы: «Алаш», 2006. – 288 б.

## Международный договор как основной источник международного права

Джанель Таштамбаева -
магистрант 2 курса

Международный договор – это регулируемое международным правом соглашение, заключенное государствами и/или другими субъектами международного права. Для квалификации соглашения в качестве международного договора не имеет значения, заключено ли оно в устной или письменной форме, содержится ли такое соглашение в одном или нескольких документах. Статус международного договора не зависит от его конкретного наименования: соглашение, конвенция, устав международной организации, протокол. Международный договор может быть составлен в виде одного документа или нескольких документов (например, обмен нотами). Договор составляется либо на языках всех договаривающихся сторон, либо на одном или нескольких согласованных между ними языках. Договоры, заключаемые в рамках международных организаций, составляются на официальных языках этих организаций.

Договор может вступать в силу с даты подписания, либо предусматривать дополнительные внутригосударственные процедуры (ратификация и т. п.). Во втором случае он вступает в силу после обмена документами о выполнении таких процедур. Многосторонний договор, как правило, вступает в силу после сдачи на хранение депозитарию (министерству иностранных дел определенного в договоре государства либо секретариату соответствующей международной организации) документов о выполнении внутригосударственных процедур определенным числом государств. Впоследствии он вступает в силу для каждого следующего государства после сдачи им таких документов.

Различают «договоры-контракты» и «договоры-законы». Первые устанавливают взаимные обязательства сторон. Вторые устанавливают общие правила поведения, которые не основаны на взаимности. Типичный пример таких «договоров - законов» — договоры о правах человека.

Международные договоры являются одним из важнейших источников международного права. Вопросы, связанные с международными договорами, составляют самостоятельную отрасль международного права — право международных договоров. Основным источником норм этой отрасли является Венская конвенция о праве международных договоров 1969 года. Конвенция, однако, относится только к договорам между государствами и только к заключенным в письменной форме.

Главное в содержании договора, однако, и форма договора имеет значение. Таким образом, форма международных договоров бывает письменной и устной. Из определения понятия международного договора следует, что под действие Венских конвенций 1969 и 1986 годов подпадают договоры в письменной форме. Однако государства могут заключать договоры и в устной форме.

Основными элементами структуры договора является название договора, преамбула (вступительная часть), центральная часть, касающаяся содержания нормативного положения по существу регулируемых отношений, и заключительные положения (о порядке вступления договора в силу, способах толкования, прекращения и т.п.). Центральная часть международного договора в настоящее время обычно делится на статьи, а иногда на главы (Устав ООН) и даже на части (Чикагская конвенция о международной гражданской авиации 1944г.). В некоторых договорах статьям, а также разделам (главам, частям) могут даваться наименования. Эти подразделения часть имеют свои названия. Такая разбивка облегчает пользование текстом международных договоров, особенно если они имеют значительный объем. Юридическая техника в этом отношении требует, чтобы все подобные разделения служили целям лучшего уяснения содержания воли договаривающихся сторон.

Первым ее элементом является официальное наименование. Оно имеет существенное значение при определении объекта и целей договора. Наименование может быть полным и неполным. Последнее характерно для договоров в упрощенной форме, в которых указывается лишь название самого акта, например «конвенция о правовой помощи», все остальные сведения содержатся в преамбуле или основной части договора. Полное наименование состоит из названия самого акта, указания на его содержание, полного наименования сторон, например Договор о сотрудничестве в охране границ государств – участников Содружества Независимых Государств с государствами, не входящими в Содружество.

Если преследуется цель урегулировать в целом правовое положение того или иного органа или системы органов СНГ, то в названии документа СНГ применяются выражения: «Положение о …», «Устав …». При этом в названии такого документа не допускается употребление выражений «О вопросах …», «Вопросы …» и т. д. В названии проекта документа СНГ о внесении изменений и дополнений в другие документы приводится полное наименование документа, в который вносятся изменения и дополнения.

Следующим элементом является преамбула, представляющая собой вводную часть договора, в которой содержится целеполагание будущих его

участников. Как уже отмечалось выше, преамбула не является обязательной частью договора и ее отсутствие не влияет на юридическую силу договора, однако, по нашему мнению, ее отсутствие будет затруднять восприятие соглашения.

Преамбула, как правило, состоит из ряда составных частей. Рассмотрим наиболее полный вариант преамбулы. Преамбула начинается с наименования государств или органов, которым от имени государств поручено заключить договор. В преамбуле указываются не только мотивы переговоров, наименование договаривающихся сторон, уполномоченные и действительность полномочий, но и цели договора. Иногда в преамбуле содержатся и постановления нормативного характера. Наконец, встречаются случаи, когда преамбула содержит правила о восполнении пробелов в тексте договора. Международный договор может иметь те или иные примечания (дополнительный протокол, заключительный протокол, протокол подписания, обмен нотами или письмами при подписании договора, правила процедуры, регламенты, описание границ, списки товаров, правила технической эксплуатации и т.п.). В отличие от преамбулы, основной и заключительной статей, приложение составляет часть международного договора только в том случае, если об этом прямо не указывается в договоре или в приложении. Международный договор может представлять собой один документ или состоять из двух и более связанных между собой документов. Типичным примером может служить обмен нотами как форма соглашения обычно двух государств. Международный договор обычно скрепляется подписями уполномоченных лиц, в порядке так называемого альтерната и печатями. Важнейший элемент формы международного договора, посредством которого воля его субъектов получает ясное проявление вовне, - это язык. Именно в языке договора, его словесных формулировках в тексте выражается реальность воли и согласования, государственных воль в международном договоре. Отрывать, а тем более противопоставлять договор как соглашение и договор как текст глубоко ошибочно. Международный договор - и в этом одно из его важных отличий от международного обычая - существует лишь как соглашение, воплощенное в тексте. Момент согласования воль здесь четко фиксируется словесно. Сам текст международного договора, воплощающий соглашение субъектов международного права, есть главный непосредственный итог успешно завершившихся переговоров

Двусторонние договоры обычно составляются на языке обеих договаривающихся сторон. В этом случае договор составляется в двух экземплярах, каждый из которых содержит два соответствующих языковых текста. Тексты на языках обеих сторон имею одинаковую юридическую силу, или, как говорят, аутентичны, что часто указывается в договоре. Это имеет важное значение при толковании и применении международного договора, в случаях расхождения между разноязычными текстами, если иное не оговорено в самом документе. Если же никаких указаний на этот счет в договоре нет, то, исходя из принципа равенства государств, следует считать, что оба языковых

варианта являются одинаково аутентичными, хотя в процессе осуществления договора каждая сторона чаще всего руководствуется текстом на своем языке.

Наиболее важные многосторонние договоры составляются на распространенных языках мира: русском, английском, французском и испанском. Договоры, заключаемые в рамках ООН, обычно составляются на шести языках этой организации: русском, арабском, английском, французском, испанском и китайском, чаще всего в одном экземпляре, но иногда в трех. Иногда в договоре содержится специальное положение, что лишь определенный языковой текст должен считаться аутентичным. Многосторонние договоры по специальным вопросам могут составляться на языках лишь некоторых сторон с согласия других договаривающихся сторон. Так, уставы специализированных учреждений ООН составлены на английском и французском языках. Языки, на которых составлен текст международного договора, указываются в той его части, где определяется аутентичность и официальность текстов данного договора.

В настоящее время все большую роль в международных отношениях играют такие договорные акты, как заявления и коммюнике глав правительств и глав государств, в которых фиксируются результаты переговоров, соглашения по важнейшим политическим, экономическим и другим вопросам. По характеру и значению их можно поставить в один ряд с важнейшими политическими договорами. Таким образом, термин «договор» в настоящее время употребляется не только в узком смысле как одно из наименований, но является также понятием, охватывающим все различные наименования и виды соглашений субъектов международного права. Именно в таком смысле он употребляется в Венской конвенции 1969г. о праве международных договоров.

Необходимо отметить, что структура проекта должна обеспечивать последовательное логичное изложение содержания договора, способствовать правильному его пониманию и применению. Как правило, международный договор состоит из: наименования, соответствующего его содержанию (какого-либо юридического значения наименования договор, соглашение, конвенция, хартия, пакт, меморандум и т.д. не имеют); преамбулы (вступительной части), разъясняющей цели и мотивы заключения договора. Преамбула не носит нормативного характера, может содержать ссылку на международные документы, которые учитывались при его разработке; общей части, в которой дается определение применяемых терминов, области сотрудничества, его принципов, обязательств сторон); специальной части, определяющей отдельные вопросы сотрудничества, механизм реализации;заключительные положения (процедура вступления в силу, срок действия).

Заключительные положения могут регулировать процедуру внесения изменений и разрешения споров. Это необходимо, если стороны считают необходимым предусмотреть специальную процедуру. В противном случае действуют общие правила, содержащиеся в Венской конвенции о праве международных договоров.

Принятие текста международного договора выражается в особой процедуре голосования, посредством которой уполномоченные представители

государств высказывают свое согласие с формулировками текста договора. Форма принятия определяется как переговорами, так и заранее по соглашению сторон. Тексты двусторонних договоров и договоров с небольшим числом государств принимаются единогласно всеми участвующими в переговорах государствами. В настоящее время в связи с появлением большого числа государств тексты международных договоров на широких международных конференциях стали приниматься большинством в две трети голосов, если правила процедуры не предусматривают иного, например, простым большинством.

Текст международного договора на Генеральной Ассамблее принимается путем голосования резолюции об одобрении, к которой прилагается текст принятого договора.

Парафирование - это установление аутентичности текста договора инициалами уполномоченных договаривающихся государств в свидетельство того, что данный согласованный текст договора является окончательным. Парафирование может относиться только к отдельным статьям и применяться обычно при заключении двусторонних договоров.

Парафирование текстов договоров (проставление инициалов уполномоченных лиц на каждой странице согласованного текста) применяется только как способ подтверждения их аутентичности (равнозначности) на различных языках. В исключительных случаях парафирование может применяться для подтверждения окончательного характера текстов. При этом парафируется только текст (его часть), который без замечаний был согласован сторонами на переговорах и не выходит за рамки полученных полномочий. Об этом в обязательном порядке делается запись в документе, подготовленном по результатам переговоров.

---

1. Венская конвенция о праве международных договоров 1969 года //Национальный реестр правовых актов Республики Беларусь. - 2000.- №44. Венская конвенция о праве договоров между государствами и международными организациями или между международными организациями 1986 года //Ведомости Национального Собрания Республики Беларусь. - 2000.- №1-2.

2. О порядке ратификации и денонсации международных договоров: Постановление Межпарламентской Ассамблеи Евразийского экономического сообщества от 23 ноября 2001г. №1-17// Информационный бюллетень Межпарламентской Ассамблеи СНГ. - 2002. - № 28-ПР.

3. Захарова, Н.В. Выполнение обязательств, вытекающих из международного договора / Н.В.Захарова. - Москва: Наука, - 1987. - 140с.

4. Лукашук, И.И. Стороны в международных договорах: учебное пособие/ И.И. Лукашук.- Москва: Международные отношения, 1966. - 214с.

5. Ляхс, М.Н. Многосторонние договоры: учебное пособие / Под общ. ред. М.Н.Ляхс. - Москва: Международные отношения, 1960. - 320с.

6. Талалаев, А.Н. Международные договоры в современном мире. /А.Н.Талалаев. - Москва: Международные отношения, 1973. - 247с.

7. Талалаев, А.Н. Право международных договоров. Договоры с участием международных организаций/ А.Н.Талалаев. - Москва: Международные отношения, 1989. - 290с.
8. Шуршалов, В.М. Основные вопросы теории международного договора: учебное пособие для вузов/ В.М.Шуршалов. - Москва: Издательство Академии наук СССР, 1959.- 472с.
9. Заключительные статьи многосторонних договоров. Руководство. Издание ООН. 2004.
10. В. Н. Дурденевский, С. Б. Крылов. Организация Объединенных Наций. Сборник документов, относящихся к созданию и деятельности /Сост. – Москва: Государственное издательство юридической литературы, 1956. – 375 с.

## Латын әліпбиі– болашақ кепілі

Қажымұрат Төлегенұлы -
1 - курс магистранты

Адам баласы осыдан бес мың жыл бұрын жазу үлгісін тауып, ойы мен пікірін хатқа түсіре бастаған. Жазу құралдары мен материалдары ұқсас болмаса да, олардың озық арманы бүгінгі күнге келгенде құнды мұра ретінде мұражайларда сақталуда. Латын әліпбиі, әлемде кеңінен қолданылады. Б.з.б. 7 ғасырда да Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. 1 - ғасырында қалыптасты. Жазу оңнан солға немесе солдан оңға қарай (бруcтрофедон бойынша) жазылып, бағыты әрдайым алмасып отырған.[3.] Ал қазақ ұлты да ұзақ тарихи көшінде сан алуан жазуды қолданып келгені аян. Соңғы екі ғасырдың өзінде неше түрлі жазу үлгісіне ауыстық. Бүгінде "Латын әліпбиіне көшу керек пе?" деген уақыт талабы тудырған сауал алдымыздан көлденеңдеп шықты. Десе де, әлем халықтарының басым бөлігі латын әрпін қолданып отырғандығын жасыра алмаймыз. Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Беласу" атты кітабында: "Қытайда жергілікті диалектілер көп. Барлық қытайлықтарды біріктіретін – жазу. Егер олар бір нәрсені түсінбей қалар болса, иероглифті жазады да әңгімелері жарасып жүре береді."[1. 34б] дегені осының дәлелі. Қазақтың жайын қытаймен салыстыруға келмейді, тілімізде ұқсастық болмағанымен, біз жазу арқылы әлемдік өркениетке бағыт алуымызға болады. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы пікірталастар жүргізіле басталды. 2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл

жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек»[ 2] - деген болатын.

Әліпби, емле және оны реформалауға байланысты қазақ оқымыстыларының арасындағы пікірталас 1920 жылдан бастап көтерілді. Әліпбиге байланысты көзқарас, пікірталастарды бұқара арасына жариялап халық талқысына салып отырған «Еңбекші қазақ» газетінің орны ерекше болды. Аталмыш газетке екі топтың жүздеген мақалалары жарияланып отырды. Айталық, Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, М.Дулатов, Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Ахмет Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгеров, Н.Қаймекеұлы, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» т.б. және шетелдік Г.И.Бройдо, Н.Яковлев, Поливанов, Навширманов, профессор Ашмарин, профессор Жюзе, академик Бартольд, профессор Л.Жирков, профессор Б.Шобанзаде сынды ғалымдардың бірнеше мақалалары оған дәлел бола алады. Халық комиссарлар кеңесінің 1927 жылдың 19 қарашадағы шешімімен Жаңа қазақ әліпбиінің орталық комитеті құрылды. УІ шақырылған Қазақ АКСР ОАК ІУ сессиясы 1928 жылдың желтоқсанында бүкіл жерде латын әліпбиіне көшуді заңдастырды.[7. 114 -116 б.]

Қазақстан жаңа әліпбишілерінің өлкелік тұңғыш конференциясы (1928 жылы қаңтардың 9 – 12 күндері) болып өткен болатын. Бұл конференция Қазақстанның түбегейлі латын жазуына көшуіне деген нық қадам болды. Дәл осыдан 6 күннен кейін яғни, 1929 жылы 24 қаңтарда Қазақстан Орталық кеңес комитеті IV сессиясында «Латын әрпі негізінде құрылған жаңа қазақ әліпбиі Қазақстанда мемлекет әліпбиі деп саналсын» деген қаулы қабылдады.[6.]

1926 – 1928 ж.ж. аралығыдағы облыстардағы сауат ашу мәселесін жөніндегі статистикалық мәлметті Ораз Жандосұлы тілге тиек етті: Қостанайда жалпы мүше саны - 300, сауаттанған мұғалім: - 80, Ауыл мектептерінде жетісіне бір рет жаңа әліпби сабағы өтіп тұрады делінген. Оралда – 79 мұғалім, 23 – нұсқаушы, 15 әріп теруші жаңа әліпбиді үйренген. Ақтөбеде 18 – пионер бастығы, мәдениет майданы жорығына алған комсомолдардың бәрі, 40 – шамалы батырқ, 56 – мұғалім, 5 – ноғай үйренген. Қарсақбайда 63 мүшесі бар бір ұйым ашылған, Сол арада бір ауданда 51 мүшесі тағы бір ұйым ашылған. Ал жалпы әліпбидің ерікті қоғамдары 75, 45 мың 475 мүшесі бар. Өз бетісен қатынағандарды былай қойғанда көріс арқылы, мектеп арқылы ұйымдастыру істерімен танығандар 6 мың 300 адам. [8. 17 бет]

Жаңа әліпбиге көшу кезіндегі бөлініп игерілген және бөлінетін қаржы мөлшері: 1927 жылы 50 мың 169 сом ақша болса оның 50 мың 36 сомы жұмсалған.1928 жылы бөлінген қаржы көлемі 65 мың 475 сом, Орталық Жаңа Әліпби комитетіне 277 мың 88 сом, Округтік бюджтке 90000 сом бөлінген.[8. 19б]

1931жылы май айының 16 күні алматы қаласында ЦК НКА басшысы Исаев қол қойып мөр басылған мынандай қаулы шықты: «Решению правительство КАССР предлагают отныне прекратить сношение арабском алфавите краевым местными организациями объявить двухдекадный ударник полного перехода новый алфавт моблизовав печать общественность итоги телеграфьте ЦК НКА

10 июнья. Председатель СНК /Исаев/ » [9. 37 б] Дәл осы күннен бастап Қазақстанның барлық өңірлерінде арабша жазулар тоқтатылынған болатын. Дегенменде мерзімді басылымдарды араб жазуынан алатын жазуына ауыстыру бірден қолдарынан келмеді. Ол туралы Полиграфтест баспасынан шыққан газеттерден біле аламыз: 26 газет шыққан олардың латын және араб жазуларымен шыққандарын % есеп көрсеткішпен көрсетеді 8 - газет 100% латын, 3 - газет аралас 70 – 80 %, 4 – газет 40 – 50 % аралас жартылай араб, 5 – газет 25 – 30 % латын жазуында, 1 – газет 15 % ғана латын жазуында шығып отырған.[10. 44б] Латын жазуында сауат ашу мәселесі қазақстанда басқа облыстардан кенже қалып отырды оған дәлел Ғ. Тоғжанұлының 1928 ж сәуірдің 31 күні белгісіз газеттің 58 бетінде жариялаған «Жаңа әліпбиге жаппай көшуге кімдер қарсы» деген мақаласында берген мына мәлметінен біле аламыз: «Жаңа әлпбиге көшуге қарсылар отаршылдар, арабшы – ұлтшылдар, кер тартпа бюрократтар, кейбір жауапсыз камунисттер. Жаңа әліппемен сауаттанған қазақтар 858 мың, бұл жалпы қазақстанда тұратын қазақтардың 18 – 20 % құр.. Ал араб әрпін негізгі есеп ретінде алғанда хат танушылар 5 – 6 % қана еді. Басылған кітап саны 357. Көрші мемлекеттерде бұл жақсы көрініс тапқан. Татарстан 3 -4 жылда халықтың 60 % сауатанды, Өзбекстанда 2.000.000. адам сауаттанып, 1469 кітап шыққан » [10. 58б]

Қорыта келгенде, ел басымыздың 2050-халыққа жолдауында айтқандай 2025ж ҚР латын жазуына көшетінін айтқан болатын. Қазақ ұлттық жазуын латын графикасына көшіру реформасының мерзіміне келер болсақ тездету керек. Айта кетер бір жайт, біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты Қазақстанның латын графикасына көшу, не көшпеуін айқындауға бағытталмаған. Қазақ ұлттық жазуының негізі ретінде латын графикасына көшу туралы саяси шешімді қабылдау, осы орайда қай елдің тәжірибесін қолдану, реформаны қанша мерзімде жүргізу туралы мәселелерді Парламентпен келісе отырып, арнайы комиссияның қорытындысына сәйкес Үкімет шешеді. Осы негізде латын әліпбиін қазақ тілтанушы, тарихшы ғалымдармен келісе отырып шешім қабылдаған жөн. Латын әліпбиі мәселесіне көшу кезіндегі 1929 – 1928 ж.ж. мәселені қайта қарастырып, сол реформа арқылы қазіргі таңдағы жаңа әліпбиге көшуді жеделдету. Тарихи тұрғыдан алғанда Қазақ зиялылары арасындағы әліпби мәселесі жөніндегі қарама – қайшылықтардың себебін анықтай отырып оларды, сол кезеңдегі кеңестік идеологияның қатаңдығын байқай отырып, түпкі мақсаты қазақ мәдениетін әлсірете жою екенін көрсету.

Түркі тілдес елдердің латын графикасына көшу реформаларына зерттеу жүргізу арқылы Қазақстан үшін осы елдердің әліпби реформасының жағымды жақтарын алып, латын графикалы әліпбиге көшудің қазақстандық моделін жасаудың болашағы зор. Іріктеп қолданатын тәжірибе ретінде Түркияның халықты жаңа жазуға үйрету әдістемесі мен тілді үйренудегі патриоттық сананы тәрбиелеу идеологиясын, Әзербайжанның – мемлекеттік тіл мен әліпбиді ұлттық рәміздер қатарына қосу саясатын, латын графикасын білім жүйесі мен баспа ісінде қолдану технологиясын, жаңа жазуда классикалық әдебиеттерді көп данамен шығару тәжірибесін, Өзбекстанның - әліпби реформасы кезінде жүзеге асыратын іс-шараларды анықтауы мен

қаржыландыру көлемін белгілеу тәжірибесін қолданған жөн. Ал Түркіменстанның латын графикасына көшу реформасынан «бір дыбысқа – бір әріп» қағидатын қатаң ұстану тәжірибесін алудың лингвистикалық маңызы зор. Сонымен қатар, 1920-1940 жылдардағы қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру тәжірибесінің оң жақтарын да ескерген абзал.

---

1.Тоқаев. Қ. Беласу. Дипломатиялық очерктер. – Алматы: «Дәуір» , 2003 – 34б
2.Мәрия Майлықұтова. Арыстар бастаған әліпби дауы әлі шешілмей келеді//Алаш айнасы 23 сәуір 2012
3.Сайлан Б.С. Қазақстан жастарының 1920-30 жылдардағы сауатсыздықты жою науқанына қатысуы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. - 2008. - №1. - Астана: ЕҰУ. – 114 -116 б
4.Қазақстан жаңа әліпбишілерінің өлкелік тұңғыш конференциясы (1928 жылы қаңтардың 9 – 12 күндері) - Қызылорда , Қазбас. В.Ц.К.Н.Т.А, 1930.
5.ҚРОММ. Қ- 740,Т – 1,І – 9. 37 -58пп.
6.ҚРОММ. Қ- 740,Т – 1,І – 3. 1п.
7.Әріп мәселесі туралы айтыс.//Еңбекш қазақ. 1927 жыл 7 маусым.

## Ақ Орда атауы

Әйгерім Тұрсынова -
1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Б.Б. Кәрібаев

Ақ Орда хандығы тарих қойнауындағы ұлы да, қастерлі мемлекеттердің бірі. Өзінің аз ғұмыры болса да тарихтағы және бүкіл,адамзат өміріндегі рөлі айрықша болып саналады

Ақ Орда атауы ғылымда өзекті мәселелердің бірі. Жалпы адам, мемлекет немесе бір зат болсын, олардың әуелі есімі, атауы болады. Сондықтан қандай ел, халық болмасын олардың тарихи атаулары бар. Неге десеңіз, мысалы,бізге осы өзекті мәселелерді зерттемей жауып тастауға болады, алайда бұл дұрыс емес. Ертеңгі таңда тарихы жоқ мәңгүрт елге айналамыз. Қандайда ұсақ мәселе болсын, оның барлығы мемлекет, ұлттық тарих, халық үшін маңызды болып келеді. Ғылымда бұл талас өзінің шешуін табуын тілеймін. Өйткені ол біздің тарихымыз, ал оның бұлыңғыр, қате пікірлерге құрылуы келешек үшін өте қауіпті саналады. Сондықтан, менің ойымша, қанша жыл керек болса да, зерттелуі тиіс. Ақиқатқа көз жеткізуіміз басты мақсат етіледі.

Ақ орда мемлекеті туралы “ Қазақстан тарихы” атты еңбектің 2-ші томын оқығанда қатты ойланып қалдым, неге десеңіздер, ол жерде бұлай деп жазылады: “ Бұл аралықта сол мемлекеттің атауына тоқтала кеткен жөн, өйткені соңғы онжылдықтардағы әдебиетте ол туралы пікірсайыстар жүргізіліп қана қоймай, бұл мемлекеттің тарихи болғанының өзіне де күмән келтіреді”. Мені бұл сөйлемдер қатты тандырды, қанша жыл бойы білетін мемлекеттің тарихына қатысты басқаша көзқарас туғызды. Өйткені осы күнге дейін қанша еңбекті қарастырдым, олардың ішінен Ақ Орда тарихына қатысты көптеген

мәліметтерді кездестіруге болады. Сондай-ақ біз қалай ғана бұл мемлекет тарихта болмаған деп айта аламыз. Қанша ғасырлық тарихы бар Ақ Орда мемлекеті бар және оны ешкім жоққа шығара алмайды. Қоғамдағы адамдарға айтарым әуелі ештеңенің байыбына бармай жатып пікір айту оңай, ал бұның нәтижесі неге әкеліп соқтыратыны туралы ойлаңыздар. Өйткені оның зардаптары ауыр болуы мүмкін.

Әсіресе, тарихта бұрмаланған дүниелер көп, шешімі табылмаған сұрақтар қаншама болып табылады. Сондықтан тарихқа қатысты пікір ұсынсаңыздар ең алдымен ақиқаттылығына сүйеніңіздер. Қазір Ақ Орда атауы жоғарыда айтып өткенімдей көп пікірталас туғызады. Ол "Ақ Орда" немесе "Көк Орда" атауына қатысты.

Шынымен бұл мемлекет қалай аталады деген сұрақ туындайды. Менің мақсатым бұл мемлекетке қатысты жаңалық ашу емес. Тек ақиқатқа жеткім келеді. Яғни, Ақ Орда атауы туралы деректерді зерттеп,ен алдымен өзімнің қалаған нәтижеме жеткім келеді. Бұл мемлекет мені бұрыннан қызықтырады. Ал енді соған қатысты мақала жазуға мүмкіндік алдым. Ал, әрине, міндетім, алла бұйыртса, болашақ тарихшы ретінде тарихты зерттеуге үйрену, деректерді жүйелі түрде талдау және ең бастысы өзімнің бұл мақаланы жазудағы мақсатыма жеткім келеді.

Бұл сұрақтың жауабы мені қатты қызықтыра түсті, оған қатысты материалды іздеймін деп көптеген еңбектерге жүгіндім. Расымен, шешуі қиын жұмбақ тәрізді екен. Ақ Орда тарихына қатысты негізгі деректер. Му 'ин ад-дин Натанзидің, Қазы Аниид Гаффари Казвинидің, Хайдар Разидің, Әбілғазы Баһадүр хан мен Махмұд, Уәлидің, және тағы басқа авторлар еңбегінен кездестіреміз.

Тақырып бұрыннан бері зерттеліп келеді. Мысалы, Юдин В.П., Бартольд В.В., Қанат Өскенбайдың зерттеулерін айтуға болады. Қанша жылдар бойы бұл тақырып зерттеліп келеді, әлі де зерттеледі деп ойлаймын.

Сонымен, 14-15 ғасырларда деректемелерде Жайық өзенінен Батыс Сібір ойпатына дейінгі Қазақстан даласының, Сырдарияның төменгі және орта ағысын қоса алғандағы кең байтақ аумағы, яғни Орда- Ежен мен Шайбани ұлыстарының жері Ақ Орда деп түсінілген. Алтын Орда жай ғана" Орда" немесе "Еділ Ордасы" деп аталған орыс жылнамаларында Жайық өзенінің оңтүстік-шығысындағы далалық аумақ "Көк Орда" немесе "Жайық сырты Ордасы" деген атаумен көрсетілген, ал орыс жылнамаларында "Ақ Орда" ұғымы, тіпті, айтылмаған.

Әбілғазы Баһадүр хан "Шадражат ал-атрак" деген шығармасында Көк Орда туралы оншама нақты жазбай, былай дейді: "Айта кетелік, Жошы ханның мекен-жайы Дешті Қыпшақта, Көк Орда деп аталатыны елде болған". Жоғарыда Жошының Ордасы Ертістің сол жағында болғаны айтылады. Автордың айтуынша да, Көк Ордамен осы аудан сәйкес келеді. Бұдан кейін автор Ақ Орда туралы 13 ғасырда жазады. Осыған қарап Ақ Орда мен Көк Орда екеуі жеке мемлекет екенін көруімізге болады.

Әсіресе, Му'ин ад-дин Натанзидің Ақ Орда мен Көк Ордаға қатысты деректері шынайы болып саналады.

15 ғасырда Му’ин ад-дин Натанзи өзінің парсы тілінде жазылған “ Мунтанаб ат-таварин- и Му’ин” атты еңбегінде(кейде, “Аноним Искандера” деп те аталады) айтылады. Еңбекте Алтын Орда ханы Тохты ханнан кейін(1391-1312) Жошы ұлысы екіге бөлінді делінеді. Сол қанатқа, Ұлытау, Сегізағаш пен Қараталдан Түйсен жерінен Жент мен Баршыкент аймақтары Ноғай ұрпақтарына тиесілі болып, олдар Ақ Орда сұлтандары деп аталды. Ал оң қанат, Ібір-Сібір, Русь,Либка, Үкек,Мажар,Бұлгар,Башқұрт, және де Сарай-Берке жерлері Тохты хан ұрпақтарына тиесілі болып, Көк Орда сұлтандары деп аталған еді. Бұл пікірлерді бірқатар авторлар қолданған, олардың ішінде Қазы Ахмед Ғаффари (“Нусан-и джаханара”1564-1565 жылдарда аяқталған), Хайдар Рази(“Тарих-и Хайдар”,1618-1619 жылдарда аяқталған), “Тарих-и Шан Уәйіс” және басқа да авторларды айтуға болады. Сонда бұл жерден байқайтынымыз Му’-ин ад-дин Натанзи өз еңбегінде Ақ Орда мен Көк Орда сұлтандары деп жеке бөліп қарастырады. Расымен, бұл мемлекеттер бөлек екенініе тағы бір көзіміз жетеді.

Ал Юдиннің айтуы бойынша: “Кроме золотой Орды были Орды Белая, Синяя, Серая, Пегая, Машаева, Муратова,Заяцкая, Перекожская,Крымская, Белогородская, Золиская, Городецкая, Большая, Средняя, Младшая, Орда-Сотня, Ногайская, Казанья (Казацкая,Киргиз-Кайсацкая, т.е.),Каракалпакская, и др.

Шыңғыс хан және оның ұрпақтары жайында жазылған “Шыңғыснама” шежіресіндегі аңызда Шыңғыс хан Жошыдан туған немерелери Батый, Ежен, Шайбанды “Ақ Ордаға ”, “Көк Ордаға”, “Боз ордаға” кіргізеді. Міне, мүмкін осыдан болар Ақ Орда атауын Көк Орда деп атайды. Өйткені Өтеміс қажының жазуы бойынша алтын босағалы Ақ Орда Батыйға, күміс босағалы Көк Орда Орда Еженге, ал болат босағалы Боз Орда Шайбаниге тиесілі болды. Сонда неге атаулары бұлай өзгеріске түсті екен деген сұрақ туындайды.

Өтеміс қажының шығармасын зерттеуші Юдин В.П. анықтамасы, оның ізінше Бартольд В.В. берген баға(“Түгелдей аңыздық мүдде ”) бойынша осынау көрінеу аңыз әңгіме “ Ақ Орда ” мен “Көк Орданың” Жошы ұлысының қай бөлігіне жататыны және олардың қайсысы басты Орда екені туралы дауларда екінің бірі бірінде елеулі дәмелі болып табылады.

Деректемелерде Жошы ұлысының кейіннен орыс деректемелерінде “ Алтын Орда” атауын алған бөлігіне “Ақ Орда” атауының қолданылуы іс жүзінде кездеспейді. Жоғарыда айтқанымдай әлі де нақты пікір жоқ. Орыс құжаттарында ол әуелі суреттеме түрінде(“татарлар”), сонан соң көбінесе - “мемлекет держава” мағынасында “Орда” , сондай-ақ “Ұлы Ұлыс” деп аталған. Ұлы Ұлыс деген бұл атау Қырым жарлықтарында, Тоқтамыстың Ягайлаға хатында айтылған; ал орыс мәтіндерінде “Белая Орда” деп қате аударылған. Түпнұсқада бұл мемлекет “Ақ Орда” деген атауы жоқ, “Ұлы Ұлыс” бар.

“История Казакстана в западных источниках 12-20 вв.” еңбегінің 2 томынан алдым. Және қарап отырсақ, осы орыс тіліндегі деректе, Рашид ад-диннің, Әбілғазы ханның жазулары бойынша бұл мемлекеттер өз алдына жеке билік еткен ұлыстар немесе бөлек хандықтар. Бұл менің ойымды әрі қарай тереңдете түседі. Өйткені қаншама деректерде оларды бөлек мемлекет деп

көрсетеді. Ал әзірге мен неге Ақ Орданы Көк Орда деп айтатыны туралы тікелей дерек кездестірмедім.

Ал "Қазақ мемлекеттілігінің тарихы. Монографиялық зерттеу(ежелгі және ортағасырлық кезең)" атты еңбекте былай делінеді: "Аталған кезеңдегі Қазақстан тарихында Ақ Орданың алатын орны бөлек.Өйткені бұл мемлекет державадағы қазақтың өзегі болып табылады.Мемлекет Сырдариядан Алтайға дейінгі, Оңтүстік Орал бойынан Жетісуға дейінгі ауқымды қамтып, басында Орда Еженнің билігінде болды. Ақ Орда сырт көзге Алтын Ордаға қарасты көрінгенімен, саяси билік тұрғысынан дербес жүйе болатын" Бұл шығармада Алтын Орданы, Көк Орданы жеке мемлекеттер етіп көрсетеді. Бұл тағы бір мәрте сөзімізді дәлелдей түседі. Онда тарихымен қатар саяси тарихи және де аумағы көрсетілген, яғни , үш мемлекеттің территориялары айтылған. Ал бұл дегеніміз мемлекеттіліктің дәлелі болып табылады.

Сонда орыс деректерінен байқағаным Жошы ұлысының Қазақстанның шығыс бөлігінде Ақ Орда термині қолданылса, ал оны Ресейде Көк Орда деп атаған екен. Жұмашев Р.М.нің " История Казакстана с древнейших времен до наших дней" атты еңбегінен мына жолдарды көрсеткім келеді. Онда былай жазылған: "В связи с этими событиями, очевидно, связано изменение названия государства: ряд современных иследователей называют это государственное образование на территории Казакстана Кок Ордай(Синей Ордой). Видима первоначально владения Орда Ежена назывались Кок Ордой, а Шайбана – Ак Ордой (возможно Ак Ордой назывались и все владения Бату хана, включая и улус Шайбана). После вхождения улуса Шайбана в состав владений потомков Орды Ежена название "Ақ Орда "передано на все государство.

Бұл дерек басқаларымен салыстырғанда өзгешелеу сияқты. Дегенмен біраз шатастырып жібереді. Ойым жан-жаққа бөлінді, сонда кімдікі дұрыс немесе бұрыс екен. Ақ Орда атауы, расымен, күрделі мәселе болып табылады. Осы уақыт ішінде қаншама рет ойымды өзгертуге ұшыратты. Сонда бұл мемлекеттің атауы қалай екен деген сұрақ көкейімде тұрады. Ғылымда қайткен күнде де ортақ пікір табылады деп сенемін.

Жоғарыда мен Му'ин ад-дин Натанзидің осы Ақ Орда мен Көк Ордаға қатысты дерегін келтірген болатынмын. Енді сол дерек туралы Қанат Өскенбай былай деп жазады. Әрине, мен бұл деректерді қай тілде жазылса, сол тілде мысалға келтіріп жатырмын. Өйткені тікелей дерекпен танысқан дұрыс деп санаймын. Натанзидің өзі бізге белгісіз дереккөздерден алған, кейін ол барлық зерттеушілердің сүйенетін негізгі дерегіне айналады. Сонда ол деректердің тікелей авторы кім, неге ол Алтын Орданы екіге бөліп, бір бөлігі Ақ Орда деп, екіншісін Көк Орда деп атады. Әрине бұл сұрақтың жауабын еш уақытта біле алмаймыз. Дегенмен, бұл автор да деректерге сүйенген шығар. Бұл деректерді көптеген ортағасырлық зерттеушілер мен тарихшылар өз еңбектерінде пайдаланғанын көреміз.

Натанзидің "Ақ Орда" және "Көк Орда " атауларын жошы ұлысының сол қанаты мен оң қанаты жөнінде қолданылуының дұрыстығына алғаш рет Сафарғалиев М.Г. күмән келтірді. Ол "Ақ Орда " атауы – оң қанатқа, ал "Көк Орда" сол қанатқа қатысты болуға тиіс деп көрсетті. Бұғанмына

деректемелерді: Кутбтың "Хұсрау мен Шырынында"; "Му'изз әл-ансабта "; Әбілғазы Баһадүр ханда (Жошы қонысының Көк Орда да орналасқаны туралы) айтылуы; Тоқтамыстың орысшаға аударылған хатында "Ақ Орданың(бірақ түпнұсқада – "Ұлы Ұлыс") атауы негіз болатын. Оның жорамалдарын Федоров Г.А.- Давыдов қолдап, дамытты. Ақ Орда әулетінің негізін салушы Ноғай арасында қайталап бөлінгені туралы мынадай пікір айтты.: "Мұндай жағдайда Натанзи Ақ Орда және Көк Орда терминдерінің мағынасын дұрыс, бірақ қайталап бөлінген ұлыстарға ғана қолданған "Му'ин ад-дин Натанзидің қатесін Егоров В.Л., Юдин В.П.Сұлтанов Т.И., және басқалар түзетіп, сол қанатты "Көк Орда "деп, ал оң қанатты "Ақ Орда" деп атай бастады. Дәлелдер ауқымы кеңейді, аталған төрт деректеме мен Өтеміс қажының аңыз аңгімелерінің мәтіндерінен егжей-тегжейлі деректер келтірілді. Алтын Орда Ақ Орда және Ұлы Ұлыс деп атала бастады.

Махмұд пен Уәлидің "Бахр ал-асрар" еңбегінде Ақ Орданы Жүз Орда деп атайды. Ол Баһадүр оны қыстау мен жайлауға таңдап алады Әл Әбу-л Гази айтуы бойынша оны Алтын Орда ханы Меңгу-Темір Баһадүрге бөліп берген делінеді. Сонымен қатар "Шадражат ал-атран" Әбуль Газидің еңбегінде Ақ Ордамен бірге Көк Орда атауы дакездеседі. Жошы ханның ұлы Батыйдың жорықтарын баяндай отырып, хивиндік хан-тарихшы мынадай тұжырымға келеді: Жош6ы ханның резиденциясы Көк Орда болды, Дешті Қыпшақта орналасқан.[180,182 бб.]. Тағы ерекше атап өтуге тиісті жайт " Көк Орда" термині Меңгу- Темір ханның есімімен Муни мен Манидің "Фирдаус ак-икбан" атты шығармасында көзделеді.

Әрине , бұл деректер тағы ойландыра түсті. Жарайды Абу-и Гази мен Муни Аганидің келтірген деректері түсінікті. Ал неге Махмұд пен Уәли Ақ Орданы Жүз Орда деп атады екен, бұл түсініксіз болып келеді.

Бұл атауды қазақ жүздеріне жатқызу туралы пікірлер пайда болды (Сұлтанов Т.И., Федоров Г.А., Давыдов , Юдин В.П.). Сонымен бірге зерттеушілердің Натанзидің қателіктерін ұзақ уақыт бойы негіздегеннен кейін "Ақ Орданы біртіндеп Шығыс Дешті Қыпшақ " аумағына қайтарады.

Федоров Г.А. – Давыдов: Мұндай жағдайда [ бұл арада "Жүз Орданың" жүздермен байланысын айтқанда] "Ақ Орда" атауы қазіргі Қазақстан аумағына, яғни оң қанаттың Шайбани иелік еткен ежелгі ұлысының аумағына жатқызылған болып шығады, деген қорытындыға келеді. Сұлтанов Т.И. "Ақ Орда" термині Шайбани иеліктерінің негізгі бөліктерін құраған өңірге жатып, ал кейіннен бұл атау бүкіл Қазақстанға, соның ішінде Орда ұрпақтарының жұртына көшкен деп санайды. Шайбани мен Орда Еженнің екі ұлысының бір Ақ Орда мемлекетіне біріккені туралы Петров К.И. пен Пищулина К.А. жазды.

Ал енді жоғарыда келтірілген барлық мысалдарға қарап отырсақ, тағы да бір белгілі ғалымдардың бірі Трепавлов В.В. пікірін ұсынады.

Оң қанат (Ақ Орда) пен сол қанаттың (Көк Орда) нақ санай аталатын жаңа қанаттарға қайта бөлінгені туралы және Қазақстан аумағында жаңа "Ақ Орданың " пайда болуы туралы пікірді Трепавлов В.В. дамытты, ол жалпы ұлысының жақсы ойластырылған екі қанатындағы жоғарыда айтылған қайшылығымен кездескен еді. Қайшылық, атап айтқанда, оң және сол

қанаттарға түс белгілерін “Ақ” және “Көк” беруге байланысты, өйткені Әбілғазы мен Махмұд бен Уәлидің мәліметтері “ Ақ Орданың” Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болғанын айқын көрсетті: “Сарай ханы Меңгу- Темір” өзінің Ақ Ордадағы иеліктерін Шайбанидің ұлы Баһадүрге бере алмайтын еді. Дештіден тағы бір Ақ Орда іздеуге тура келді. Сөйтіп ол табылды.

Қанаттарға бөлінген маңғол ұлыстарының аумақтық- әкімшілік құрылымының бұлыңғыр жүйесіне зерттей келип, Трепавлов В.В. Бату ұлысының ғана емес , сонымен қатар Орда ұлысының да жаңадан “Ақ Орда” мен “Көк Ордаға” қайталап бөлінгені туралы қорытындыға келген. Шайбани де осы жаңа Ақ Орданы алған. Егер Көк Орданың қайталап бөлінуі туралы қағиданын, сондай-ақ Егоров В.Л.дың Жайық бойындағы болжамын қабылдар болсақ, Натанзидің нұсқасы дұрыс болып шығады. Азиялық көшпелілерде әлемнің тараптарын түрлі түстерге бояу кеңінен таралған: қызыл-оңтүстік, қара-солтүстік, көк-шығыс, ақ-батыс, сары-аспан; Түріктер мен маңғолдарда ең құрметті түс “көк”- көшпелілер ең басты өмірлік күш деп құрметтейтін көгілдір, көк және жасыл түс, аспан мен судың түсі болған.

Орда Еженнің немересі Көнші ханның ұлысымен жүріп өткен және ол туралы: “Олардың патшасы ешкімге бағынбайды ” деген Марко Поло (кітап 13 ғасырдың аяғында жазылған) оның иеліктерін Ақ Орда деп те, Көк Орда деп те атамайды.

18 ғасырдағы орыс тарихшылары Татищев В.Н., Щербатов М.М. еңбектерінде де Ақ Орда атауы кездеспейді. Тек қана Көк Орда аталады. Ал түсініксіздігі бұл жерде екеуі бір мемлекет етіп көрсетіліп тұрма, әлде Көк Орда жеке мемлекет ретінде көрсетіліп, Ақ Орда тарихта жоқ шығар. Жоқ, бұлай ойлау дұрыс емес, алайда тарихтағы бұрмалаушылықтар осындай жаңсақ пікірге әкеліп соқтырады.

“Ақ Орда” атауының алғаш рет ауызға алынды 14 ғасырдың 40-шы жылдарында болуы мүмкін. Сұлтанов Т.И. бұл жайтқа егжей-тегжейлі мәліметтер келтірген. Ақ Орда Тыныбектің әйелінің атына байланысты да айтылады. Бірақ дастанның 1340-1342 жылдары Сығанақта жазылғаны мәлім. Өзбек ханның өлген уақыты , Сұлтанов Т.И. келтірген мәліметтері бойынша, деректемелерде 742 жылғы шаввал(1342 жылғы наурыз-сәуір) және 743 жыл (1342 жылғы маусым-1343 жылғы мамыр) деп аталады. Дастан Өзбек хан өлгенге дейін жазылып, оны Кутб Өзбек хан өзінің ұлын Орда ұрпақтарының ұлысын бағындыру мақсатымен жіберген Сығанақтағы Тыныбекке тарту еткен болуы ықтимал, Кутбтың дастанын Зерттеуші Наджип Э.Н. осылай деген жорамал айтқан.Федоров Г.А.- Давыдов бұл жорамалды онша дұрыс емес деп санаған, өйткені ол кезде сол қанатта, яғни орда ұрпақтарының ұлысында Ерзен хан “ өте жақсы” билік еткен еді. Нақ осы Ерзен ханның 25 жыл бойы алдағыдай басқарғаны туралы Му’ин ад-дин Натанзи де айтады. Ал Лэн Пуль Стэнлидің мәліметтеріне қарағанда,1320-1344 жылдарда ‘’Шығыс Қыпшақта’’ Мүбәрәк-қожа билік еткен. Ұлыстардағы жағдайдың әрқашан тұрақты болмағаны туралы мәліметтердегі бұл аймақтың Сығанақта қайсы бір кезде Тыныбектің де болуын әбден мүмкін етеді.

Тыныбектің әйелі хан-Мелек міне сол жерде, Сығанақта Ақ Орда тағының көркі болуы ықтимал, ал шығыстың лирикалық дастандарына мейлінше тән.

Дегенмен, біз деректі шындық деп айта алмаймыз. Алайда осы мәліметтерді Қанат Өскенбайда өзгертулерінде келтіреді. Неге екен Ақ Орда атауы ауызға алғаш рет 14 ғасырдың 40-шы жылдарында алынды екендігі күмән тудырады. Ақ Орда тарихта 13 ғасырда пайда болды, сонда неліктен ол бір жарым жыл ғасырдан соң ауызға алынғанды деп айтылып жүр. Сонда бұны да тікелей нақты дерек деп айта алмаймын. Өйткені оған қатысты менде сұрақтар өте көп. Бұл тек Ақ Орда атауына қатысты жанама деректер деп саналады. Мүмкін, осы деректер үлкен рөл атқаратын шығар, дегенмен басқа мәліметтермен салыстырғанда өзгеше болып келеді.

Қорытынды. Түрлі сұрақтар бірінің үстінен бірі туындай түсті. Сонда да өз пікірім орнында қалды. Менің ойымша, Ақ Орданы Көк Орда деп кейде атауы Өтеміс қажының "Шыңғыснама" еңбегіне байланысты. Онда Батуға алтын босағалы - Ақ Орда тіктірсе, Орда Еженге - күміс босағалы Көк Орда тіктіреді, ал Шайбаниге - болат босағалы Боз Орда тігеді. Бәлкім, осыған байланысты болар, Ақ Орданы Көк Орда деп атайды. Мүмкін, тарихи алғашқы атауы солайда шығар. Дегенмен, Бату хан Алтын Ордада билік етті.Логикалық тұрғыдан қарасақ бұл Алтын босағалы дегенге тікелей сәйкес келеді. Орда Еженнің күміс босағалы Ақ Орда, ол Шайбанидің болат босағалы Көк Орда деген атаулары дұрыс сияқты. Өздерінің металдарына да сай келіп тұр. Сондықтан, екеуін бір мемлекет деп қате пікір. Екеуі де өз алдына дербес билік еткен мемлекеттер. Атауларын түстермен байланыстыруда дұрыс шығар. Жоғарыда келтірілген деректер шындық болар. Алайда мен өзімнің жеке пікірімді ұсындым. Ғылымда әлі күнге дейін ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Мүмкін, болашақ осы жұмбақтың шешуін білетін шығармыз, менің ойымша әлі де Ақ Ордаға қатысты еңбектер бар. Бірақ, оны мен де, сіз де білмейміз. Қанша уақыт болса да, ол әрі қарай зерттеледі, күндердің бір күнінде ақиқатқа жетерміз деп сенеміз. Әзірге бұл мемлекет Ақ Орда деп аталады. Және солай екеніне кәміл сенемін.

---


1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 2-том. - Алматы – «Атамұра», 2010. – 111-119 бб.
2. «История Казахстана в западных источников XII-XX вв» 2 т. (6. Кыпчакское ханство, Джуши и его сыновья. Золотая орда, Белая орда и Улус Шейбани). – Алматы: «Санат», 2005 г. – 141-142 бб.
3. «Қазақ мемлекеттігінің тарихы». Монографиялық зерттеу (Ежелгі және ортағасырлық кезең). – Алматы: «Адашар» ЖШС, 2007 ж. – 272-273 юю.
4. Өтеміс қажы. «Шыңғыснама» (Чингиз-наме). перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.Т.Юдина. Комментарии и указатели М. Ж. Абусеитовой). – Алма-Ата: Гылым, 1992 г. – 296 с. – 92-93 бб.
5. Махмуд бен Уәли. Бахр әл-арар//Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. – А-Ата, 1969 г. – С. 347.
6.История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Под.ред.Р. М. Жумашева. - Караганда, 2003.

7. Му Ин ад-Дин Натанзи. Мунтахаб ат-таварих – и Му Ини // Сборник материалов, относящихся к истории Золотой орды. I. II.
8. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.2 Пер.с перс. Ю. П. Верховского. - М-Л., 1960.
9. Бартольд В.В. Еще об анониме Искендера II Соч. I VIII. - М., 1973 г.
10. Егоров В. Л. Развитие центробежных устремлений в Золотой Орде II //Вопросы истории. 1974 г. №8.
11. Егоров В. Л. Историческая география Золотой орды в XIII-XIV в.в. - М., 1985.
13. Жуковская Н. Л. Категория и символика традиционной культуры монголов. - М., 1988.
14. Кляшторный С. Г , Султанов Т. И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. - Спб.2000.
15. Трепавлов В. В. Государственный строй Монгольской империи XIII в. : Проблема исторической преемственности. - М., 1993 г.
16. Юдин. В. П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI – XVIII вв. А. – А., 1983.

## Мұрағат құжаттарын жариялаудағы ресейлік тәжірибе

Гүлжан Умербекова -
1-курс магистранты

Мұрағат құжаттарын пайдалану соңғы 15 жылдың ішінде Ресейдің мұрағат мекемелері қызметінде өте жоғары мәнге ие. Бұл мұрағатшылар үшін қазіргі заманауи қоғамға мұрағат құжаттарының маңыздылығын айқындауға және осы мәселелерге байланысты проблемаларды шешу жолдарын көпшілікпен бірлесе отырып шешімін табуға әрекет ету, басты мақсат болып отыр.

1991 жылдан бері Федерациялық округтерінің мекемелерінде әр түрлі формада қолданылып келген зерттеуді және қоғамға ұсынылуы тиіс құжаттар жүйесі жиналып қалған. Осы кезеңнен бері қарайғы уақытта тарихи-мұрағаттық және деректанулық тематика негізінде ғылыми конференциялардың жиі өткізілу қарқындары байқалады, жоғары оқу орындары қабырғаларында, ғылыми орталықтарда конференциялар өте аз ұйымдастырылатын, және де мұрағатшыларға онда қатысу мүмкіндіктері де болмады. Көп жағдайда мұрағатшы емес, жай ғана қызығушы жеке тұлға ретінде ғана қатысуларына мүмкіндіктері болды. 1995 жылдан бастап Ұлы Отан соғысының 50 жылдығына орай ұйымдастырылған ғылыми-практикалық конференцияларда мұрағатшылар тарихшы-ғалымдармен бірдей дәрежеде қатысуға мүмкіндік алды. Халықаралық және аймақ аралық конференциялар өткізу тәжірибесі кеңейді [1].

90 жылдан бастап БАҚ –тың мұрағатқа және мұрағат құжаттарына деген қызығушылықтары өрши түсті, оның бір себебі, қоғамның тарихқа деген қызығушылығының артуы болып табылады. Дегенмен, көп кешікпей 90

жылдың аяғында бұл шарықтаған қызығушылық қайта бәсеңдей бастады. Бұл процесс 2005 жылға дейін жалғасын тапты. Осыдан байқап отырғанымыздай, мұрағаттық жобалардың БАҚ –та көрініс табуы бірде өрістеп, бірде төмендеп тұруын байқауға болады. Осы проблемалар В.И.Козловтың «Архивы России в зеркале средств массовой информации 90-х годов XX века» (Москва.2003). атты шығармасында айқын көрініс тапқан.

1991 жылдары Ресейдің барлық аймақтарында мұрағат құжаттары жарияланатын жинақтардың, археограф мамандардың болғандығы белгілі. Дәл осы кезеңде индустрияландыру, ұжымдастыру, аймақтардағы мәдени революция тарихы бойынша жарыққа шыққан, сонымен қатар, жарияланымға дайындалып жатқан бұл тарихи құжаттарға деген қоғамның сұранысы, қызығушылығы жоқ болды. Бірнеше жыл қандай тарихи құжаттарды жариялау тиімді, әрі қоғам үшін қызықты екндігін анықтаумен өтті. Мұрағатшылар тарихи-құжаттық очерктерді бұрындары баспаға шыққан библиографиялық таптырмас қазына саналатын төңкеріске дейінгі өлкетанушылардың еңбектерін жарыққа шығарды. Осының негізінде құжаттық археографиялық өңдеу мәні жоғала бастады, жарияланымдардың ғылыми мәні де жоғалды.

Бір қарағанда, Ресейдің мұрағаттарындағы құжаттық жарияланымдардың жандануына әсер еткен екі жағдайды байқауға болады. Біріншіден, ғылыми-тарихи және педагогикалық басылымдармен әріптестік. 1990 жылдың аяғында мұрағатшылар ірі ғылыми журналдармен, мысалы, «Исторический архив», «Военно-исторический архив», «Отечественные архивы» атты басылымдармен қатынасты жандандыра түсті.

Екіншіден, Росархивтің арнайы мақсатпен ұйымдастырылған ең жақсы істі анықтау, мұрағатшылардың фонд құрамына назар аударуға, сонымен қатар құжаттардың жариялану қарқынына әсер етті. Қазір аса бағалы істер жарияланымдары барлық археографиялық ережелерге сай фонд бойынша баспаға шығару үлкен мәнге ие.

1989 жыл Ресейдегі археография ғылымының қайта қалыптасу кезеңі болғандығын байқауға болады. Белгілі мәнге ие жаңа «Известия ЦК КПСС» атты журналдың шығуы, оның басым бөлігін бұрын соңды баспаға шықпаған мұрағат құжаттарын жариялауға арналды. Журналдың екінші саны үлкен сенсация туғызды. Мұнда СССР – да алғаш рет КПСС-тің XX съезіндегі Н.С.Хрущевтің «О культуре личности и его последствиях» атты баяндамасының тексті басылып шықты. Сол кезеңге дейін бұл баяндама бүкіл ұжымда талқыланатын аса маңызды бір тақырып болғанымен, баспаға шықпаған болатын. Басып шығарылған күннен бастап, бұл баяндаманы оқып өскен біршама ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тауып келеді [2].

«Известия ЦК КПСС»журналы өзінің үш жыл бойы қызметінде, өз кезеңі бойынша айтарлықтай бағалы, әрі үлкен мәнге ие лениннің кезеңіне байланысты жаңа құжаттар жүйесін жарыққа шығарған. Партиялық мұрағаттардағы аналогтық құжаттар «Вопросы истории КПСС» және «Коммунист» журналдарында жарияланып отырды. 1989 жылы жаңа ғылыми-танымдық «Родина» атты журнал шыға бастады, оның негізін құрушы РСФСР Жоғары Кеңесі болды. Бұл журналдың беттерінде әртүрлі мұрағаттардағы

деректер жарияланды. Уақыт өте келе құжат жарияланымының «дәстүрлі емес» тематикасы негізінде «Вопросы истории», «История СССР», «Новая и новейшая история» атты академиялық басылымдар қосыла бастады. «Жариялық» рухтағы жинақтар да пайда бола бастады: «Документы свидетельствуют. Из истории деревни накануне коллективизации. 1927-1932 гг.», «Кооперативно-колхозное строительство в СССР. 1917-1922 гг.», «Звенья» атты интеллигенция тарихы жайлы екі томдық тарихи альманах. Жаңа кезеңнің белгісі ретінде «Совет Министров Российской империи. 1905-1906 гг.» және «Дневники императора Николая II» атты басылымдардың пайда болуын айтуға болады [3].

1991 жылдан кейінгі кезеңде Ресейлік мұрағат ісінде болып жатқан жалпы жағдайлардың барлығы әдебиеттерде «мұрағаттық көтеріліс» деген атауға ие болды. Аналогия бойынша «археографиялық көтеріліс» жайлы да айтуға болады, өйткені археография аймағында күрделі өзгерістер болып жатты. «Археографиялық көтеріліс» сәйкесінше тарихи ғылымда, мұрағат ісінде, баспа ісінде болып жатқан процестердің негізінде туындады. Тарихи ғылым саяси-идеялық қадағалаудан босады, «тыйым салынған аймақтар» және міндетті концепциялар жойылды. Осының барлығы жаңа фактілерге яғни жаңа деректер мен олардың жариялануына сұранысты жоғарылатты. Кейбір топ ғалымдары негізгі мәселелер бойынша жаңа методология мен нақты концепциялар қажеттігін алға тартты, екіншілері- «ақ дақтарды» анықтау үшін нақты зерттеулер, үшіншілері-шынайы, түзетілген қосымша тарихты жаңа деректер негізінде кең көлемді анализсіз жасап шығару мүмкін еместігін айтты. Осы үш бағыттың барлығын дамыту қажеттігі туды.

СССР және Ресейде 1917 жылдан 2000 жылға дейін «Открытый архив-2» библиографиялық көрсеткіші бойынша, 5 445 құжат басылымға шыққан. 1996 жылдан 2000 жылға дейін 966 басылым шыққан, жалпы мөлшердің шамамен бесінші бөлігі. Осы кездегі археографияның негізгі даму бағыты қандай болды [3]? Біріншіден, классикалық советтік академиялық басылымдар өз жұмыстарын жалғастырды, мысалы, мына басылымдар: «Полное собрание русских летописей», «Письма и бумаги императора Петра Великого», «Восстание декабристов», «Декреты Советской власти», «Внешняя политика России», «Приказы Наркома обороны СССР» және т.б. Екіншіден, 1992-2005 жж. жаңа үлкен көлемді сериялық құжаттық басылымдар қолданысқа енді. Олардың қатарында «Политические партии России» (ол 2002 жылы ғылыми-техникалық бағытта Мемлекеттік премияға ие болды), «История Сталинского ГУЛАГа» 7 томдық, «Культура и власть. От Сталина до Горбачева» 6 томдық, «Совершенно секретно. Лубянка-Сталину» 8 томдық, «Трагедия советской деревни» 5 томдық, «Атомный проект СССР» 5 кітаптан тұрады. Үшіншіден, трансшекаралық аталынатын басылымдар шыға бастады, яғни белгілі бір тақырып бойынша, әртүрлі мемлекеттер құжаттарына негізделіп шығатын басылымдар: «Красная Армия в Австрии», «Мировые войны в истории XX века», «Катынь. Пленники необъявленной войны». (Соңғы жинақ кезінде болғандығы теріске шығарылған оқиғалар жайлы, 22 мың поляктықтардың СССР де атылғандығы жайлы құжаттар ЦК КПСС Саяси бюросының

мұрағатында терең жасырынған болатын, бұл «катынь құжаттарын» мемлекеттің бірінші тұлғасы ғана ашуға рұқсаты болды. СССР-дің соңғы «бірінші тұлғасы» М.С.Горбачев соңына дейін осы оқиғаға байланысты біршама құжаттарды тарихшылар тапқанына қарамастан, өзінде бұл құжаттар жоқ екендігін дәлелдеуге тырысты. Тек өзінің орнынан босаған кезде ғана, ол осы мәселеге қатысты құжаттар топтамасын Ельцинге тапсырды және бұл құжаттар әсерінен мемлекет аралық қатер туындауы мүмкіндігін айтқан.). Төртіншіден, соңғы жылдардағы құжаттық басылымдар ғылыми айналымға бұрын соңды белгісіз болған ақпараттарды енгізіп қана қоймай, бұрын жасырынып келген, сұраныста болмаған саяси идеологиялық ойлардың құжаттық жүйеде көрініс табуына ықпал етті. Бұл ең алдымен партиялық құжаттар келесі басылымдарда көрініс тапқан: «Протокольные записи, стенограммы заседаний и постановлений Президиума ЦК КПСС», «Лаврентий Берия», «Политбюро ЦК РКП(б) – ВКП(б). Повестка дня заседаний» және т.б. Бесіншіден, бейресми құжаттар жүйесін топтастырған басылымдар пайда болды. Күнделіктер, халықтың билікке жазған хаттары («Народ не молчал»), майдан хаттары («Ұлы Отан соғысының хаттары»), фотоқұжаттар («Российская империя в фотографиях») және т.б. Алтыншыдан, құжаттық басылымның жаңа типтері жасалынды, оны В.П.Козлов «тематическая каскадная публикация» деп атады. Оның мәні баспаға алынатын құжаттардың бір деңгейде емес, әртүрлі деңгейде екендігі. Жетіншіден, құжаттық басылымдарды дәстүрлі емес, технотрондық формада, заманауи технологияларды пайдалана отырып дайындап шығару процесі жүзеге асуда.

Соңғы 15 жылдың ішінде құжаттық басылымдар археографиялық дәрежеге сай өңделмей баспаға шыққан. Көптеген ғылыми емес конъюктурлық типтегі басылымдар әсіресе 1990 жылдың басында көбейіп кетті. Олар тіпті қарапайым археографиялық сұраныстарды да басшылыққа алмаған. Құжат жайлы ақпарат болмады, мұрағат ісінің сілтемесі болмады, кей жағдайда жалған құжаттар да баспаға шықты [5].

Құжаттық басылымдар ешқашан тарихи зерттеулермен бәсекелесе алмайды және олардың орнын алмастыра алмайды. Олар тарихи зерттеулердің негізгі ошағы болып табылады. Бұл негізгі ошақтың қаншалықты дәрежеде дайындалғандығы, мықтылығынан тарихшының тұжырымы тәуелді болады. Сондықтан, құжаттық басылымдарды дайындап шығаратын тұлғалардың жауапкершілігі жоғары дәрежеде болуы шарт.

---

1.http://www.rusarchives.ru/ Всероссийская научно-практическая конференция. «Архивоведение и архивное дело в России (1991-2005 гг.):осмысление пройденного» Москва, 19-20 апреля 2006 г.

2.Вяликов В.И. Архивное дело в период построение социализма в СССР. М., 1982. – 107 с.

3.Булюлина Е.В. Актуальные проблемы архивоведения. Учебное пособие. Волгоград 2008. – 92с.

**МАЗМҰНЫ**

Алғы сөз………………………………………………………………… 3
А. Әубәкір. Көне түрік дәуірінің соғды тілді ескерткіштері........................... 5
М. Абаков, А. Жунисбаева, Ж.Калышбаев. Автоматизация Ведомственного архива КазНУ им. Аль-Фараби……………………………………………… 9
Б. Жақсылық. Қазақ тілінде іс жүргізу: тарихы және проблемалары................ 12
Ш. Бақытжан. Мадиярлар тарихын зерттеу мәселелері....................................18
Ш. Бақытжан. Әлихан Бөкейханов және массондық қозғалыс........................23
І. Батырхан. Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы көтерілісі............ 28
С. Бекмұратқызы. Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы және ТМД-ның құрылуы...........................................................................................31
А. Доскараева. Иезуиттік орденнің құрылуы мен Қытайдағы миссионерлік қызметті........................................................................................ 36
Г. Жалмахан. Бөкей Ордасы тарихындағы Жәңгір ханның тұлғасы............... 43
А. Жуманбаева. Эволюция систем документации и ее особенности………… 47
А. Жунисбаева. Архивное дело Республики Корея………………………… 51
Ж. Кайратулы. Информатизация документооборота КазНУ им. аль-Фараби…………………………………………………………………….58
Д. Қалиев. Ономастикалық жұмыстың кейбір мәселелері…………………… 61
Д. Қалиясова. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы................ 67
А. Капсултанова, А. Сламжанова, А. Буркитова, М. Юсупова. Документационная служба Казахского национального университета имени аль-Фараби ……………………………………………………………………… 72

Қ. Қожанов. АҚШ және КСРО арасындағы «қырғи-қабақ соғыс» саясатының басталуы………………………………………………………… 81
М.Коломийцева. «Испанская» политика Тюдоров…………………………… 86
А. Кошербаев. Появление и внедрение электронных документов в Казахстане: из опыта зарубежных стран…………………………………… ……………… 91
Х. Құлшарова. Шыңғыс хан державасының түркілер әскери өнері және саяси құрылымымен байланысы және сабақтастығы................................................. 96
Ю. Лочи. Некоторые аспекты понятийно-терминологического аппарата социально-экономического документирования........................................... 104
А. Медеубек. Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі................... 107
А. Найманбаев. ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы Қазақстан аумағының территориялық межеленуі.............................................................112
А. Намазова. Көрнекті өлкетанулық библиограф..........................................116
А. Нартай. Көшпелі қоғамда мемлекеттіліктің қалыптасу мәселелері............119
Ш. Нұрлыбек. Хақназар ханның Қазақ тарихындағы рөлі............................ 126
Ю. Ошкина. Искусство III рейха……………………………………………… 136
Қ. Салимжанов. Аденауэр үкіметінің сыртқы саясаты..................................140
Ә.Сарманова. Құжаттаманы басқарудағы және құжаттарды ресімдеудегі жаңа талаптар..........................................................................................................146
А. Сарыбаева. Қазақстан Республикасында электронды құжат айналымының біртұтас жүйесін енгізу......................................................................................150
М. Сыздық. Аты аңызға айналған қазақ батыры – Бауыржан Момышұлы…..153
М. Талғатбек. ХХ ғасырдың бас кезіндегі Алаш зиялылары және тәуелсіздік мәселелері.........................................................................................159
Д. Таштамбаева. Международный договор как основной источник международного права……………………………………………………164
Қ. Төлегенұлы. Латын әліпбиі– болашақ кепілі................................................169
Ә. Тұрсынова. Ақ Орда атауы..............................................................................173
Г. Умербекова. Мұрағат құжаттарын жариялаудағы ресейлік тәжірибе…… 180